

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

Корейтану және жапонтану кафедрасы
«6M021000 – Шетел филологиясы»

Қолжазба құқығында

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

«ЖАПОН ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗІМДЕРДІН
САЛЫСТЫРМАЛЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ».

Орындаған мағистр Сауданбекова.Ш.Т. «27» маусым 2012ж.

Ғылыми жетекші проф. Е.Р.Садыгул «27» маусым 2012ж.
(PhD) докторы.

Қорғауға жіберілді:
Кафедра меңгерушісі проф. Д.Т. Балакаева «27» маусым 2012ж.
т.ғ.к. доцент



Алматы, 2012

Түйіндеме

Қазақ жапон тілдерінде фразеологияның сұрақ тудырау мәселелері көп. Тұрақты сөз тіркестері тек аталмыш екі тілде ғана емес, қай тілдің болмасын шұрайын, тіл байлығын арттырау ерекше сөздер болғандықтан, оны зерттеу, әсіресе салыстырмалы тіл білімінің нысаны ретінде қарастыру бүгінгі таңда ерекше маңызды.

Екі тілдегі тұрақты сөз тіркестерін, олардың өзара байланысты тұстары мен өзіне тән ерекшеліктерін зерттеудің негізі де осы. Тілдің фразеологиялық қорында орын алатын соматикалық фразеологизмдерді қазіргі заманғы антропологистикалық бағыттағы зерттеулердің басты нысаны ете отырып зерделеудің маңызы зор.

Резюме

Существуют много вопросов в фразеологизмах казахских и японских языках. Так как устойчивые выражения совершенствуют и обогащают любой язык, в особенности, исследование этих выражений очень важно в качестве объекта сравнительного языкознания.

Основой исследования являются устойчивые выражения, их взаимосвязь и особенность в казахском и японском языках. Также очень важно рассмотрение исследования современного антропологистического направления соматических фразеологизмов в языковом фонде.

Summary

There are many issues in phraseologisms Kazakh and Japanese languages. Since stable expressions improve and enrich any language, in particular, the study of these expressions is very important as the object of comparative linguistics.

The basis of the study is set expressions, and their relationship to feature in the Kazakh and Japanese. It is also important to consider the study of contemporary trends anthropological somatic phraseology in the language foundation.

АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР - «ТІЛ-АДАМ-МӘДЕНИЕТ» ҮШТІГІ.	
1.1 «Тіл-Адам-Мәдениет» үштігі аралық байланыстың тілтанымдық тұғыры.	13
1.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	31
1.3 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ АДАМ ДЕНЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	35
2. ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ ТІЛДЕРГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.	
2.1 Жапон тіліндегі фразеологизмдердің өзіне тән сипатты белгілері.....	46
2.2 Жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің классификациясы..	51
2.3 Жапон тіліндегі адам денесіне(аяқ,қол) байланысты қолданылатын фразеологизмдер туралы анықтама және сараптама.....	58
3. ЖАПОН ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.	
3.1 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	65
3.2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ АДАМ ДЕНЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫН ТАЛДАУ.....	68
3.3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ САЛЫСТЫРУ.....	72
ҚОРЫТЫНДЫ	75
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	79
ҚОСЫМША.....	82

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл магистрлік диссертацияда келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен пайдаланылған:

Канёку - Жапон тіліндегі фреозологизім, тұрақты сөз тіркестерінің атауы.

Денотат Өзара байланысқан, салыстырмалы тақырыптармен біріктірілген передикативті мағына немесе нақтыобъектілердің сезім ағзалары арқылы қабылданатын түсінігі.

Когезия Мәтіннің жеке бөліктері арасында болатын грамматикалық, семантикалық, лексикалық байланыстардың түрлері.

Метофора екі нәрсені құбылысты салыстыру және жанастырып жақындастыру негізінде жасалған кең мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Метонимия - троптың бір түрі (грекше ауыстыру, қайтадан атау) өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету.

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, халықаралық қатынастар жүйесінің дербес субъектісіне айналғалы әлемдік қауымдастықтың көптеген мемлекеттерімен дипломатиялық, экономикалық, мәдени, ғылыми, білім саласындағы байланыстар орнатты. Қазақстанның Азиялық Тынық мұхиттық бағыттағы екі жақты қарым-қатынас орнатқан елдері арасында Жапон мемлекетінің орны айрықша. Бұл тек «Күншығыс елінің» әлемдік экономикалық алпауыттар арасында алдыңғы орынды иеленіп, бізге көбірек инвестиция құя алатындығы ғана емес, осынау көне шығыстық өркениет мұрагерінің дәстүрге беріктігі, жаңаша озық технологиялар ортасында отырса да, ұлттық ренкін сақтауы, рухани діңінің беріктігі деуге болады. Екі елдің рухани байланысының даму деңгейін көрсететін мысалдар көп-ақ: Жапон – мәдени орталығының жұмыс атқаруы, Қазақстандағы көптеген жоғарғы оқу орындарында «Жапон филологиясы», «Елтану», «Аймақтану» мамандықтары бойынша жапон бөлімдерінің болуы, ел аралық студент алмасу бағдарламалары және т.б. Жапон филологиясы бізде толық зерттелмесе де, тіл білімі саласында үлкен назар аударылып отырған ғылыми мәселелердің бірі, себебі жапон тілін жетік меңгерген, аталмыш тілдің бай мұрасын терең білетін мамандар көп болуы елдің мерейін арттыра түсері анық.

Тілді этностың барша болмысымен тікелей байланысты адамзаттық құндылықтар жүйесінің құрамдас бөлігі тұрғысынан зерделеу – ХХІ ғасыр тілтанымдық зерттеулердің жалпы бағытын айқындайды. Жаңа ғасыр басындағы тілді зерттеудің теориялық – танымдық үдерісі «адам және тіл» проблематикасына «тілдегі адам факторы» тұрғысынан жаңаша келудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындап, зерттеудің жалпы мазмұнына кешендік сипат дарытуды міндеттейді. Осы орайда тілдің танымдық, әлеуметтік, мәдени феномен ретіндегі табиғи болмысын этностың күллі әлем туралы білімі бекитін «дүние бейнесімен» ұштастыра зерттеу – бүгінгі таңдағы антропоцентристік парадигма аясында өрістеп отырған тілтанымдық зерттеулердің өзекті де көкейтесті мәселесі болып отыр.

Ал жалпы тіл білімі саласында фразеология саласы ерекше, тілдік қорды байытып отырған сала және қазақ тілінде болсын, жапон тілінде болсын терең зерттелмеген тұстары көп ғылым саласы. Демек, екі тілдегі тұрақты сөз тіркестерін, олардың өзара байланысты тұстары мен өзіне тән ерекшеліктерін зерттеудің негізі де осы.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

«Тілді этникалық ой-таным мен ұжымдық тәжірибені қордалаудың құралы» деп тану [1, 3-16-б.] өз кезегінде сөздердің, фразеологиялық орамдардың, даналық қордың, қоғамдық-этикеттік мәнмәтіндердің мағыналық-мазмұндық құрылым-құрылысының терең астарына үнілуді, оларды «Адам-Табиғат-Қоғам» үштігі «елегінен» өткізіп, «адам және оның тілі» тұрғысынан «індетте» зерттеуді қажет етеді. Өйткені олар – тіл өкіліне «өз халқының басынан

кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға», «болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға» көмектесетін тіл фактілері. Әсіресе фразеологиялық бірліктердің «шындық болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарға байланысты пайда болған алғашқы мағынасы мен оның даму барысында абстракцияланып, адамға бағышталған ауыс мағынасы арасындағы логикалық, уәждік, семантикалық байланыстың, гомоцентристік үрдістің табиғатын айқындау» [2, 50-б.] «тілдегі адам факторын» зерттеуде ерекше мәнді болып саналады. Мұнда тілдің фразеологиялық қорында орын алатын соматикалық фразеологизмдерді қазіргі заманғы антропологистикалық бағыттағы зерттеулердің басты нысаны ете отырып зерделеудің маңызы зор.

Фразеология қазақ тіл білімінің әлі күнге дейін толық зерттелмеген, қыр-сыры толық ашылмаған тұсы десек, жапон тілінде де бұл саланың сұрақ тудырар мәселелері көп. Тұрақты сөз тіркестері тек аталмыш екі тілде ғана емес, қай тілдің болмасын шұрайын арттырар, тіл байлығын арттырар ерекше сөздер болғандықтан, оны зерттеу, әсіресе салыстырмалы тіл білімінің нысаны ретінде қарастыру бүгінгі таңда ерекше маңызды.

Елдігімізге ие болып, сана-сезіміміз құрсаудан босап, ғылыми кеңістікте де еркіндікке ие болғанымызға міне бақандай жиырма жыл, бұрын біз үшін тылсымы көп, құпияға толы болып келген шығыс өркениетін еуропалық көзқарастан таза, дербес көзқараста қараудың мәнге ие болған кезінде осындай зерттеу тақырыптарының өзектілігі күн санап арта түсуде.

Соматикалық фразеологизмдердің мазмұн межесін «адам және тіл» контексінде қарастыру — бір жағынан, қазіргі гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық интеграция үдерісіне сай келетін болса, екінші жағынан, екі ел арасындағы адамзат қоғамы дамуының көне дәуірлеріне қатысты концептуалды ұғым-түсініктерді қайтадан жаңғыртуға, сол арқылы адами құндылықтардың, жинақталған білім қорының бастау арналарын тіл фактілерінен іздестіруге жетелейтінімен өзекті.

Ғылыми зерттеудің дәрежесі: бітіру жұмысы тақырыбы жалпы тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, жалпы тақырыптың зерттелу деңгейіне тоқталғанда зерттеу жұмыстарын негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады.

- 1) Жалпы тіл біліміндегі фразеологияға қатысты еңбектер;
- 2) Қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық зерттеулер;
- 3) Жапон тіл біліміндегі фразеологияны зерттеуші филологтардың зерттеу жұмыстары.

Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарын сипатына қарай арнайы зерттеу жұмыстары және фразеологиялық сөздіктер деп үлкен екі топқа бөліп қарастыруға болады. Әрине, сөздіктер зерттеу жұмыстары емес деген мәселе туындауы мүмкін, бірақ, арнайы сөздіктер тек ұзақ жылдар бойғы зерттеу еңбектерінің нәтижесі екендігін ұмытпау қажет.

Фразеология деген термин [1, 559] негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Бірінші мағынасы тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы деген ұғымда қолданылады. Екіншісі – бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Фразеологияны жеріне жеткізе зерттелініп біткен тіл ғылымының саласы деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Соңғы жылдарға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттегендер тым аз болды. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде ғана зерттелініп келгендігі мәлім. Бұл саладағы ғылыми еңбектердің тіл-тілдегі фразеологизмдердің тұрғалық, мағыналық жақтарының күрделілігіне қарай, зерттеу әдістерінің бағыт-бағдары әр алуан.

XX ғасырдың 40-50 жылдарында В.В.Виноградов еңбектерінде фразеологияның негізгі ұғымдары, құрылымы, міндеттері анықталды, сондай-ақ, орыс тілінің фразеологизмдері семантикалық жағынан алғаш рет топтастырылды [2, 211], Оның идеясын Н.М.Шанский ары қарай дамытты [3, 84].

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап түркі тілдерінде филологияның проблемалары әжептеуір зерттелініп, бірқатар еңбектер жарық көрді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (10 томдық 1974, 1976, 1978, 1979, 1980, 1985, 1986), Әсіресе, академик І. Кеңесбаевтың (1977, 1996, 2008), жылы оның көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде жарық көрген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегін тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркітануға қосылған елеулі үлес деп айтуға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» туралы бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Аталмыш еңбекте қазақ фразеологиясының дербес сала екендігі, фразеологизмдердің сөз бен мақал-мәтелге қатысы, фразеологизмдердің түрлері, стильдік ерекшеліктері, дыбыстық үйлесімділігі т.б. мәселелері қарастырылған. Сондықтан, қазақ тілінің фразеологиясын зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекке соқпай өте алмайды. Себебі І.Кеңесбаев қазақ тіл білімінде фразеологияның негізін салды [4].

1988 жылы Х.Қожақметова, Р.Е.Жайсақова, Ш.О.Қожақметова 2300-ден артық фразеологизмдерді қамтитын орысша-қазақша сөздік шығарған. [5] Онда қазақтың ұлттық менталитетін, ерекшелігін білдіретін, көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын айқын, мәнерлі фразеологизмдер орыс фразеологизмдерімен салыстырылып берілген.

1989 жылы М.М.Копыленко мен М.Балақаевтың жетекшілігімен дайындалған орысша-қазақша фразеологиялық сөздікте өздеріне тән тұрақтылығы немесе идиомалылығы жағынан тәуелсіз болып табылатын 4200-ден аса лексемалық тіркестер қамтылған [6, 1106].

Ал Г.Смағұлова болса қазақ тіліндегі қазақ фразеологизмдерінің мағыналық топтарын зерттеуге көңіл бөледі. Ол өз еңбектерінде қазақ тіліндегі мағыналас фразеологизмдердің ұлт мәдениетін танып білуде алатын орны мен қызметін зерттеу нысаны етіп алған. Мағыналас фразеологизмдердің ұлт

мәдениетіне қатысын, тмағыналас фразеологизмдердің тақырыптық, мағыналық және құрылымдық түрлерін, стильдік саралануын, қолданылу ерекшеліктерін ашу арқылы анықтауға болатынына назар аударылған. Еңбекте ұлттық мәдениет, дүниетанымды зерделеу үшін маңызды фразеологиялық деректер талданған. [7, 192-193]

Ә.Болғанбайұлы мен Б.Қалиұлының «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты 1997 жылы жарық көрген еңбектерінің де қазақ фразеологиясын зерттеуде алатын орны ерекше.[8]

Ал жапон тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуге арналған еңбектерге келсек, орыс жапонтанушылары И. В. Головнин мен В. С. Гривниннің 1973 жылы Мәскеу университеті баспасынан жарық көрген «Жапон филологиясы мәселелері» атты еңбегінің «Жапон тілі фразеологизмдерінің тұрақтылығын классификациялаудың негізгі ерекшеліктері» деген бөлімінде жапон тіліндегі «фразеологизм» термині туралы, аталмыш терминнің шығу тегі туралы, жапон фразеологизмінің негізгі ерекшеліктері туралы, оларды классификациялауға жақсы талдау жасалған. [9] Егер еңбекте жапон фразеологизмдерін орыс фразеологизмдерімен салыстыра зерттегенде жұмыстың ғылыми құндылығы одан да арта түсер еді.

Жапон тіліндегі еңбектерге келсек, «日本通史。慣用句・諺の謎にこだわる本» кітабының пайдасы зор болды. Мұнда жапон тілінің фразеологизмдерінің түсіндірмесі, анықтамасы қарапайым жапон тілінде беріліп, әр фразеологиялық тіркеске мысал бере отырып, өте жақсы жазылған.[10,196]

«森田良行著。日本人の発想・日本語の表現» атты кітапта жапон тілі фразеологизмдеріне қолданылатын негізгі сөздер туралы, жапон тілі фразеологизмдеріндегі компоненттерінің орын тұрақтылығы туралы айтылған. [11]

Орыс жапонтанушысы М.Ф.Вордудьдің еңбегі де жоғарыда аты аталған орыс ғалымдарының еңбектерін толықтыра түскен, жапон тұрақты сөз тіркестерін кең көлемде зерттеген еңбек болып табылады. [12]

Мерзімі жағынан беріректе жарық көрген П.С.Тумарин еңбегінің де жапон тұрақты сөз тіркестерін танып-білуде алатын орны ерекше.Еңбекте қазіргі ауызекі жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестері зерттелініп, басқа жанрлардағы фразеологизмдермен салыстыра қарастырылған. [13]

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ және жапон тілдеріндегі адам денесіне байланысты фразеологизмдердің өзіндік сипатын анықтай отырып, бір-бірімен салыстырып,сөйлемде қолданылуы мен мағынасына қарай өзара ұқсастықтарын ресей және жапон ғалымдарының еңбектеріне сүйене отырып айқындау зерттеуге ұсынылған мәселені анықтау зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады.

Осы мақсаттың мүддесінен шығу үшін зерттеуде төменгі міндеттерді шешу көзделді:

- қазақ тіліндегі фразеологизмдер және олардың өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталу;

- қазақ тіліндегі фразеологизмдерді құрамына, сипатына қарай топтастыру, классификациялау;

- қазақ тіліндегі фразеологизмдердің компоненттеріне құрамдық, құрылымдық талдау жасау;

- жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестрінің сипатты белгілерін айқындау;

- жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін құрылымы, мазмұны жағынан жіктеу;

- жапон тіліндегі адам денесіне қатысты тұрақты сөз тіркестерін талдап, қолданылуына байланысты жіктеу.

- жапон және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жасау, атап айтса:

- жапон және қазақ тілдеріндегі адам денесіне қатысты фразеологизмдердің өзара ұқсастықтарын табу;

- жапон және қазақ тілдеріндегі адам денесіне қатысты тұрақты сөз тіркестерін лингво мәдениеттану тұрғысынан салыстыра зерттеу.

Зерттеудің нысаны – қазақ жапон тілдерінің фразеологиялық қазынасындағы соматикалық фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымы, жалпы жапон және қазақ тілдеріндегі адам дене мүшелері қолданылып айтылатын тұрақты сөз тіркестерінің ұқсастықтары, өзіне тән белгілері.

Зерттеу пәні – қазіргі тілтанымдық зерттеулерде басшылыққа алынатын «тілдегі адам факторы» антропологиялық ұстанымы негізінде адамның дене мүшелері атауларының қатысуымен жасалған фразеологизмдердің мазмұндық құрылымында жинақталған концептуалды ұғым-түсініктерді жаңғырту. Жалпы тіл білімінде, қазақ жапон филологиясында, лингвомәдениеттануда қазақ және жапон тілдеріндегі фразеология.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Жұмысты жазу барысында жалпы ғылыми әдістер, атап айтқанда, талдау, салыстырмалы анализ, аударма жасау, әдістері қолданылды.

Тіл білімінде фразеологизмдер лексикологияның ең маңызды құрамдас бөліктері болғандықтан, ауызекі сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де жиі қолданылатындықтан, жапон тілін меңгеру барысында ондағы сөз тіркестерімен танысудың, оны ана тіліміздегі фразеологиялық бірліктермен салыстырудың болашақ жапон тілі мамандары үшін практикалық маңызы зор. Бұл тақырып қазақ тілінде алғаш рет орындалып отыр. Осыған сай зерттеу жұмысының нақты жаңалықтары төмендегідей:

- жапон және шетел ғалымдарының теориялық зерттеулеріне сүйене отырып, тұжырымдамалық құрылым мен оның аппаратына сәйкес жете зерттеу жүзеге асырылды;

- Жапон тіліндегі адам дене мүшелеріне байланысты қолданылатын тұрақты тіркестердің өзіне тән сипатты белгілері; пайдаланылатын терминдер кимари монку, канъёку го, сейго анықталды.

- Жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктері оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасы, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілері анықталды

- Жапон тіл біліміндегі тұрақты тіркестердің классификациясы; фразеология түрлеріне жеке тоқтала отырып, әр қайсысының мән-мағынасын қарастырылды.

- қос тілдегі адам дене мүшелеріне байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзара ұқсастықтары анықталды.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:

- қазақ тіл біліміндегі тұрақты сөз тіркестері және олардың өзіне тән ерекшеліктері; фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын белгілері: даяр калпында жұмсалы немесе қолданылу тиянақтылығы, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы. Фразеологиялық бірліктегі аталған үш белгі оның ажырамас, бөлінбес, іштей өзектесіп жататын қасиетін анықтау.

- тіл біліміндегі фразеологизмдердің түрлері, классификациясы; тұрақты сөз тіркестердің барлығы негізгі сөз табына әр компоненттердің беретін жиынтық мағынасына қарай шартты түрде ғана топтастырылатындықтан фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтау, ең алдымен, ішкі мазмұн, яғни лексика семантикалық мағынасын айқындау.

- қазақ тіл біліміндегі фразеологизм компоненттерінің құрамы және құрылымы; фразеологизмдердің құрамы оны құрайтын компоненттерін айқындау.

- жапон тіліндегі тұрақты тіркестердің өзіне тән сипатты белгілері; пайдаланылатын терминдердің (кимари монку, канъёку го, сейго және т.б.мағынасын ашу.

- Жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктерін, оларды анықтау үшін оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасын, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілерін анықтау керек.

- жапон тіл біліміндегі адам дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркестердің классификациясы; фразеология түрлеріне жеке тоқтала отырып, әр қайсысының мән-мағынасын ашу.

- Қазіргі жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің детерминдік дәрежесін лексикалық, семантикалық, морфосемантикалық деп жіктейтін болсақ, оны біршама сатымен топтастыру.

- қос тілдегі адам дене мүшелеріне байланысты қолданылатын фразеологизмдерінің өзара ұқсастықтары анықтау.

Зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеу жұмысының теориялық негізін ресейлік және жапондық ғалымдардың пікір-түйінділері, пайымдаулары, тұжырымдамалары ескеріліп, басшылыққа алынған. Зерттеу барысында

алынған ғылыми тұжырымдар саясаттану, қоғамтану, мәдениеттану, әлеуметтану, гендерлік проблемаларды сұрыптауға, олардың теориялық принциптерін негіздеуге көмектесе отырып, жаңа ғылыми бағыттардың өзек ала бастауына әсер етеді.

Зерттеудің практикалық маңызы. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жапонтанушы мамандықтар үшін мәдениеттану, жапон филологиясы, лингвистикасы, лингвомәдениеттану т.б. арнайы курстарды жүргізуде, арнайы дәріс оқуларда пайдалануға болады. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен қосымшалар жапонша қазақша фразеологиялық сөздік құрастыруда негіз бола алады.

Зерттеудің дереккөздері. Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде Жапон қазақ тілдерінің фразеологиялық сөздіктері, тұрақты сөз тіркестеріне қатысты жазылған ресейлік және жапондық ғылыми зерттеу жұмыстары, анықтамалық энциклопедиялық кітаптар, жапон және орыс тіліндегі соңғы кездегі баспасөз, бұқаралық ақпарат, ғаламтор дереккөздерінен, оқу құралдары мен көркем әдебиет материалдарынан алынған ақпараттар қолданылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында жалпы Тіл–Адам–Мәдениет контексіндегі дүниенің қарапайым бейнесі қарастырылып, Тіл–Адам–Мәдениет үштігі аралық байланыстың тілтанымдық тұғыры, дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің қалыптасу үрдісі, оның фразеологиялық фрагменті, фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық код қарастырылып, қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдер, олардың өзіне тән белгілері, ерекшеліктеріне арналып, қазақ тілі фразеологизмдері топтастырылып, жіктелген.

Екінші тарау жапон тілінің фразеологизмдері ерекшеліктеріне арналған. Жапон тіліндегі тұрақты тіркестердің өзіне тән сипатты белгілері; пайдаланылатын терминдердің мағынасын ашуға, олардың негізгі ерекшеліктерін, оларды анықтау үшін оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасын, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілерін, адам дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркестердің классификациясы; фразеология түрлеріне жеке тоқтала отырып, әр қайсысының мән-мағынасы қарастырылған.

Ал үшінші тарауда қазақ және жапон тілдеріндегі фразеологизмдерге соның ішінде аяққа, қолға, көзге байланысты айтылатын фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жасалынып, олардың өзара ұқсастықтарын айқындауға талпыныс жасалады.

Зерттеу жұмысының апробациясы. 1. Ақиқат 90 жыл. "Қазақстандағы ақпараттық үрдістер Тәуелсіздікті нығайтудағы БАҚ ролі" Жапон және қазақ тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестері ҚазҰУ жаршысы №1 "Жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктері"

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе,

негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Негізгі бөлім мазмұнына қарай үш тараудан, әр тарау өз құрылымына сай екі немесе үш тараушалардан тұрады.

Жұмыстың бірінші тарауы Тіл–Адам–Мәдениет контексіндегі дүниенің қарапайым бейнесі деп аталатын бірінші бөлімінде Тіл–Адам–Мәдениет үштігі аралық байланыстың тілтанымдық тұғыры, дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің қалыптасу үрдісі, оның фразеологиялық фрагменті, фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық код қарастырылып, қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдер, олардың өзіне тән белгілері, ерекшеліктеріне арналып, қазақ тілі фразеологизмдері топтастырылып, жіктелген.

Екінші тарау сәйкесінше жапон тілінің фразеологизмдері ерекшеліктеріне арналған. жапон тіліндегі тұрақты тіркестердің өзіне тән сипатты белгілері; пайдаланылатын терминдердің мағынасын ашуға, олардың негізгі ерекшеліктерін, оларды анықтау үшін оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасын, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілерін, адам дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркестердің классификациясы; фразеология түрлеріне жеке тоқтала отырып, әр қайсысының мән-мағынасы қарастырылған.

Ал үшінші тарауда қазақ және жапон тілдеріндегі фразеологизмдерге соның ішінде аяққа, қолға, көзге байланысты айтылатын фразеологизмдерге салыстырмалы талдау жасалынып, олардың өзара ұқсастықтарын айқындауға талпыныс жасалады.

1. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР - «ТІЛ-АДАМ-МӘДЕНИЕТ» ҮШТІГІ.

1.1 «ТІЛ-АДАМ-МӘДЕНИЕТ» ҮШТІГІ АРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ ТҰҒЫРЫ.

Жұмыстың Қазақ тіліндегі фразеологизмдер Тіл–Адам–Мәдениет үштігі деп аталатын бірінші бөлімінде Тіл–Адам–Мәдениет үштігі аралық байланыстың тілтанымдық тұғыры, дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің қалыптасу үрдісі, оның фразеологиялық фрагменті, фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық код қарастырылады.

XXI ғасыр лингвистикасындағы антропоцентристік үдеріс тілді «Адам-Қоғам-Мәдениет» үштігі призмасында «тіл және ойлау», «тіл және таным», «тіл және қоғам», «тіл және мәдениет», «тіл және адам» сабақтастығы проблематикасына қатысты зерттеудің антропологиялық бағдарламасын ұсынады. Бұл бағдарлама аясында XX-XXI ғасырлар тоғысында тіл білімі ғылымының этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, паралингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану т.б. салалары қалыптасып, бүгінде олардың әрқайсысы дербес ғылыми пәндік сипат ала бастағаны белгілі. Осы орайда, «тіл және адамның ой-санасы», «тіл және адамның рухани белсенділігі», «тіл және адам физиологиясы», «тіл және индивидтің психикасы», «тіл және адамның мінез-құлық, жүріс-тұрысы» — «адам және оның тілі» арасындағы байланысқа қатысты арнайы зерттеуді талап ететін өзекті мәселелер ретінде көтерілуде.

Тілді адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тілдік ұжым, халық, этнос, ұлт, ұлыс мәдениетінің құрамдас сыңары деп тану, оны сол этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуымен, салт-санасымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжірибесімен, рухани және материалдық мәдениетімен сабақтастықта зерттеп, оның нәтижесін «Тіл:Адам» біртұтастығы «селегінен» өткізу тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты мүддесіне айналды.

Қазіргі зерттеулерде тілдің этникалық мәдениеттің формасы, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан қарастырылуы «мәдениет» ұғымын нақтылаумен тығыз сабақтасып жатады. «Мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар өте көп екені белгілі. Ғылым мен мәдениеттің әртүрлі саласында қызмет ететін зерттеушілердің ғылыми мектептерінің ыңғайына қарай, зерттеулерінің мақсат-мүддесі мен аспектілеріне байланысты мәдениеттің мазмұны мен құрылымы әрқалай түсіндіріледі.

«Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және өзара ықпал-әсері туралы ғылыми білімнің кешенді саласы» – лингвомәдениеттану [3, 8-б.] – XVIII ғ. соңындағы И.Г.Гердердің тіл және этнос аралық байланысқа қатысты идеяларынан, XIX ғ. басындағы В.Гумбольдттың тіл философиясынан, Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня бастаған ресейлік ғалымдардың филологиялық және тілтанымдық дәстүрінен, XX ғ. Л.Вейсгербер, Э.Сепир және Ф.Боас еңбектерінен бастау алғаны белгілі. Пәннің XXI ғасырда айрықша

жедел қарқынмен дами бастау себебін адам және қоғамның өмір сүруінің өзіндік формасы болып табылатын мәдениет феноменін терең түсінуді, оның адамзат өркениетіндегі алатын орнын кешенді зерттеуді талап етіп отырған заманауи проблема – ғаламдану, жаһандану процесінің аса өзектілігімен түсіндіруге болады.

Адамның ойлауы мен танымдық әрекетіндегі тілдің рөлін зерттеу мүддесі көзделетін когнитивтік лингвистикада тіл «ойдың тікелей шындығы, сана әрекетінің көрінісі», «ойтаным тетігі», «тілдік бірліктердің өн бойына және терең мазмұндық астарына ақпараттарды бекіту, жасыру, сақтау, сондай-ақ қажет жағдайда қайта жаңғартудың когнициялық тәсілі» тұрғысынан сарапталады. Мұнда адамның әлемді қабылдауы мен тануы, түйсінуі мен түсінуі процесіне бойлау тілдің ойды білдірудің басты құралы ретіндегі қызметімен ұштасады. Танымдық іс-әрекет барысында адамның өзін қоршаған ақиқат шындыққа, әлемге деген көзқарасы, ұғым-түсініктері мен бағалары, қорытынды тұжырымдары мен өмірлік ұстаным-қағидаттарын қалыптастырады. Демек тіл иесінің қоршаған ортаны игеруі және қоғамдық-әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеруі барысында жинақтаған білімінің маңызды компоненті – мәдени ақпараттардың тіл арқылы бекуі мен сақталуы, тілдік тұрпат жеке мен мазмұн жеке арқылы көрініс беруі когнитивтік негізден бастау алады.

Лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулерде ғылыми зерттеудің когнитивтік және мәдениеттанымдық қырларын тоғыстыру лингвистикалық білімнің интегративтік сипатын айқындап қана қоймай, «Тіл- Адам Мәдениет» үштігі аралық байланыстың сан алуан қырын зерттеуге жол ашады.

Адам баласының ойы мен рухани дүниесін, дүние танымын, өмірлік іс-тәжірибесін, практикалық әрекетін оның сөйлейтін тілінен бөлмей, тілдік әлемімен бірге біртұтастықта қарастыру, басқаша айтқанда, кез келген халықтың тілінде ұлттық-мәдени сипатта бекітін дүние суретін, дүние бейнесін антропоцентристік парадигманың фундаменталды ұғымы ретінде зерттеу қазіргі заманғы лингвистиканың ең өзекті проблемаларының бірі.

Белгілі бір этномәдени ұжымның тілінде бекіген дүние бейнесін зерттеу проблемасы «халық рухын» тілмен байланыстырған, тілдің ұлттық сипатын айқындаған Э.Сепир, В.фон Гумбольдт зерттеулерінен бастау алып, Н.И.Толстой, А.Вежицкая, Т.В. Цивьян, Г.В.Колшанский, В.Н.Телия т.б. ресейлік лингвистикалық мектеп өкілдерінің ғылыми еңбектерінде жалғастырылып келеді.

Дүние суреті, дүниенің тілдік бейнесі ұғымдары қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология сияқты ғылыми бағыттардың саралана дамуына байланысты ХХІ ғасыр басында бой көрсете бастады. Э.Оразалиева, Ш.К.Жарқынбекова, А.Ислам, Г.Н.Смағұлова, Р.Авакова, Г.Сағидолда, Б.Тілеубердиева, Г.Мұратова, А.А.Сұлтангубиева, А.Қ.Сейілхан М.Т.Күштаева, Б.Нұрдаулетова, Б.Ақбердиева т.б. тілші-мамандар қазақ этносының дүние бейнесін тілдік бірліктер астарындағы аялық білім арқылы саралап талдаудың лингвистикалық жаңа моделін

калыптастырып, оны ұлт мәдениеті контекстінде, лингвогносеологиялық, лингвопраксиологиялық, лингвоэтнологиялық аспектілерде жан-жақты қарастырудың алғашқы қадамын жасады.

Қазақ лингвистері ресейлік антропологистикалық бағыттағы мектеп өкілдерінің ізімен қазақ тіл білімінің ғылыми ұғымдық аппаратына дүниенің тілдік бейнесі, ғалам бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі, дүниенің концептуалды бейнесі, дүниенің қарабайыр бейнесі, дүниенің объективті бейнесі, концепт, концептуализация, категоризация, концептуалды метафора т.б. терминдік қолданыстарды кенінен енгізді және өз зерттеулерінің ғылыми-теориялық негізіне В.Гумбольдт, Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Л. Уорф, Ф.Соссюр, В.Штейнталь, Л.Вейсбергер, Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев, А.А.Потебня, Р. Якобсон, Н.И. Толстой, Н. Топоров, В.В.Иванов, В.А.Аврорин, В.Н.Телия, В.В.Воробьев, А.Вежбицкая, Е.М.Верещагин, В.Г.Костоморов, Ю.С.Степанов, А.Д.Арутюнова, В.Маслова т.б. ғалымдардың іргелі еңбектерін, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев сияқты қазақ тіл білімінің негізін қалаған тұлғалардың, І. Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ә.Болғанбаев, Т.Жанұзақов т.б. қазақ лингвистикасының көшбасшыларының, Э.Сүлейменова, Б.Хасанов, К.Хұсайынов, Е.Қажыбеков, Ж. Манкеева, Е.Керімбаев, Н.Шаймерденова, Ғ.Смағұлова, С. Сәтенова сынды ғалымдардың тіл мен ойлау, тіл мен таным, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет сабақтастығына қатысты ғылыми тұжырымдарын алды.

Дүниенің қарабайыр бейнесі өмірлік іс-әрекет барысында, практикалық тәжірибенің жинақталуының нәтижесінде және қоршаған орта құбылыстарын барлап-бақылаудың, сараптап-пайымдаудың негізінде табиғи қалыптасады. Тіл өкілі дүниенің қарабайыр бейнесін айқын сезіне де бермейді. Дегенмен ол ұлттық тілде тұрақталып, әбден қалыпқа түсіп, сіріленген әлем туралы өте таныс, етене жақын, дағдылы фондық түсініктердің жиынтығынан тұрады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінде лингвомәдени қауымдастықтың дүние-әлем туралы «қарабайыр» түсініктерінің біртұтас жүйесі, ұлттық сананың көне қабаттары, ұлттық ділдің тарихи қалыптасу этаптары көрініс табады. Сондықтанда ол этникалық дүниетаным мен этностың дүниені тануының, қабылдауы мен түсінуінің қайталанбас өзіндік ерекшеліктерін танытып, ұлттық ренкі арқалайды. Тіл иесінің дүниеге деген «қарабайыр» көзқарасы, әлемді игеру барысында жинақтаған іс-тәжірибесі мен қордалаған білімінің көне формалары көрініс табатын «біртұтас ұғым-түсініктер әлеміне» реконструкция жасау – дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментін зерделеуді, оның аталымдық кодтарын (антропоморфтық, антропонимдік, зоонимдік, космонимдік, соматикалық, сандық, түр-түстік, мифтік персонаждық, т.б.) шешуді талап етеді.

Дүниенің қарабайыр бейнесінде қабылдаудың заттық тәсілі басым болып келетіндіктен, ол заттар мен құбылыстардың белгілерін және қасиеттерін, олардың арасындағы сан алуан қатынастарды т.б. тіл қарабайыр етіп интерпретациялауға бейімділік танытады. Мұнда тіл иесінің қарабайыр санасындағы шындықтың интегралды бейнесі құрамындағы күнделікті

эмпирикалық практиканы және символикалық әлемдегі дағдылы, үйреншікті ұғым-түсініктерді ұжымдық, стереотиптік, эталондық деңгейде бекіте отырып, тілдің лексика-фразеологиялық жүйесі адамның қарабайыр санасының түсіндірушілік (квазинтерпретация) әрекетін жүзеге асырады. Сондықтан дүниенің қарабайыр бейнесін сомдауда фразеологизмдер аса маңызды тілдік тетік қызметін атқарады. Соматикалық фразеологизмдер тіл иесі халықтың дүниеге деген көзқарасынан, рухани дүниесі мен материалдық мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен хабар бере отырып, этностың ғалам. әлем, дүние туралы таным түсініктерінің ескі элементтерін жаңғыртуға жәрдемдеседі, дүниенің біртұтас тілдік келбетін жасауға қатысады.

Тілдегі фразеологизмдердің қоры әлемді танудың ұлттық тілдік моделінің негізіне алынатын фразеологиялық дүние бейнесін түзеді. Онда ежелгі адамның өзін қоршаған орта, шындық болмыс туралы терең философиялық ой-танымы, ұлттың рухани мәдениетінің қазіргі антологиясының қайнар көздері көрініс табады.

Фразеологиялық дүние бейнесі дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің фрагменті болып саналады. Басқаша айтқанда, дүниенің қарабайыр тілдік бейнесі ғылыми және кәсіби білімді қамтымайды, оларға дейінгі және олардың қордалануына негіз болған ұлттық сананың архаикалық қабатындағы прагматикалық білімді тілдің фразеологиялық деңгейінде жеткізеді. Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментін «ішкі әлем мен сыртқы әлемдік» күрделі қатынасты сипаттайтын «Адам» концептуалдық-когнитивтік өрісі құрайды. Бұл өрісте адамның биологиялық табиғатына, физикалық және әлеуметтік әлемдермен өзара қатынасынан жинақтаған тәжірибесіне негізделген қарабайыр білімі тілдік семантикамен тоғысады. Тілдің семантикасын, мағыналық-мазмұндық өрісін зерделеу арқылы дүниенің қарабайыр бейнесінің когнитивтік-концептуалдық модельдерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға, соның негізінде адамның ұғымдық әлемін және оның кейбір дерексіз фрагменттерінің құрылымын тануға мүмкіндік туындайды.

Фразеологиялық дүние бейнесінің түп негізінде белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеруі, игеруі және өзгертуі процесінде қалыптасатын дүниені бейнелі, көрнекі етіп көруі және тануы жатады. Фразеологизмдер көбінесе адамдардың күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасы аясындағы дүние бейнесін түзеді, сондықтан ол бейне қарабайыр тұрпатта болып келеді. Тілдің фразеологиялық жүйесін лингвокогнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдауда тірек компоненттің, яғни фразеологизмнің жасатуына ұйытқы болушы сөздің (соматизм) семантикалық өрісін фразеологизмнің фразеосемантикалық өрісімен бір тұтастықта алып қарастыру, бір жағынан, дүниенің фразеологиялық бейнесін образдық-мәндік тұтастық тұрғысынан топтауға, жіктеуге мүмкіндік беретін болса, екінші жағынан, фразеологизмдердің тірек компоненттерінің концептілік-негіздік қызметін айқындауға көмектеседі.

Адам санасының тәндік базисі және тіл арақатынасын зерттеу бастапқы кезде танымдық ұстанымдар мен ойлау категорияларының түсіндірушілік күші жайлы гипотезаларды біріктірген когнитивтік лингвистиканың өзекті проблемасы қатарында қарастырылған болса, қазіргі кезде бұл мәселе дүниенің бейнесін «Тіл:Мәдениет» контекстінде қарастырудың маңыздылығына байланысты лингвомәдениеттанудың да көкейтесті проблемаларының біріне айналып отыр. Ал адам санасының тәндік базисі мен тіл арақатынасын мәдениет контекстінде зерделеу лингвистикалық зерттеудің когнитивтік және мәдениеттанымдық амал-тәсілдердің тоғысын талап етеді.

Дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің антропоцентристік қасиеті оның адамға қарай бағытталуынан нақты көрінеді, яғни адам өзінің физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік жай-күйін суреттеуде және объективті болмыстағы барлық заттар мен құбылыстардың қадір-қасиетін сипаттауда өзінің дене мүшелеріне, олардың қалып-күйіне, атқаратын қызметтеріне жүгінеді: тұтас – *бастан аяқ*, жақын – *қол созым жер, көз көрім жер, аяғының астында*, көп – *аузы мұрнынан шығу, аяқ алып жүргісіз*, аз – *саусақпен санарлық*, кішкентай – *тілдей, бармақ басым*, тез, лезде, жылдам – *көзді ашып-жұмғаниша, қас пен көздің арасында, аяғы аяғына тимеу, бір аяғы анда, бір аяғы мұнда*, қараңғы – *көзге түртсе көргісіз*, әлсіз – *қақырғаны қан тату, түкіргені жыын тату*, жүдеу – *құлағынан күн көріну*, арық – *қу сүйек, ине шаниар еті жоқ, жағына пышақ жанығандай, ет пен сүйегі ғана қалған* т.б.

Фразеологиялық біртұтас мағынаның жасалуына ұйтқы болатын соматикалық компоненттің адамның тәндік базисін атап көрсететін номинативтік мағынасы өзінің тілдік таңбалық табиғаты жағынан шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар туралы қоғамдық біліммен ассоциативті байланысқа түсетін фразеологиялық фондық мағынаның қалыптасуына арқау болады. Фразеологиялық фондық мағына мен оның адамға қарата ауыспалы мәнде қолданылуынан туындайтын фразеологиялық жиынтық мағына, сондай-ақ айтылмақ ойға экспрессивтік реңк үстемелейтін, соның нәтижесінде айтылымдық актіде әлем туралы хабарлау және субъектінің таңбаланған нысанға деген эмотивтік қатынасын білдіретін фразеологиялық коннотативті-бағалауыштық мағыналар фразеологизмнің мазмұндық құрылымдық жүйесінде тоғысым табады. Бұл үшжақты мағыналық тоғыста адамның қарабайыр анатомиясы туралы халықтық ұғым-түсініктер, қоршаған ортаның адам организміне тигізер әсер-ықпалын, себеп-салдарын әлеуметтік контексте түсіндіретін концептуалдық білім қоры жинақталады. Мәселен, дүниенің ғылыми бейнесінде адам ағзасының білігі саналатын *омыртқа жотасы* жұлынның мықты қорғанысы, бұлшық еттер және байламдармен бірге денені тік қалыпта ұстап тұратын тірек қаңқа, дененің жан-жаққа бұрылып, иілуін қамтамасыз ететін қатты да мықты сүйек, адамның еркін қозғалысын іске қосатын басты физиологиялық тетік ретінде сипатталады. Мойын омыртқа, арқа омыртқа, бел омыртқа, сегізкөз, құйымшақ болып іштей беске бөлінетін омыртқа жотасының әр бөлігіне түсетін күш салмақтың ауыр-жеңіліне байланысты омыртқа жота бүгіледі, иіледі, тіптен сынып та кетеді. Мұндай

жағдайда жұлынға зақым келіп, адам қимыл-қозғалыстан қалуы ықтимал. Омыртқа жотасының сыртқы күшті тежегіштік қызметінің арқасында адам бойын тіктейді, қимыл-қозғалысын қалыпты жағдайға келтіреді. Омыртқа жотасының басқа бөліктеріне қарағанда ең иілмелісі және мықтысы – *бел*. Белге түсетін сыртқы ортаның күші дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде әлеуметтік-мәдени сипат арқалайды. Егер *бел* соматизмі арқау болған фразеологизмдердің фондық мағынасы қандай да бір физикалық күш-салмақтың салдарынан белдің иілуін, бүгілуін, майысуын, сынуын немесе оның бүкіл омыртқа жотасының ең маңызды қозғалыс механизмі екенін білдіретін болса, ол күштің қоғамдық-әлеуметтік күшпен ассоциациялануының нәтижесінде пайда болатын ақпарат фразеологиялық жиынтық және коннотативтік-бағалауыштық мағыналарды пайда болдырып, адамның белгілі бір сәттегі психо-физиологиялық және әлеуметтік қалып-күйін бейнелеуге арқау болады. Мысалы: *бел омыртқаның адам организміндегі ең басты тірек сүйектің бірі екені бел құда «тұмай жатып ұл-қызын атастырған құда», бел бала «әкесінің өз баласы, туған бала», бел қылды «сүйеніш, арқа тұтты», бел ортасында «кісі жасының белгілі шамасы», бел асты «бір міндетті орындады, белгілі бір кезеңнен өтті», белді бекем байлады «бір нәрсені істеуге шындап кірісті, тәуекел етті» т.б. фразеологизмдердің жасалуына арқау болған болса, қандай бір қайғылы оқиғаның адамның жан дүниесіне әсері, адамның жүйке жүйесіне түсіретін күші *белі қайысты «қатты қайғырды», белі бүгілді «қатты қамықты»* фразеологизмдерінің, ал әлеуметтік күштің өзі *бел көрсетті «мықтылық қылды, күш көрсетті», бел ұстасты «күресті, айтыс-тартысқа араласты», белге соққан жыландай болып тұрып қалды «қайғыға ұшырады, дертті болды»* тұрақты тіркесінің жасалуының образдық-фондық негізіне алынады. Сондай-ақ, дүниенің ғылыми бейнесінде адам ағзасының маңызды мүшелері саналатын осы жоғарыда аталған омыртқа жотасы, бел сырттай *арқа* деген атауға тоғысады. Тұтастай бұл аталған дене мүшелері *арқа* деп атала отырып, сол дененің жан-жаққа бұрылып, иілуін қамтамасыз ететін мықты қорған, адамның еркін қозғалысын іске қосатын адамның тіреніші, суықтан, сыртқы ортаның жағымсыз әсерінен сақтайтын қалқа, қоғамдық күштер салмағын арқалайтын қорған да бола алады. Мысалы, әлеуметтік қысым күйін бейнелеуге *арқа еті арша, борбай еті борша болу «азып-тозу, қатты жүдеу», арқасы мұздап қоя беру «сескену, үрейлену, түршігіп кету», арқасынан аяздай бату «қорлық, азап көру»* т.б. фразеологизмдер қатысса, адамның белгілі бір психо-физиологиялық сәтін *арқа-басы кеңіді, арқасы кеңіді, арқа-етегі кеңіді, арқа жазды «қолы босап жадырады, жайбарақат болды»* т.б. тұрақты тіркестер дәл тауып сипаттап бере алады. *Арқа* адамның сүйену, бір нәрсеге тірену мүшесі бола отырып, осындай қалыптағы адамның жайбарақат көңіл-күйін, арқа сүйері, яғни тірегі бар, қорғанышы бар, қорқыныштан ада екендігінен де хабардар етеді. Мәселен, *арқаны пірге сүйеді «пірін қуат тұтты», арқа таяныш «қорғаушы, сүйеніш», арқа тірер «сүйеніш, тірек»* т.б. Осыдан келіп халық арасында жиі қолданылатын *арқа сүйер азаматың аман болсын* деген жылы тілек сөз де кездеседі. *«Біреудің арқасында күн көру»* тұрақты тіркесі жақын бір*

адамның камқорлығы нәтижесінде жақсы тіршілік ете алатындығын көрсетсе, «арқасына мінгізіп ойнату» да балаға деген адамдар арасындағы жақсы қатынасты білдіреді.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментіндегі соматикалық кодтың жалпы табиғатын адамның қоршаған ортаны «өз әлемі» арқылы меңгеруге деген эгоцентрлік болмысымен түсіндіруге болады.

Қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдер және олардың өзіне тән ерекшеліктері.

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде диссертация тақырыбының өзектілігі, жұмыстың басты нысаны, зерттеу жұмысының дереккөздері, негізгі мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы баяндалады.

Қазақ тіл білімінде, тюркологияда фразеологизмдердің жалпы проблемалары бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Басқаша айтқанда сан алуан фразеологиялық тізбектер дербес зерттеу объектісі болудан гөрі, ілгері-кейін жазылған сөздіктерде, мақалаларда иллюстрация материалдары дәрежесінде ғана қолданылып келеді.

Фразеологизмдер (тұрақты сөз тіркестер) тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көнелігі жағынан да, тұлға, мағыналық тұрақтылығы жағынан да, стилдік тұрғыдан да олардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Тілімізде көркем, көкейге қонымды, орамды және алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі.

Сөз байлығын тексеретін тіл білімінің саласын лексикология дейтін болсақ, тұрақты сөз тіркестер байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды.

Фразеологизмдердің даяр қалпында жұмсалып белгісі еркін сөз тіркестеріндегімен салыстырғанда айқын байқалады. Мысалы: Дәурен қалаға жүрейін деп отыр деген бір сөйлемді әркім неше саққа жүргізіп өзгерте беруіне болады. Мысалы: Дәурен қалаға жүрмекші, Дәурен жақын арада қалаға бармақшы, Дәурен қалаға барам деген ойда, Дәуреннің қалаға жүрем деген ойы бар т.б. Бұл сияқты еркін сөз тіркестері қатынас жасау процесінде әркімнің өз қалауы бойынша жасалады. Белгілі бір ойды кім қалай етіп жеткізсе де өз еркі деген сөз. Ал тілдегі фразеологизмдер бұлай етуге, құбылтуға көнбейді. Мысалы: *Төбесі көкке жетті* дегенді төбесі көкке жетейін деп тұр, төбесі көкке жетпекші деп өзгертуге болмайды. Оның сыртқы құрылым құрылысы еркін тіркеске ұқсағанымен, сөйлем ішінде қолданғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады. Ешкімнің ыркына көнбей, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде қызмет етеді де, сол қалпында сөйлемнің құрамына енеді. Еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары мағыналық дербестігін сақтап, сөйлемде әр басқа мүше ретінде жұмсалады. Синтаксистік сөз тіркесі белгілі бір үлгілір, ережелер бойынша сөйлеу кезінде жұмсалады. Демек, фразеологизмдердің даяр қалпын сақтай отырып қолданылуы, оның еркін сөз тіркестерінен ерекшелігін білдіретін белгілердің бірі екендігін көреміз. Еркін тіркес пен фразалық тіркесті бір-бірінен ажыратудың түрлі амалдары болады. Мысалы: *Ерке магазиннен қырық*

пышақ сатып алды. Қырық пышақпен қыржаңдап тұрған түлкі, о да осал жау емес қыран паңға (Абай). Осы екі сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тіркестің алғашқысы еркін тіркес те, соңғысы – тұрақты тіркес. Алғашқы сөйлемде *қырық* деген сан есім өзінің төрт оннан құралған сандық ұғымын тікелей білдіреді. Мұндағы *қырық* деген сөз пышақтың сан мөлшерін көрсетіп тұр. Соңғы сөйлемде бұл сөз (40) өзінің сандық ұғымынан біржола қол үзіп, фразеологиялық байлаулы мағынаға ауысқан. Еркін тіркестегі сөздер арасына басқадай сөз қойып, өзгертіп айтуға, я болмаса, түрліше сұрау қоюға көнеді. Мысалы: алғашқы сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тіркесті *қырық күміс пышақ* деп өзгертуге, пышақтың санына байланысты «Қанша?» деп сұрақ қоюға болады. Ал соңғы сөйлемде *қырық пышақ* деген тіркес мұндай өзгерістің ешқайсысына да көнбейді. Оның есесіне фразалық тіркестің белгілі бір синонимдік баламасы болады. Мысалы: соңғы сөйлемдегі *қырық пышақ* деген тұрақты тіркесті *қырқасу, аңдысу* дегендермен алмастыруға болса, алғашқы сөйлемдегі еркін тіркесте мұндай балама атымен кездеспейді. Тура мағынадағы сөз шындық болмыспен тікелей байланысты болады да, контексте тұрса да, тұрмаса да өзінің заттық логикалық қатынасымен белгіленеді. Ал фразалық байлаулы мағынадағы сөздер әрдайым белгілі бір контексте телінді, бағынышты болып тұрады.

Оң көз бен оң қол дегенді түсіну үшін де бәлендей контекстің қажеті жоқ. Өйткені бұлар өзінің тұра мағынасында жұмсалып тұр. Ал, *менің оң көзім де, оң қолым да бір өзіңсің* десек, мұндағы *оң көз бен оң қол* дегендер туынды мағынада қолданылып, фразеологизмге айналған. Бұлар *сенімді серік, адал жәрдемші* дегендермен баламалық қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан фразалық мағынадағы сөздер өзіне лайықты белгілі контексті талап етіп тұрады. Фразеологизмдердің бір бүтін бірлік ретінде қолданылуы жағынан лексикалық бірлік-сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мысалы: *бала, балалы, балалау, бала-шаға, балалаған* тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін бірлік ретінде жұмсалады. Фразеологизмдерді де дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек. Бұлар бірнеше сөздің тіркесінен құралғанымен, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлемде тұтас күйінде қаз қалпын бұзбай қолданылады. Мысалы: *жер аяғы кеңіді, жерге қаратты, жерден алып, жерге салды, жер жебіріне жетті, жерден жеті қоян тапқандай, жеркөкті басына көтерді, жеркөкке алғызбады* т.б. Бұлар құрылым құрылысы жағынан қаншалықты күрделілігіне қарамастан, сөйлем ішінде әрқайсысы жеке сөздермен бірдей болып, теңесіп тұрады. Мысалы: *қыздың жсиган жүгіндей* деген тіркес *әсем, көркем, көрікті* деген синонимдердің біреуімен пара-пар, *ит терісін басына қаптады* деген *ұрысты, балағаттады, сөкті* дегендердің орнын басып, сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарып тұрады.

Сөз бен фразеологизмдердің арасында да бірінен біріне ауысып жататын өтпелі қарым-қатынастық байланыстар болады. Тұрақты тіркестер мен күрделі

сөздер о баста сөз бен сөздің тіркесуі арқылы пайда болса, фразеологизмдердің кейбіреулері кей жағдайда қос сөзбен біріккен сөзге айналып кеткен. Мәселен, *түйетабан, атқұлақ, кәріқыз, отағасы, ақсақал, атқамінер, атамекен, ауызекі, ауызба-ауыз, қырып-жою, өліп-өшу, күйіп-пісу, жаппай-тұрмай, өліп-тіріліп* деген сияқты біріккен сөздер мен қос сөздер идиомалану арқылы, лексикалану, грамматикалану заңымен даму өзгерту процестерін басынан өткізген. Қазіргі кезде бұлар лексика-грамматикалық жағынан біртұтас, ритм ырғағы жағынан бірыңғай болып, фразеологизмдерден күрделі сөзге айналып кеткен.

Олай болса, күрделі сөздерді жалаң сөз бен тұрақты тіркестерді өзара байланыстырып тұратын дәнекер деп есептеуге болады. Күрделі сөздер жалаң сөзбен де, фразеологизмдермен де екі жақты байланыста болады. Өйткені есім фразеологизмдер мен күрделі сөздер бір үлгімен жасалады. Мысалы: *жел аяқ, жел бау, жел буаз, жел қайық, жел құйын, жел өкпен, жел сөз* т.б

Осылардың бәрі де бір үлгімен жасалғанымен, мән мағыналары бірдей емес. Бұлардың біреулері күрделі сөзге, енді біреулері фразеологизмдерге жатады. Ал қайсыбіреулерінің қайда жататыны күмәнді болып тұрады. Бұларды түр тұрпатына қарап бәрін бір категорияға жатқызу ғылыми жағынан ағаттық болады. Демек, күрделі сөздер мен фразеологизмдерді өзара жіктеп бөлу үшін бұлардың әрқайсысына тән өзіндік белгілерін жете тани білу керек.

Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі белгісі бар.

Қазақ тіл білімінде І. Кеңесбаев фразеологизмдерді танып-білудің басты үш белгісін қолдап, «Осы үш критерийді бір-бірінен жырып алмай тұтасымен басты арқау еткенде ғана фразеологиялық бірліктің ерекше белгілерін тани аламыз» [4, 690] дейді. Олар:

1. Даяр қалпына жұмсалып белгісі немесе қолданылу тиянақтылығы;
2. Мағына тұтастығы;
3. Тіркес тиянақтылығы.

Осы үш белгіні түсіну үшін әрқайсысын жеке-жеке алып қарайық.

Фразеологизмдердің қолданылу тиянақтылығы – сөйлемде, айтылуда бұрыннан қалыптасқан даяр қалпында жұмсалатындығы еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Әдетте синтаксистік сөз тіркесі белгілі бір үлгілер, тіл заңдылықтары бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Мысалы: 1) *Аузымен орақ орган*, өңшең қыртың (Абай). 2) Олар *бет моншақтары үзіліп*, ұяла берді. 3) *Ит арқасы қияннан*, мұхиттың арғы жағынан достарын іздеп келді. Осындағы *аузымен орақ орган*, *бет моншақтары үзіліп*, *ит арқасы қияннан* дегендердің барлығы да тұрақты тіркеске жатады. Келтірілген мысалдардағы «*ит арқасы қияннан*», «*мұхиттың арғы жағынан*» деген тіркестерге тоқталайық. Бірі идиомалық тіркес «өте алыс» деген мағынаны білдірсе, екіншісі сөздердің еркін тіркесуі арқылы да алыс ұғымын білдіріп тұр. Бірінші тіркестегі алыс деген түсінік бір-біріне мағыналық ешбір байланысы жоқ *ит, арқа, қиян* сөздерінің бірігуінен пайда болған. Құрамындағы сөздердің орнығып, қалыптасып қалғандағы соншалық, оларды тұрған орнынан өзара

алмастыруға немесе басқа сөзбен ауыстыруға болмайды. Мысалы: «Ит басы киянда» деп айтуға келмейді. Сөйтіп, тура мағынадағы сөз шындық болмыспен тікелей байланысты, ал фразалық байлаулы мағынадағы сөздер әрдайым белгілі контекстке тәуелді, бағынышты болып тұрады. Фразеологизмдер бір бүтін бірлік ретінде қолданылуы жағынан лексикалық бірлік сөзге ұқсайды. Фразеологизмдер бірнеше сөздің тіркесінен құралғанымен, дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлегенде тұтас күйінде қолданылады. Мысалы: *Төбе шашы тік тұру, жерге кіріп кете жаздау, қу жанды шүберекке түю, т.б.* бұлар құрылым, құрылысы жағынан күрделілігіне карамастан, сөйлем ішінде әр қайсысы жеке сөздермен бірдей, теңесіп тұрады, әр сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Күрделі сөздер мен фразеологизмдердің сырт тұлғасы жағынан ұқсас жақтары бар. Мәселен, есім фразеологизмдер мен күрделі сөздер бір үлгімен жасалады. Мысалы: *Жел сөз, жел диірмен; тас жол, тас жүрек.* Осылардың бәрі бір үлгімен жасалғанымен, мән-мағыналары бірдей емес. *Жел сөз, тас жүрек* фразеологизмдерге, ал *тас жол* мен *жел диірмен* күрделі сөздерге жатады.

Күрделі сөздердің дербес мағыналы, номинативтік қызметі басым болса, фразеологизмдер үнемі бейнелі мағынада жұмсалады.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі – мағына тұтастығы. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, тіркес ішіндегі сыңарлар тұтасып барып, бір мағынаны білдіреді. Мәселен, *жерден жеті қоян тапқандай* дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағынада *жер, жеті, қоян, табу* деген төрт сөздің қазқатар жұптасып қолданылуы арқылы пайда болады. Фразеологизмдер бір бүтін бірлік ретінде қолданылып қана қоймайды, мағыналық жағынан да біртұтас бірлік ретінде көрінеді. Мысалы: *кір жуып, кіндік кескен жер* (атамекен, туған жер), *екі аяғын бір етікке тықты* (тысқарды, састырды), *шаш етектен* (көп, мол), *инемен құдық қазғандай* (бейнеті көп, өте ауыр) дегендердің бәрі де құрылым құрылысы жағынан түрлі-түрлі болғанымен, әрқайсысы мағына тұтастығымен сипатталады. Фразеологизмдердің мағына тұтастығын жеке сөзбен бірдей деп санауға болмайды. Сөз түбір мағынаны, яғни лексикалық мағынаны білдіреді. Ал, фразеологизмдер әрқашан туынды мағынада жұмсалып, сөзбен баламалық қатыста емес, жанамалық байланыста тұрады. Зерттеушілер қазіргі кезде сөз бен еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына, ал жанамалық қатыста болатын тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын фразеологиялық мағына деп жіктеп бөледі. Мәселен, біреулердің басының көлеміне қарап, *үлкен бас, кіші бас* немесе *басы үлкен, басы кіші* деуге болады. Мұндағы *үлкен* мен *кіші* дегенде ешқандай эмоциялық баяу жоқ. Сөздердің дәл ұғымын көрсетіп тұрады. Осы ұғымды фразеологизмдермен көрсетсек бастың үлкенін – *қауға бас*, кішісін – *шақша бас* десек, онда бастың соншалықты үлкен я кішілігін білдірумен қатар, оған күшті эмоциялық мән жамайды. Олай болса, жеке сөздің лексикалық мағынасы мен тұрақты тіркестің фразеологиялық

мағынасы бір-біріне теңбе-тең балама болмайды. Жеке сөз де кейде ауыспалы мағынада қолданылып, бейнелі мәнге ие болады. Мысалы: *жылқының жылқысы бар, қазанаты бір бөлек, жігіттің жігіті бар азаматы бір бөлек* (мақ). Осындағы азамат деген сөз қатардағы жай жігіт емес, адамгершілігі мол, парасатты ерекше кісі дегенді бейнелеп көрсетіп тұр. Жеке сөздердегі бұл сияқты бейнелік мағына соқпа-соқпада елең етіп бір көрініп қалатын сирек құбылыс деп танылады. Ал фразеологизм біткеннің бәріне тән басты белгі туынды мағынада жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудырады. Фразеологизмдердің мағынасында жағымды немесе жағымсыз бір экспрессивті реңк бар. Сөз бен тұрақты тіркестердің айрықша ерекшелігі осында. [4, 102]

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі бір жүйемен орналасқан. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға, я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді. Мәселен, *мұрным көкке көтерілді* дегеннің орнына қолын көкке көтерді десек, мән мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал *көк* сөзін оның синонимі *аспан* сөзімен ауыстырсақ (*мұрнын аспанға көтерді*), мағына тұтастығы онша бұзылмағанымен, стилдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпына қадалуды талап етеді.

Кейде тұрақты тіркестің құрамындағы бір сөздің әр түрлі тұлғасынан әлденеше фразеологизмдер жасала беруі де мүмкін. Мысалы: *жамбасы жерге тигенше* (өле-өлгенше), *жамбасы жерге тиді* (өлді, жер жастанды), *жамбасы жерге тимеген* (ешкімнен жығылып көрмеген, күшті). Кей ретте жалғыз дыбыстың бір өзі-ақ тұрақты тіркестің мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. [14, 103] Мәселен, *тіл тиді* дегеннен сұқ тиді, көз тиді дегенді түсінсек, *тілі тиді* болса, біреуді біреу балағаттап сөкті, тілдеді болып мүлдем басқаша мағынаға ауысады. Сол сияқты *іш тартты, ішін тартты, ішке тартты* дегендердің сыртқы құрылым құрылысы бір-біріне соншалықты жақын болғанымен, мән мағынасында елеулі айырмасы бар. Бұл жағынан қарағанда фразеологизмдердің орын тәртібінің тұрақтылығы сөздің морфемалық құрамдық тұрақтылық сипатымен бірдей деп есептеуге болады.

Жоғарыда аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім бейнесімен дербес өмір сүреді деген қорытындыға келеміз. Дегенмен, тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық сияқты белгілер дәл өз мағынасында тілдің басқа элементтерінен де табылатынын байқауға болады. Алайда, бұл аталған үш белгіні түгел қамтитын қасиет кез-келген сөзден, сөйлемнен табыла бермейтінін ескеру керек. Ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып, екеуі болмаса ешбір грамматикалық тұлға грамматикалық бірлік дәрежесіне көтеріле алмайды. Фразеологиялық бірліктегі аталған үш белгі оның ажырамас, бөлінбес, іштей өзектесіп жататын қасиеті. Сондықтан

фразеологизмдер тілдің басқа категорияларынан ерекшеленіп, өзіндік бітім бейнесімен дербес тұрады.

Қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдердің түрлері және классификациясы

Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншілерінде өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірі болып саналады. Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы ара қатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырды. Орыс тіл білімінде академик В. Виноградовтың классификациясын негізге алып бөледі. Қазақ тіл білімі де осы классификацияны бірден-бір арқау етеді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып негізгі үш топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық (идиомалар). Бұл топта фразеологизмдердің құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, оларға мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Мысалы: *мұрнына шаншылып жүр, мұрнына су жетпеді* дегеннен қолы тимеді, бұрылуға шамасы болмады дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға көнбейді. *Жағына пышақ жанығандай* дегеннен тарамысына ілінген арық, жүдеу дегенді түсінеміз. Бұл мағынаны жасауға *жақ, пышақ, жану* сөздерінің тікелей қатысы жоқ. Соларды бірінен соң бірін тіркеп, жұбын жазбай қолдану арқылы пайда болған. *Бір ұрты май, бір ұрты қан* дегеннен екі жүзді, залым дегенді ұғынамыз. Мұнда да әр сөздің жеке жеке мағынасы сәйкеспейді. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен олар іштей түрге, бөлшектерге бөлінбей, іс әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлік. Бұлар да фразеологиялық тұтастық тәрізді орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса, тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктері болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Мәселен, *ескі жараның аузын ашты* дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінуге болады. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына, сөз жоқ ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға басқадай мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынды. *Жатқан жыланның құйрығын басты* деген фраза біреудің қытығына тиіп, жоқ жерден бір бәлеге тап болды дегенді білдіреді. Бір қимыл әрекетті басқа бір әрекетпен салыстырып, қолдану арқылы фразеологизмге айналып кеткен. *Ит байласа*

тұрғысыз дегеннен адам түгілі ит екеш те тұра алмайды дегенді түсінеміз. Мұнда фразеологиялық мағынаның жасалуына еркін тіркестегі бастапқы мағына тірек болғандығы айқын байқалады. *Ит көйлекті бұрын тоздырған* дегеннен сәл үлкендігі бар дегенді түсінеміз. Жеке сөздердің қосындысынан пайда болған жай ғана туынды мағына емес, бейнеленген туынды мағына екендігін көреміз. Фразеологиялық тұтастық пен фразеологиялық бірліктің ара жігін ажырату кей жағдайда қиынға соғады. [3, 84] Мәселен, *ит басына іркіт төгілді* (ағыл тегіл, молшылық) дегенді екі жақты түсініп қалуға болады. Малмен көзі шыққан егде адамдар үшін бұл тіркес фразеологиялық бірлік болса, малдан сырт жүрген, әсіресе кейінгі жастар фразеологиялық тұтастық деп тануы сөзсіз. Тұрақты тіркестің алғашқы заттық мағынасы неғұрлым көмескіленіп, тасалана күнгірттене бастаса, соғұрлым оның мағына тұтастығы да күшейе түспек. Мәселен, *қарғы бау* деген тұрақты тіркестің үш түрлі мағынасы бар: 1) иттің тағатын бауы; 2) қалың малдың алдын-ала берілетін жоралғысы; 3) тамыр таныстықпен қарап-сұрап алған зат үшін берілетін төлем ақы. Қарғы бау сияқты тұрақты тіркестерді жасалу үлгісіне қарап, күрделі сөздің тобына да жатқызуға болады. Алайда мұның соңғы екі мағынасы тұрақты тіркес екендігін, оның ішінде фразеологиялық тұтастыққа жататындығын бірден танытады. Сол сияқты, *мойнына мініп алды* деген фразаның да екі мағынасы бар: 1) басынды, иықтады; 2) біреудің арқасында күн көрді, масыл болды. Фразеологиялық соңғы мағына алғашқы заттық мағынадан келіп шыққандығына қарамастан, фразеологиялық тіркестің қай түріне жататындығына келгенде кереғар пікірлер болуы мүмкін. Мұндағы басты себеп – тұрақты тіркестің мағыналарының тым көнеленіп, ескіре, күнгірттене бастауымен тығыз байланысты. Демек, тұрақты тіркестің мағына тұтастығы кейде кім, қалай түсінуімен байланысты шешіледі.

Фразеологиялық тізбек. Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркес сыңарларының бастапқы лексикалық мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт тарта бастаған. Мұнда ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесуінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: *бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң майын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем шек, қара бет, жел аяқ, қолаң шаш, мысық мұрт, алтын айдар, жуан жұдырық, қозы жауырын, салты ерін, кер ауыз, қызыл тіл, күміс көмей, зор кеуде, аршын тас, күйке тамыр, аш бүйір, ерке кіндік, салқын қанды*, т.б.

Фразеологиялық тізбектің құрамындағы ерікті мағынадағы сөздің сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалып қабілеті болса, фразеологиялық туынды мағынадағы сөз бірді-екілі сөзбен шектеліп қана қолданылады. Мысалы: *көк бет, қысыр сөз* деген фразеологиялық тізбектердің құрамындағы – *бет* (жалпақ бет, дөңгелек бет, сопақ бет), *сөз* (қысқа сөз, қызық сөз) деген қыруар сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы *көк сөзі* – *бет* сөзімен, *сөз* – *қысыр* сөзімен ғана тіркеседі.

Фразеологиялық тізбектің сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болмағанымен, солғын тартып сезіліп тұрады. Мысалы, *көз ұшында*,

көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көңілдегі көр, көзі ілінді, көзі жетті, көз шалым жер т.б. Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің қолдану шеңбері шектеулі болады. Фразеологизмдер құрылым-құрылысы жағынан екі түрге бөлінеді: 1) Құрылым-құрылысы сөздердің белгілі бір тіркесі болып келетін фразеологизмдер. Мысалы: *шақша бас, қарақат көз, ашық ауыз, ала көл, бүйрек бет, қалқан құлақ, саусақпен санарлықтай, кең иықты, ат жақты, езуі жсиылмады, тісін басты, қас қарайды, кірпік қаққанша*; 2) Құрылым құрылысы жағынан сөйлемге тең фразеологизмдер: *бір қолын екі ете алмады*;; *екі иығынан дем алды*; *үш ұйықтаса ойда жоқ*; *ел бетін көрместей болды, аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты*; *ішкен асы бойына тарамды*; *көзіне көк шыбын үймелетт*; *басы ауырып, балтыры сыздады*; *ішкен асын жерге қойды*; *көңілі су сепкендей басылды*; *қой үстіне бозторғай жұмыртқалады*, т.б.

Тұрақты сөз тіркестері мен күрделі сөздер сөздікте берілгенде, бірінші сөздің әліппелік тәртібіне қарай орналастырылады. Фразеологизмдердің бірінші сөзі көп жағдайда ұйтқы сөз деп аталады. Әсіресе сын есімдерден, сан есімдерден, бірлі жарым етістіктерден болған ұйтқы сөздер әрқашан фразеологизмдердің бірінші сөзі болып жұмсалады. Мысалы: *ақ айыл*; *ақ жауын*; *көк майса*; *көк мылжың*; *көк долы*; *бір шүйке*; *бір үзім*; *екі ұшты*; *екі талай*; *екі қабат*; *қырық жалау*; *қырық пышақ*; *өлгенде көрген*; *өлдім талдым дегенде*; *өлеріне көрінді*; *өлмегенге өлі балық*; *ішкен асын жерге қойды*; *іріп сойды*; *жатып ішер*.

Тұрақты сөз тіркестерінің белгілі сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда, тіркестегі негізгі сөздердің лексика грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдер тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді. Мәселен, *арасынан қыл өтпейді* деген идиоманың сыртқы грамматикалық сипатына қарасақ, етістікке жататын сияқты. Ал мұның беретін ұғымы тату-тәтті, дос деген сын есімге қатысты болып тұр.

Фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен туатын фразеологиялық мағынаны салыстырып отыру қажет. Мәселеге бір жақты емес, жан-жақты қарау керек.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді қай сөз табына топтастыру туралы пікірлерді Ә. Қайдаров, Р. Жайсақова [15, 2-3] мен Ә. Болғанбаевтың еңбектерінен ұшыратамыз [14, 110-111]. Ә. Қайдаров, Р. Жайсақова фразеологиялық тұлғаларды сөз табына:

1. Есімді фразеологизмдер;
2. Етістікті фразеологизмдер;
3. Одағай түрі;
4. Адвербиальды түрі;
5. Сөйлеу штампты түріндегі фразеологизмдер деп бөледі.

Ә. Болғанбаев – қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан төрт топқа бөледі.

1. Етістікті мағыналы фразеологизмдер;

2. Сындық мағыналы фразеологизмдер;
3. Заттық мағыналы фразеологизмдер;
4. Үстеу мағыналы фразеологизмдер.

Фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің сөз табына қатысы деген мәселе өте күрделі. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерді тұтас жинақтап, қайсысы қай сөз табына жатады деп есептеу мүмкін емес. Фразеологизмдерді лексика-семантикалық мағыналық-тақырыптық жағынан саралау, жіктеу, морфологиялық жағына қарағанда «икемге» келеді. Ал тұрақты тіркес тұлғаларын белгілі бір сөз табы деп айту қиын, алайда негізгі сөз табына орайлас келіп, сөйлемдегі бір мүшенің қызметін атқарады. Қайсысының қай сөз табына қатыстылығы тек шартты түрде семантикалық құрылымына қарай, ішкі мағына тұтастығына және сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарап қана төмендегідей межелеуге болады.

1. Етістікті мағыналы фразеологизмдер;
2. Есім мағыналы фразеологизмдер;
3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер;
4. Одағай тұлғалы фразеологизмдер;
5. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер;
6. Сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеологизмдер.

Қазақ тілінде де, басқа түркі тілдеріндегі сияқты фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөлінеді.

Жалаң етістікті фразеологиялық бірліктер үлгісіне: *жан сауғалау / бас сауғалау; кесір болу / кесір қылу / кесірі тию; т.б.*

Күрделі етістікті фразеологиялық бірліктер қатарына мысалдар: *шаңына ілесе алмау / шаңына ере аламу; сөзінің соңын жеп қою / сөзінің соңын жұтып қою; жүрек жалғап алу / өзек жалғап алу; т.б.* деген күрделі етістіктер – тұрақты тіркестер, яғни идиомаланған тіркестер. Мұндай іштей грамматикалық жағынан бөлшектенбейтіндей болып, лексика-семантикалық жағынан бір ғана негізгі мағынаны білдіретіндей болып орныққан бір бүтін тұлға есебінде қолданылатын етістіктің мұндай түрлерін А. Ысқақов [16, 239] **тұрақты тіркестер** деп атаған.

Фразеологизмдердің етістікті тіркестеріндегі ұғымның түп қазығы есім сөздерге байланысты. Есім сөздерге тіркесіп айтылатын етістікті компоненттер әр алуан. Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге қарағанда күрделі, сонымен қатар олардың парадигмалық жіктелуі де бай. Бұл ретте компоненттер құрамындағы ауыстырылып отыратын мәндес, мағыналас, синоним етістіктерінің алатын орны ерекше. Сол себептен де вариант қатарларының саны көп. Мысалы: **екі қатарлы:** *екі қылды қақ жару / қара қылды қырыққа бөлу; т.б.; үш қатарлы:* *әбігер болу / әбігерге түсу / әбігері шығу; т.б.; төрт қатарлы:* *адам айтқысыз / адам айтып болмас / адам айтып болмайтын / адам айтса нанғысыз; т.б.; бес қатарлы:* *көздің жасын бұлау / көздің жасын қыл қылу / көз жасын көлдету / көз жасын төгу / көздің*

жасын ағызу; т.б.; **алты қатарлы:** *жан алқымға таяну / жан алқымға тақалу / жан алқымға тірелу / жан алқымға келу / жан алқымға тығылу / жан алқымға алу*; т.б. Кейде жеті, сегіз қатарлы вариант тұлғалар кездеседі.

Қазақ тілінде де басқа түркі тілдеріндегі сияқты етістіктің аналитикалық түрлері өте көп. Осыған орай, тұрақты тіркестердің вариант қатарларының біразы есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы көбейе беретінін жоғарыдағы келтірілген мысалдардан айқын аңғарылады. Көмекші етістіктермен түрленуі арқылы компоненттер саны да өзгермелі болады. Мысалы: *тұла бойы қалтырау / тұла бойы қалтырап кету*; т.б.

Есімді фразеологизмдер негізінен екі салаға бөлінеді:

1. Заттық мағыналы (субстантивтенген) фразеологизмдер;
2. Сындық мағыналы (адъективтенген) фразеологизмдер.

Зат есімдердің ішінде затты немес заттық ұғымды әдеттегіше атаумен қатар, сол аталған заттың сын сипат жағынан қандай екенін екендігін қоса білдіретін, олардың кейбір өзіндік сипатын нақтылай түсіп, әсерлеу не бейнелеу жолмен сезім түрде эмоциялы – экспрессивті реңк беретін тіркестер бар. Олар заттық мағынада жұмсалатын фразеологиялық тіркестер. Заттық мағынадағы фразеологиялық бірліктердің семантикасында сындық мағынада ұшыраса берді. Сондықтан оларды сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай анықтау керек. Сындық мағыналы фразеологизмдер мағына жағынан заттың сынын, белгісін білдіретін сөздер болғандықтан, сөйлемде көбінесе анықтауыш қызметін атқарады. Сындық мағыналы және заттық мағыналы фразеологизмдердің құрамы ұқсас боп келген жағдайда (зат есім + зат есім) тек синтаксистік қызметіне қарап қана ажыратылады. Мысалы: заттық мағынасы: *ата қоныс (ата мекен) ата жұрт; өн бойы / тұла бойы*; т.б., сындық мағыналы: *ізгі ниет / ақ ниет; от ауызды / от тілді / от тісті*; т.б.

Үстеу мағыналы фразеологизмдерге сыртқы тұлғасы еш өзгермейтін, жіктелмейтін, септелмейтін, тұрақты түрде қолданылатын фразеологиялық бірліктер жатады. Тілдегі үстеу мағыналы тұрақты сөз тіркестері заттың әр қилы қимылы мен ісінің (етістіктің) әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй жайларын және сындық белгісін білдіреді. Сөйлем ішінде көбінесе пысықтауыш қызмет атқарады. Қазақ тіліндегі үстеу мағыналы фразеологизмдердің семантикалық құрамы біріншіден, үстеудің өз табиғатына, екіншіден, етістіктің көсемше формасына, үшіншіден, кейбір септік жалғауларының көнелеген түрлеріне байланысты. Есім мағыналы фразеологизмдер сияқты вариант қатарлары түрлі болып келеді. Мысалы: *қас қағым сәтте / қас қағым уақытта / қас қағым арасында; ес біліп, етек жигалы / ес біліп, етек жапқаниша*; т.б.

Үстеу мағыналы тұрақты сөз тіркестерінің сырт тұлғасы мүлдем өзгермейді деуге болмайды. Негізгі үстеулер басқа сөздермен тіркесуі арқылы кейде морфологиялық өзгерістерге ұшырап отырады. Осыдан барып, үстеу мағыналы фразеологизмдердің біраз вариант қатарлары жасалады. Мысалы: *тым болмаса / тым болса; енді болмаса / енді болмағанда; күн ара / күн аралатып*; т.б. Сонымен үстеу мағыналы фразеологизмдерге заттың ір қилы

кимыла мен ісінің ұдайы динамикалық сипатына орай, олардың жай-күйлерін алуан түрлі бейнелік ұғымда жеткізу үшін вариант қатарларының болуы үстем мағыналы тұрақты тіркестеріне де тән құбылыс.

Тіліміздегі басқа сөз таптарына қатысты фразеологиялық бірліктер ішінде жиі болмаса да, ауызекі тілде үнемі ұшырасатын фразеологиялық тіркестер бар. Олардың бір тобы одағайлы сөздермен қатар келіп, эмоциялы мағынаны үстем тұратын тұрақты сөздер. Жалпы алғанда одағайлы тұрақты сөз тіркестері терең ой қорытындыларын бір-ақ сөзбен айтып, сөйлеушінің күшті эмоциясын аңғартады. Одағай тұлғалы тұрақты сөз тіркестеріне: *Апырай десеңші! Уа, дариға! Дариға қайран заман-ай!* және т.б. мысалға келтіруге болады.

Сонымен қатар, қазақ тілінде субъективтік-модальдық мағынада айтылатын тұрақты тіркестер де кездеседі. Мұндай мағынадағы фразеологиялық бірліктер интонация арқылы жасалады. «Интонация әр алуан субъективті – модальдық мағыналарды білдіретін тәсіл ретінде қолданылады» интонация тәсілі сұраулық, демеуліктермен ұштасып келіп, риторикалық сұрақпен айтылады, олар әр түрлі эмоцияны білдіреді. Фразеологиялық бірліктердің табиғаты айтылар ойды ерекше сезім күйімен жеткізу болса, субъективтік-модальдық мағынадағы фразеологизмдер эмоциялы-экспрессивті мәнді одан бетер күшейтеді. Бұлардың қатарына:

1. **Демеулік шылаулар арқылы жасалған фразеологизмдер:** демеулік шылаулар мен интонация арқылы жасалған «субъективті» модальдық тіркестер – *қай шырағыңа көлеңке болады?* (кімге кесірі тиеді?), *есектің миын жегесің бе?* (ақымассың ба?), *ішінді жылан жайлап отыр ма?* (тоймадың ба?) және т.с.с. Жоғарыдағы мысалдардан демеуліктер сөйлемдердің мағынасына қосымша мағыналық өң беру үшін жұмсалатындығы аңғарылады.

2. **«Бар», «Жоқ» сөздері арқылы жасалған тіркестер:** «Бар», «жоқ» әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдерге – а) «бар» сөзімен: *сөзінің жаны бар / айтуының жаны бар;* т.б., б) «жоқ» сөзімен: *қыбыр еткен тірі пенде жоқ / тырс еткен тірі жан жоқ; көк тиын жоқ / соқыр тиын жоқ; және* т.б. «Жоқ» сөзімен жасалған фразеологизмдерде кейде соңғы компоненті болымсыз мағыналы етістіктермен, есім сөздермен алмасып, фразеологиялық бірліктің вариантын құрайтын тұстары бар. Мысалы: *арманы жоқ / арманы болмау; үш ұйықтаса ойында жоқ / үш ұйықтаса да түсіне кірмеу; амал жоқ / амал не;* және т.б.

3. **Болымсыздықты білдіретін «емес» көмекші етістігімен жасалған фразеологизмдер** үлгілеріне: *кет әрі емес (қарсы емес); бір емес, екі емес (қайта-қайта); басы екеу емес (қатерге басын тікпеу);* т.б.

Сөйтіп, жоғарыда келтірілген субъективтік-модальдық сөздер арқылы жасалған тұрақты сөз тіркестері қазақ тілінде бір алуан.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бір тобы – сөйлеу тілінде қалыптасқан дағдылы фразеологиялық тіркестер. Бұлар көбіне сөйлеу стиліне тән. Оларға: *ұзын сөздің қысқасы; аузыңа май, астыңа жорға тай; бәрін айт та, бірін айт; О заманда бұ заман;* т.б. Бұлар сөйлемде қыстырма сөздердің орнына жұмсалады, әрі ауызекі сөйлеу тілінде, диалог үлгісінде жиі қолданылады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығының ең көбі – етістік фразеологизмдер. Одан кейін сандық және заттық мағыналы фразеологизмдер, бұл үшеуінен азырағы үстеу мағынадағы тұрақты сөз тіркестері. Жеке сөз бен тұрақты тіркес мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бірінің орнына бірі жүргенімен, бұлардың білдіретін мән-мағыналары бірдей, тепе-тең емес. Тұрақты тіркестен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, әсіре мағынада айтылады. Сонымен қатар жағымды жағымсыз, экспрессивтік мәні болады. Жеке сөз нақтылы, дәл ұғымды көрсетсе, фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, оның үстіне бейнелеп, суреттеп, көз алдына келтіреді. Фразеологизмдер жеке сөздің орнына жұмсалса, оны дәл баламалық демей, жанамалық түрдегі қолданыс деп қарау керек.

Жоғарыда талданған фразеологизмдердің барлығы негізгі сөз табына әр компоненттердің беретін жиынтық мағынасына қарай шартты түрде ғана топтастырылған. Демек, фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтау, ең алдымен, ішкі мазмұн, яғни лексика семантикалық мағынасын айқындау деген сөз.

1.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ.

Фразеологизмдердің құрамы оны құрайтын компоненттер санына байланысты. Қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде де фразеологизмдер құрамында ең кем дегенде екі лексикалық бірліктен жасалып, көбейе беретіндігін табиғи құбылыс деп қарасақ, қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы компоненттер саны да бұл заңдылықты дәлелдейді. Екі-үш компонентті фразеологизмдерден бастап, жеті-сегіз компоненттерге дейін барады.

Компоненттер саны варианттылық тұрғысынан қарастырылса, мынадай екі түрлі өзгерісті байқалады.

1. Компоненттер мәндес, синоним сөздермен ауысқанда және трансформация негізінде басқа сөзбен алмастырылғанда фразеологизм компоненттерінің саны айтарлықтай өзгеріске ұшырамайды.

2. Фразеологизм құрамына кейде үстеме сөз қосып айтылғанда немесе керісінше, компоненттер саны қысқарғанда (түсіріліп айтылғанда), құрамы аралас, өзгермелі боп келеді. Осы аталған ерекшеліктерді ескере отырып, вариантты фразеологизмдердің компоненттер құрамына мына төмендегідей топтастыруға болады.

1. **Екі компонентті:** *қан қақсату / зар қақсату; ант ұрсын / ант атсын; көңілін табу / тілін табу; борышқа бату / қарызға бату; аяқ астынан / табан астынан; арқасы босау / мойны босау т.б.*

2. **Үш компонентті:** *адам құрлы көрмеу / кісі құрлы көрмеу; мойнына су кету / мойнына су құйылу; құлағының етін жеу / құлағының құртын жеу; Бөркін көкке ату / бөркін аспанға лақтыру т.б.*

3. **Төрт компонентті:** *сөзінің соңын жеп қою (сөзінің соңын жұтып қою; бір қызарып, бір бозару), бір қуарып, бір қызару; санда бар, санатта жоқ (санақта бар, санатта жоқ; мұз төсеніп, қар жастану), мұз жастанып, қар төсену т.б.*

4. **Бес компонентті:** *тырс еткен тірі жан жоқ / қыбыр еткен тірі жан жоқ / қыбыр еткен тірі пенде жоқ; кіндік кесіп, кір туган жер / кір жуып кіндік кескен жер; қаққанда қанын, соққанда жанын алу / қаққанда қанын, соққанда сөлін алу;*

5. **Аралас компоненттер:** *обалына қалу / көз жасына қалу; атар таң жоқ / атар таң, көрер күн жоқ; жайылып жастық болу; жайылып жастық, иіліп төсек болу; майдай жағу / майдай жағып, судай сіңу; бір жақсы жері / бір жақсысы.*

Фразеологизмнің варианттары жайлы жиналған мысалдарға қарағанда жиі кездесетін вариант тұлғалар көбінесе екі, үш, төрт компонентті тіркестер.

Фразеологизмдер бұрыннан қалыптасқан, қолдануға даяр тұрған тіркестер. Вариант фразеологиялық бірлікті құрылымы жағынан үлкен екі топқа бөлуге болады. Олар: 1) сырт тұлғасы жағынан сөйлеммен орайлас келетін; 2) сөз тіркесімен орайлас келетін вариантты тұлғалар.

1. **Сөйлеммен құрылымдас** вариант үлгілеріне мынадай мысалдар елтіруге болады: *аузы майланды / аузы жылы жұмсаққа тиді; ақыл таразысына салды / ой таразысына салды; араларына қылау түсті / араларына сөз түсті; көкірегінде оты бар / кеудесінде оты бар т.б. / аузынан ана сүті кетпеген / аузынан емшек табы кетпеген.* Бұлардың өзін құрылым жағынан өз ішінде екіге бөлуге болады:

а) жай сөйлеммен құрылымдас түрі;

б) құрмалас сөйлеммен құрылымдас түрі.

Жай сөйлеммен құрылымдас түріне мысалдар: *бағы жанды / бағы ашылды; әлпештеп өсірді / мәпелеп өсірді; көктен іздегені жерден табылды; ине тастар жер жоқ / ине шаңшар орын жоқ; ит басына айран төгілді / ит басына іркіт төгілді т.б.*

Құрмалас сөйлеммен құрылымдас үлгілеріне мысалдар: *әуелі құдайға, екінші саған тапсырдым / алдымен кешті батырды / таңды атырып, күнді батырды; ес біліп, етек жапты / ес біліп етек жиды; қаққанда қанын, соққанда сөлін алды, т.б.*

Мұндағы сөздер бір-бірімен байланысу тәсілі сөйлемде атқаратын қызметі жағынан кәдімгі жай және құрмалас сөйлемдерден ешбір айырмашылығы жоқ. Алайда, фразеологиялық орамдар калыпты сөйлемдердегідей жеке-жеке ұғымды емес, жеке сөздердің тура мағынасына еш қатысы жоқ, мүлде басқа ұғым, мағына береді. Синтаксистік тұрғыдан да бұлар бөліп-жаруға келмейтін бүтін бір тұлға болып табылады.

2. **Сөз тіркесімен құрамдас келетін** фразеологизм варианттарының үлгілерін екіге бөлуге болады:

а) жалаң сөз тіркесіне құрылымдас;

б) күрделі сөз тіркесіне құрылымдас.

Жалаң сөз тіркесіне құрылымдас варианттарының үлгілеріне мысалдар: *өзек жалғау / жүрек жалғау; жағаға жабысу / жагадан алу; ат шаптырым / тай шаптырым; дауа жоқ / не дауа; жіпсіз байлану / жіпсіз тұсалу т.б.*

Күрделі сөз тіркесіне құрылымдас варианттарының үлгілеріне мысалдар: *қарадан қарап жүру / қарадан қарап отыру; жаны ұстараның жүзінде / жаны пышақтың ұшында; аузынан жсырып әкету / аузынан қағып әкету; аяғына бас ию / аяғына бас ұру т.б.*

Фразеологизм құрамындағы сөздердің тұлғасынан септік формасының барлық түрлерін кездестіруге болады. Профессор Т. Сайрамбаева былай дейді: «Тұрақты тіркестер табиғи түрде септеліп, көнеленген септік жалғаулары арқылы жұмсалады. Ондай кезде тұрақты тіркестер, көбінесе, барыс, жатыс, шығыс, кейде көмектес жалғауында көріне алады. Мұндай көнеленген септік жалғаулы тұрақты тіркестер екі бағытта, яғни таза түрдегі септік жалғауда және негізгі сөз бен көмекші сөздердің түйдектелуі арқылы келеді». Мысалы: *жарым түн / түн жарым; арам қол / суық қол; шой қара / шойын қара; ақ бата / оң бата; тасбақа аяқ / тасбақа жүріс т.б.* – атау септік. *Ел аузында, ел аузына ілігу; ит тұмсығы батпайтын / ит тұмсығы өтпейтін* – ілік септігі. *Көтере мақтау / көкке көтере мақтау; көзіңе бақ / көзіңе қара* – барыс септігі.

Бойды билеу / бойды жеңу; демін алу / демін басу т.б. – табыс септігі; *шығарда жаны бөлек / шығарда жаны басқа; әзер дегенде / әрең дегенде* т.б. – жатыс септігі. *Аузынан суын ағызу / аузынан сілекейін ағызу* – шығыс септігі; *отымен ойнап, суымен қайнау / отымен кіріп, күлімен шығу* – көмектес септігі. Фразеологиялық тұлғалар о баста сөздердің жай тіркесі нәтижесінде пайда болғандықтан, жоғарыдағы түрлі септік формаларындағылар сөздердің еркін тіркесті компоненттеріне ұқсас келеді.

Ұйытқы сөздердің бірінші сөзі болып келуі басты шарт емес. Екі компонентті зат есімнен болған фразеологизмдерде ұйытқы сөз бірінші болып та, екінші болып та тұра береді. Дегенмен, ұйытқы сөз фразеологизмдердің бірінші (басты) компоненті болып қолданылуы өте жиі ұшырасатындығын жокқа шығаруға болмайды. Мұны мына мысалдардан айкан көруге болады. Мысалы: тіс сөзіне қатысты фразеологизмдер. Есім фразеологизмдер: а) сүт тіс, қасқа тіс, күрек тіс, ұры тіс; ә) тіс қаққан, тісі меруерттей, тіс тимеген, тіске басар. Етістік фразеологизмдер: тіс аларды, тісі батпады, тісін басты, тісі-тісіне тимеді, т.б. көптеген ұйытқы сөздерден құралатын фразеологизмдер бар. Тілдегі кез-келген сөз фразеологизмдерге ұйытқы бола алмайды. Халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан байырғы сөздік қордағы сөздер ғана ұйытқы сөздер бола алады. Сөздің сапа жағынан қаншалықты дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – оның көп мағыналық сипат болып, туынды мағынада жұмсалып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруға себеп болуына осы реттегі қазақ тіліндегі фразеологизмдерді жасаудағы анатомиялық атаулардың, дене мүшелерінің қызметі айрықша екендігін атай кеткен жөн. Әсіресе, көз, қан, бет, ауыз, қол, бас, аяқ, жүрек, тіл тәрізді адамның дене мүшелері сөзге арқау, ойға тірек, таяныш болып, тіліміздегі фразеологизмдердің бай қорын жасауда ерекше қызмет атқарады. Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан да көп сөздердің жымдасып келіп, жанамалығында айтылуы арқылы да білдіруге болады. Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағыналық тұтастығымен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөздің орнына жүреді. Фразеологизмдер мағына жағынан бір ұғымды білдіріп, бір сөздің орнына жүргендіктен, сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Олай болса, әрбір тұрақты сөз тіркес белгілі бір сөз табына бағынышты деген сөз.

Сөйлеу кезінде тыңнан жасалынбай, даяр калпында қолданылуы жағынан мақал-мәтелдер фразеологизмдерге ұқсайды. Мақалдар негізінен екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңына сол пікірді түйіндеп, қорытындылайды. Я болмаса, екі нәрсенің бір-біріне қарсы қойып салыстырады. Мысалы: жақсымен жолдас болсаң – жетесің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаласың ұятқа. Мақал тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі. Сондықтан да бұрыннан келе жатқан даяр материал болғанына қарамастан, жұрт мақалды айтуға да, тыңдауға да құмартып тұрады. Мақал-мәтелдердің адам баласының өмірінде қамтымайтын саласы жоқ. Соның бәрін аз сөзбен, көп мағыналы етіп білдіреді.

Мақал-мәтелдердің фразеологизмдерге жақын жері тек тілдегі даяр тұрған материал болғандығында ғана емес, мақал-мәтелдердің көпшілігінде кейде тұжырымды оймен қатар бейнелі шират жатады. Мысалы: құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады дегенде біз құстың ұшып қонуын ойламаймыз, ең алдымен адам туралы, күнделікті өмір тіршілік туралы ойлаймыз. Құс сияқты адамдар да бірімен бірі қол ұстасып өмір сүрмесе болмайды деген тұжырымға келеміз. Мақал-мәтелдер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатта, ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданады.

Фразеологизмдер сияқты мақал-мәтелдер де әбден қалыптасқан, орныққан, орны бекем болады. Бұлардың компоненттерінде өзара алмастыруға, басқа сөзбен өзгертуге келмейді. Сонымен қатар, сыртқы түр тұрпаты жағынан, яғни өзінің семантикасымен, құрылым құрылысы жағынан мақал-мәтелдердің фразеологизмдерден ерекшеліктері болады. Фразеологизмдер мағыналары астарлы бейнелеу мәнінде келеді. Ал мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдер қаншалықты ауыс мағынада айтылғанымен де құрамындағы сөздер өзінің байырғы лексикалық мағынасынан қол үзіп онша тасаланбайды. Сөз саны жағынан мақал-мәтелдерге қарағанда фразеологизмдер өте шектеулі болады. Көпшілігі үш немесе төрт сыңардан аспайды.

Өзінің құрамы жағынан фразеологизмдерге мақалдардан гөрі мәтелдер бір табан жақын келеді. Мақал белгілі бір ұғымды тікелей білдірсе, мәтел белгілі бір ұғымды жанамалап, меңзеп, тұспалдап айтады. Мысалы: бөріктің намысы бір, соқыр атқа қотыр ат үйір, кісідегінің кілті аспанда, жығылсаң нардан жығыл т.б. Мақал-мәтелдерде ұғымнан гөрі нақтылы ойды түйіндеп айту басым болады. Сондықтан бұлардың сыртқы құрылым құрылысы сөйлемге ұқсайды. Ал фразеологизмдер керісінше, нақтылы бір ұғымды астарлап айтып, сыртқы тұлғасы жағынан жеке сөзге теңесіп тұрады. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер талай замандар бойына жасалып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Алайда, бұлардың жасалып қалыптасу мерзімінде үлкен кереғарлық бар. Мақал мен мәтел әр заманның өзіне лайық туып көбейе береді.

Фразеологизмдер мақал-мәтелдер сияқты күнбе күн көбейіп тез дамып отырмайды. Тұрақты тіркес болу үшін белгілі бір жағдай керек. Әсіресе идиоманың шеңберіне енген сөз идиомалану, лексикалану, грамматикалану заңы мен даму өзгері процестерін басынан өткізу үшін талай уақыт қажет етеді. Сол себептен болса керек, фразеологизмдер, әсіресе идиомалар бір тілден екінші тілге сөзбе сөз аударуға көне бермейді. Ал мақал-мәтелдер тілден тілге, сөзбен сөзге емін еркін де аударыла береді.

1.3 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ АДАМ ДЕНЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФРЕОЗОЛОГИЗІМДЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.

Бинарлық жұптар классификациясын соматикалық фразеологизмдер астарындағы адамзат қоғамының рухани-мәдени жасампаздық бітімін танытатын халықтық білім қорын сараптаудың негізіне алу және адамның тәндік базисін, креативтік ойлау жүйесін, танымдық іс-әрекетін оның тілімен біртұтастықта зерттеудің тұғыры ету: біріншіден, «барша адам баласына тән биоанатомиялық негіз оның ми мен жүйке, сана мен жады құрылыстарының жұмыс істеу принциптерін айқындауға; екіншіден, адамзат атаулының ерекше қабілеттерін жүйелі зерттеуге; үшіншіден, адамның табиғи болмыс-бітімінің әлеуметтік-мәдени ұстанымдар негізінде даму, өзгеру, толығу бағыттарын талдап көрсетуге мүмкіндік береді [4, 41-б.]. Осы тұрғыдан келгенде дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагменттерін зерттеуде бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолданудың маңызы зор. Себебі адам организмнің физиологиялық асимметриясы (*оң/сол*) және адамның дене тұрқының вертикальды бағыттағы үштік жіктелісін (*бас, кеуде, аяқ*) арқау еткен соматикалық тілдік модельдер дүниенің қарабайыр бейнесінде ұжымдық сананың дуалистік және үшқабатты мифтік түсініктерін соматикалық кодқа түсіреді.

Адамның тұла бойының «*оң*» және «*сол*» асимметриялық жіктелісі қазақы дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінде әртүрлі нысандарды горизонтальды жазықтық бағытта салғастырудың негізіне алынып, адамның өмірлік әрекетінің сан алуан саласында (діни түсініктер жүйесі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, этикет, тұрмыс, т.б.) бағалауыштық, межелік, болжамдық т.б. өлшем қызметінде жұмсалады. Мысалы, *оң мен солын ажырату* (адамның оң жағында орналасқан нысандарды сол жақтағы заттармен, нысандармен салғастыру) «адамның кәмелетке толып, жақсы мен жаманды айыратын кезге келуінің, ержетуінің» белгісіне алынатын болса, *оң аяғымен аттап кіру* (қыз және бөтен отбасы) – атаның құтты қара шаңырағына жасаған жаңа түскен жас келіннің алғашқы қадамы (ырым).

Адам тұла бойының *бас жақ, кеуде тұс, аяқ жақ* болып үш бөлікке бөлінуі қазақ мифологиясындағы әлемді құраушы үш ғарыштық зонамен, дүниенің мифтік және діни моделінің тік бағыттағы үш қабаттық құрылымымен үйлестіріледі. Бұл үйлесімділік дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментін түзуші соматикалық модельдердің, басқаша айтқанда, *бас жақта, кеуде тұсында, аяқ жақта* орналасқан дене мүшелері атауларының қатысуымен жасалған фразеологизмдердің ішкі мазмұндық құрылымдарында «*жоғары әлемдік*», «*ортаңғы әлемдік*», «*төменгі әлемдік*» иерахиялық сатылық жүйенің сақталуына әсер етеді. Мұндай жағдайда соматикалық модельдердің когнитивтік-концептуалдық өрісі дүниенің мифологиялық моделінің үш иерархиялық қабаты аясына жинақталатын мифтік-діни түсініктерді тұтастай камтиды деуге болады. Мұны, біріншіден, *басынан бақ құсы кетпеу, басынан бағы таю, маңдайының соры бес елі, маңдайына жазылған, төбесі көкке жету, төбесі тесік, көзінің сұғын қадау,*

тіл тию, тіл тигізу, жаны көзіне көріну, т.б. тәрізді адамның бас жағында орналасқан дене мүшелері атаулары арқылы жасалған тілдік модельдердің ішкі формаларында сақталған «Жоғарғы әлем → Тәңірі (Алла, Құдай) → Құдірет күш → Тән → Рух → Жан → Тағдыр → Бас → Құт» мифологемдік қатардың дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде адам жаратылысы туралы сакралдық сипаттағы концептуалдық білім жүйесін бекітуінен байқауға болады [5].

Адам дене мүшелерінің жоғарыдан төменге қарай орналасуы дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде заттар мен құбылыстардың, кимыл-қозғалыстың *жоғары/төмен* осьтік өзіндік құрылымын айқындайды: *басы жерге жеткенше иілу* (ерекше құрмет көрсетті), *төбесі көкке жеткендей болу* (қатты қуану), екі көзі тас төбесіне шығу (үрейлену), табан асты қылу (жарамсыз, керексіз ету) т.б. Мұнда әр дене мүшесінің *жоғары/төмен* бинарлық оппозициялық жүйедегі өз орнынан ауытқуына, белгілі бір бағыт бойынша жасалуға тиісті кимыл-қозғалысынан тануына негізделіп жасалатын образдар соматикалық фразеологизмдердің жалпы мағынасындағы жағымды немесе жағымсыз мағыналық коннотацияның пайда болуына арқау болып қана қоймайды, сонымен қатар адамның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын асыра немесе төмендете бағалауын, соған байланысты белгілі бір сәттегі адамның көңіл-күйінің жоғары немесе төмен болуын да бейнелейді.

Қан, тамыр, құрсақ, жатыр, тұқым, ұрық сияқты ішкі ағзалардың адамның табиғи көбею процесіндегі маңызы оларды «*жақындық*» категориясы шеңберіне енетін ұрпаққа қатысты әлеуметтік-мәдени коннотациялы тілдік модельдерді қалыптастыруға жетелейді. Мысалы: *қаны бір* (бір кісіден тараған, я болмаса тегі бір туыстар), *қандас* (қаны бір, туыс), *тамыр жайды* (кең таралды, өсіп, өркен жайды, рулы елге айналды), *тамырына балта шапты* (үрім-бұтағының түбіне жетті), *құрсақ көтеру* (балалы болу), *тұқымынан (ұрқынан) жарымаған* (ата-бабасына дәулет бітпеген, о бастан кедей), *жатырынан қағынған* (туа қағынып өскен, кішкентайынан бұзық жолға түскен) т.б. Демек адамның ішкі органдарының атауларының қатысуымен жасалған фразеологизмдерді дүние бейнесінің әмбебап таңбалық кешендері кескінделетін *жат/жақын* бинарлық оппозициясының жақын сыңары аясына «адам және қоғамдық-әлеуметтік ортасы, осы ортада адамның өзі белгілеген ішкі шеңбері мен сыртқы шеңбері арасындағы байланыстың әр қырына қатысты ұғым-түсініктерді жинақтайтын» тілдік модельдер деп санауға болады.

Ал адам дене бітімінің *алдыңғы жақ/артқы жақ* симметриялық жіктелісінің «*артқы*» компонентін құрайтын, адамның өзі көре алмайтын *желке, арқа, бел, жсауырын, сегіз көз* сияқты дене мүшелері (бұлшық еттерімен қоса) адамның тірек – қозғалыс аппараты (*қаңқа сүйек, бұлшық ет, сіңір*) құрамында денеге тірек болу және ішкі органдарды күш түсуден, механикалық зақымданудан қорғау қызметтерін атқаратыны белгілі. Олардың бұл қызметтері дүниенің қарабайыр тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагменттерінде адамның сезімдік танымын жүзеге асырушы каналдардың бірі адам терісінің

сезу қызметімен астасып келіп, сырттан (қоршаған орта) ішке (адамның психика-физиологиялық қалып-күйіне) немесе іштен сыртқа бағытталатын «элеуметтік күштің» көрнекі бейнесін сомдауға қатысатыны байқалады. Мысалы: *Белге соққан жылындай болып қалды* (орнынан тұра алмай қалды, дертті болды; кайғыға ұшырады), *бел алды* (күш алды), *бел буды* (бір іске тәуекел етті), *бел қайысты* (күйзелді), *бел ортасында* (белгілі бір мүшел жастың ортас тұсына келгенде), *бел құда* (ұл-қызын тумай жатып атастырып қойған кісілер), *бел омыртқасы үзілді* (күл-талқаны шықты), *жоңынан таспа алды* (өлімші етіп сабады), *арқасы мұздап қоя берді* (сескенді), *арқа еті арша, борбай еті борша болды* (әбден шаршады, азып-тозды), *арқасына аяздай батты* (қатты тарықты; азап шекті, қыспақ көрді), *арқа тұтты* (біреуді сүйеніш қылды, тірек етті), *желкесінен түспеді* (үстемдік етті), *желкесін қиды* (өлтірді) т.б.

Тілдік дүние бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозиция тұрғысынан қарастыру тіл және адамның ойлауы, танымдық әрекеті арасындағы тығыз сабақтастықта айрықша рөл атқаратын тілдік үнемдеу заңдылығының өзіндік қырын айқындауға зор мүмкіндік береді.

Соматикалық фразеологизмдер – адамның сыртқы әлемді сезінуі мен дүниені қабылдауының тілдік модельдері, сезімдік танымға негізделетін логикалық-танымдық мағлұматтар арқалаған ұғымдардың тілдік бейнесі ғана емес, мәдениеттің соматикалық коды қызметін де атқарады.

Психика концептерінің «анатомиялық» интерпретациясын жасайтын қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы *жаны ашыды, жанды жаралады, ақылы алқымынан аспаған, ақыл азуы шықпаған, сабыр суы таусылды, ары айрандай төгілді, ой көзімен тыңдады, қайратына мінді, намысы қозды, көмекейдегі көмескіні болжады, көмекейі бүлкілдеді, көмекейі түсінікті, көңіл берді, көңілге қаяу түсірді, көңілге тоқ санады, көңіл көтерді, көңілі /жүрегі/ орнына түсті* т.б. фразеологизмдер арқылы адамның жан сарайының жан, жігер, сабыр, ақыл, намыс, ар, қайрат, көңіл, сезім т.б. дерексіз компоненттері адамның қандай-да бір қабілет-қасиеттері үшін жауап беретін кәдімгі адам бойында бар дене мүшелері сияқтана көрініс беріп, адамның ішкі әлемінің «органдары» қызметінде жұмсалатыны байқалады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде адамның психикалық күйі, сезім жағдайы үшін «жауап беретін» реалды емес «органдар» өзіндік сыр-сипаты, атқаратын қызметтері, заттық кейіп-кескіні бар «дерексіз дене мүшелері» тұрғысынан сипатталады. Мысалы, қазақтың қарабайыр тілдік санасы *жанды* адамның ішкі әлемінде «белгілі бір орны, мекен-жай-ұяшығы» бар (*жан ұяда болса, жаны жай тапты, жан сауғалады, жан саялады*), заттық сын-сипатқа ие (*жаны тәтті, жаны қатты, жан себіл*), өз тарапынан әрекетке бара алатын (*жан терге түсті, жан дауысы шықт, жан алқынды, жан тәсілім қылды, жан қысылды, жан таласты, жан далбасалады*) және қандай да бір әсерді қабылдайтын (*жанды жегідей жеді, жанды ұрлады, жанға шипа*), қимыл қозғалыстағы (*жаны көзіне көрінді, жаны мұрнының ұшына келді, жаны қара бақайына кетті*) «орган» түрінде түсіндіреді.

Ми соматизмінің қатысуымен жасалған *миы ашыды* (не істерін білмеді), *ми кеттірді* (бас қатырды, әуре қылды), *ми қайнатар ыстық* (аспан айналып жерге түсердей ыстық) сияқты фразеологизмдердің фондық мағынасы дүние бейнесінде бекіген мидың «көп тұрса ашып», «ыстықта қайнап, тіптен кеуіп кететін» сұйық зат екені туралы «қарабайыр» түсінікті көрсетеді. Ал сыртқы әсердің салдарынан мидың біртіндеп қатайып, жетіліп, толып, толысып отыратын физикалық қасиеті *көк ми* (ақылы шолақ, топас, айтқан сөзді түсінбейтін адам), *миы қатты* (бір нәрсенің шешімін таба алмай, әрі-сәрі болды), *миы жетті* (сыр-қырын ашалап түсінді, игерді), *миға қонбады* (ақылы жетпеді, түсінбеді), *миы толмау* (ақыл-есі кембағал) сияқты соматикалық фразеологизмдер арқалаған образға арқау етілген болса, фразеологиялық ауыспалы мағынасы мидың реалды орган ретінде атқаратын қабылдау, түйсіну, ойлау, түсіну, ойлану қызметтеріне негізделеді. Демек *ми* соматизмінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер дүние бейнесінде бекіген адамның *миы* туралы «қарабайыр» білімнің дүниенің ғылыми бейнесіндегі адам *миы* туралы ғылыми мәліметтен алшақ кетпейтінін байқатады. Әйтседе мидың адам организміндегі маңызды да кең ауқымды қызметіне, құрылым-құрылысына негізделіп қалыптасқан ұғым-түсініктердің дені дүниенің қарабайыр бейнесінде *бас* соматизмі арқылы сипатталады. Мұнда *бас* соматизмі *ми* лексемасымен синонимдік қатар түзіп, мидың атқаратын қызметтері мен физикалық қасиеттері *бас* материалдық органының «қарабайыр физиологиясының» құрамында түсіндіріледі. Қазақы дүниенің қарабайыр бейнесінде *адам басы* ділдік қабылдау және бір нәрсе туралы әр түрлі ұғымдарды өзіне жинақтау органы ретінде «көлемді шұңғыл ыдыс», «зат» түрінде елестетіледі. Ол «ыдыстың», «қуыстың» толуы мен толмауы (*басқа кірмеді*), басау мен босамауы (*басы пәледен босады*), көлемінің үлкеюі мен кішіреюі (*басы қазандай болды, шарадай басы шақшадай болды*), «ыдыс» ішіндегі «сұйықтың» сыртқы күштің ықпалымен қозғалысқа түсуі (*басы әңкі-тәңкі болды, басы (миы) шайқалды, басы қатты, басына қысым түсті*) қандай да бір мәселенің ой-санаға әсерімен ұштастырылып, *бас* «ақыл-ой қоймасы» және «психоэмоциялық күйдің кеніші» тұрғысынан сипатталады.

«Адам дене тұрқының жоғарғы жағында орналасқан мүше», «ақыл-ойдың, сана-зерденің, ес-жадының ұшығы», «ұғым-түсініктер қоймасы», «оңды-терісті шешім қабылдайтын орган» болуы бастың әлеуметтік мәртебесін биіктетіп, оның жаратылысын мифологиялық таныммен, тәңірлік және ислами діни наным-сеніммен байланыстыруға негіз етіледі.

Қазақтың «қарабайыр» санасы «адамның өзі және оның бала-шағасы, туыс-туғандарының тегіс аман, уайымсыз-қайғысыз өмірін» *басы аман, бауыры бүтін* деп сипаттағанда *басқа* тікелей қатысы бар дене мүшесі етіп адамның тұла бой бөлігінің ішкі қуысында орналасқан орган - *бауырды* тандап алады. Оның негізгі себебін бастың «қабылдауды, түсінуді, ойлануды, жоспарлауды» жүзеге асыратын, ал бауырдың «ұрық дамуында қан түзетін және адам ағзасындағы улы заттарды залалсыздандыратын орган» ретіндегі қызметтерімен түсіндіруге болады. Олардың бұл қызметтері дүниенің тілдік

бейнесінде бас «жеке тұлғаның» (*қара басыңа көрінгір «пәле-қала өз түбіне жетсін», басына келді «біреуге істегені өзіне келді», басынан кешті «өз өмірінде болып өтті», қара басын күйіттеу «өзінің ғана пайдасын көздеді», сорлы бас, сор маңдай «бақытсыз адам», басымен жауап берді «нендей жазаны болсын өзі көтерді» т.б.*), бауыр «қандық, генеалогиялық туыстықтың» (*бауыр етім «ен жақындарым», туган бауыр «бір әке бір шешенің балалары», бауыры құтсыз «бала тұрақтамайтын адам» т.б.*) символы етілуге арқау болғаны сөзсіз.

Адамның ауыз, мұрын, көкірек, құрсақ және жамбас қуысында орналасқан ішкі ағзалар негізінен ас қорыту, тыныс алу, зәр шығару жүйелерінен, жыныс ағзалары және ішкі секрециялық бездерден құралады десек, дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде ішкі ағзаларды құрайтын материалдық органдар ең алдымен «зат» ретінде сипатталып, олардың қарабайыр «анатомиясы» туралы түсініктеме адам әлемінің, ішкі жандүниесінің, психофизиологиялық қалып-күйінің, тіптен рухани-мәдени әлемінің бейнелі суреттемесімен астасады. Мәселен, дүниенің ғылыми бейнесінің медициналық фрагменті адам дене мүшелерінің өмір тіршілігін қамтамасыз ететін тамырлар жүйесіне *қан, жүрек, жүрек қабы, талақ, тамырлар, қылтамырлар* сияқты ішкі ағзаларды жатқызады және олардың әрқайсысының атқаратын қызметін, түр-түсін, орналасу орнын ғылыми тұрғыдан толық сипаттайды. Ал дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагменті олардың қарабайыр «анатомиялық» сипаттамасын ауыспалы мағынада адамның психоэмоциялық (сезім-күйінің) жағдайының образына арқау етеді. Мысалы, *талақ* – ақ және қызыл ұлпалы тіндерден тұратын қоймалжың затқа толы, асқазан мен көк ет арасында сол жақ қабырға етегіне орналасқан ағза. Ол медицинада «қан сақтайтын қойма», «қан қысымын реттейтін және қан жасау процесіне қатысатын орган», «мерзімі біткен эритроциттер ыдырайтын орын» тұрғысынан түсіндіріледі. Осыншама маңызды қызмет атқаратынына қарамастан, медицинада ауру талақты алып тастауға болатыны, адам талақсыз да тіршілік ете алатынын дәйектейді. Дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментіндегі «ымы-жымы бір, сыбайлас адамдар» туралы *талағы жабысты*, «бұлан-талан боп ашуланды» мағынасында *талағы тарс айырылды*, «некесін бұзды» және «дүниеден безді, өмірден түңілді» дегенді білдіретін *талақ етті*, «қыр соңынан қалмады» деген мәндегі *талақша жабысты сияқты* талақ соматизмі тірек болған тұрақты тіркестер олардың жасалуына қазақтың талақ туралы «қарабайыр» анатомиялық білімі негіз болғанын аңғартады. Басқаша айтқанда, адамның сол жақ қабырғасының етегіне жабысып тұратын орган талақтың шамадан тыс толуы оның жарылуына, ал солуы оның қабырғаларының бір-бірімен жабысуына әкеп соғатыны жайлы «қарабайыр» түсінік біртіндеп адамның қатты ашуланған сәтін (*талағы тарс айырылды*), мінезін (*талақша жабысты*), жеке адамның сезім күйін немесе адамдар аралық қарым-қатынастың үзілуін (*талақ етті*) бейнелеп, *талақ* туралы «анатомиялық қарабайыр білім» адам туралы философиялық ілімге ұштасқаны сөзсіз.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде *жүрек* адам ағзасының физиологиялық реакцияларымен байланысты сезімдік әрекеттерін сипаттайтын материалдық орган түрінде көрініс береді. Жүректің орналасқан орнын дүниенің қарабайыр бейнесі «адамның ішкі жан дүниесіне қатысты квазиорғандар мен материалдық органдардың шоғырланған жері» саналатын адамның кеуде тұсымен байланыстырады: *кеудемде жаным барда, көкірегінде (жүрегінде) оты бар, жүректі сара тілді* т.б. Бұл мағынада жүрек «жан» және «көңіл» квазиорғандарымен қатар жұмсалады. Құрамында «*жүрек*» соматикалық компоненті кездесетін соматикалық фразеологизмдерді талдау барысы адамның күш-қуаты мен қажыр-қайраты да жүректің «сыртқы ортаның әсерін қабылдау және оған тойтарыс берудегі» физиологиялық қасиетімен байланысып жататынын аңғартады. Мысалы, «*жүрек-күш*» семантикалық өрісіне енетін «нағыз батыр, ержүрек» дегенді білдіретін *жүрегінің түгі бар* соматикалық фразеологизмін алатын болсақ, «қарабайыр» тілдік сана адамның көзсіз ерлікке бара алатын қайратын, алып күшін «жүректің сыртын түкті қабық жауып тұратынымен, ол жүректі сыртқы әсерден қорғау функциясын атқаратынымен» түсіндіреді. Дүниенің қарабайыр бейнесінде бекіген «жүректің сыртқы түкті қабығы» жайлы қарабайыр «анатомиялық» мағлұматтың шынайылығын дүниенің ғылыми бейнесінің медициналық фрагментіндегі: «Эпикард – жүрек қабын сыртынан жауып тұратын жұқа қабықша. Жүрек қапшығының ішкі бетін перикард деп атайды. Перикард пен эпикард арасындағы қуыста сероздық ылғал болады. Ол жүрек жиырылып жұмыс істеп тұрғанда қабықшалардың өзара үйлеспейтіндігіне себеп болады. Эпикард пен перикард та жүректің өткізгіш жүйесіне жатады», деген ғылыми ақпарат дәйектей түседі [6, 161-б.].

Дүниенің тілдік бейнесінде *бауыр* соматизмі тікелей анатомиялық атау ретінде қолданылады және бейнелі ауыспалы мағынада адамның қандық жақындығына қатысты сөз-образдар әлемін түзуге қатысады. Мысалы, *бала бауыр етім*, фразеологиялық тіркесінде бауыр іштен шыққан баламен теңестіріліп, *бауырын жарып шыққан* «туған перзент» мағынасында жұмсалады. Бауыр этностың қарабайыр таным-түсінігінде әр түрлі өмірлік типтік жағдаятқа байланысты «елжірейді», «қатаяды», «суиды», яғни физикалық өзгерістерге ұшырап отырады. Мысалы: *бауыры суыды* «күдер үзді», *бауыры қатты* «мейірімсіз қатал» т.б. Адамның ең ауыр қайғысы жақынынан айрылу осы органның «езіліп кетуімен» байланыстырылады: *бауыры езілді* «қатты қайғырды». Қазақы дүние бейнесінде *бауыр* адамдар арасындағы қарым-қатынастағы «ең жақын» дистанцияның символына алынады: *бауыр басты* «жақын тартты», *бауыр етім* «өте жақын», *бауыр тұтты* «жақын тұтты», *бауыры бүтін*, *бауыры есен* «бала-шаға, туыс-туғаны аман-сау», *бауыры құтсыз* «бала тұрмайтын әйел», *бауырына басты* «құшақтады, аймалап төсіне қысты» немесе «бала асырап алды», *бауырына кірді* «өте жақын қарым-қатынас орнатты» т.б. Дүниенің тілдік бейнесінің номинативтік және фразеологиялық фрагменттерінде бауыр соматизмінің қандық туыстықтың нышанына (бала, аға-іні) алынуын дүние бейнесінің

медициналық фрагментінде атап көрсетілетін «ұрықтың даму процесіне қатысты бауырдың ең маңызды қызметімен, атап айтқанда ұрықтың 7-8 апталық дамуынан бастап қан жасау процесі бауырда өтетінімен» [6, 185-б.] байланыстыруға болады.

Адам организмі үшін белгілі бір қызмет атқаратын шынайы материалдық органдардың бірі - *өкпе*. Өкпе организмге оттегін жеткізу қызметін атқаратын тыныс алу жүйесіндегі ең маңызды ішкі ағзалардың бірі. Қазақтың «қарабайыр» санасы өкпенің бұл қызметін «тынысы тарылды» деген мағынадағы *өкпесі алқымына тірелді, өкпесі өшті, өкпесі алқынды*, «бар пәрменінше жүгірді» дегенді білдіретін *өкпесін қолына алып жетті* сияқты тілдік модельдердің семантикалық шеңбері аясына жинақтайды. Сондай-ақ өкпеге ауаның жетіспеуінен болатын алқына дем алу мен тыныстың тарылуы қатты қимылдаған немесе жүгірген адамда ғана емес, бір нәрсеге қатты ренжіген адамда да байқалатынын бағамдаған тіл иесі дүниенің қарабайыр бейнесінде *өкпені* адамның психикалық қалып күйі - «реніш» ұялайтын орган ретінде сипаттап, ол органға «заттық белгі» дарытады: *өкпесі қара қазандай* - «қатты ренжіді», *өкпесі тарқады* - реніші кетті, *өкпе сызы* - көңілдегі қаяу, *өкпесі жоқ* - «еш реніші жоқ», *өкпесі жүрмеді* - «реніші өтпеді» т.б.

Адамның өз айналасын, ақиқат болмысты тануы көру ағзасы — *көздің* атқаратын қызметінің арқасында жүзеге асады десек, адамның дене құрылысындағы маңызды мүше – көз арқылы кеңістіктегі заттар мен құбыстардың белгі-нышандары, кескін-кейпі, мөлшер-көлемі, мән-маңызы т.б. қасиеттері ажыратылады, анықталады. Көздің анатомиялық орган ретінде нақты қызметі адамның айналасын көзбен шолып, қабылдауынан туындайды, яғни адам көздің көмегімен өзін қоршаған әлемді танып, пайымдайды, бағамдайды. Көз арқылы адам сыртқы дүниеге әсер етіп қана қоймай, көрген құбылыстарының кеңістіктегі орналасу тәртібін, көлемін, әр түрлі қасиеттерін бағамдайды (*көз жетер жер, көз шалым жер, көз мөлшерімен алғанда, көзді ашып-жұмғанша, көз жүгіртті, көзге қораш, көздің жауын алады* т.б.), яғни қазақ тілі көздің тек көру қызметін ғана емес, көздің «өлшеудің құрал-сайманы» бола алатын қызметін де *көз таразы, көңіл қазы* деп нақты атап көрсетеді. Демек дүниенің қарабайыр бейнесінде көздің өлшемдік қызметіне негізделіп «адамның ең нәзік сезімдерін түзетін квазиорган» – көңілдің «анатомиялық» интерпретациясы жасалады. Мәселен, дүниенің қарабайыр бейнесінің *көңілге түсті* «көз алдына елестеді», *көңіл аудармады* «назар аудармады, мән бермеді», *көңілмен қарамады* «ықылас-пейіл танытпады», *көңіліне қарады* «ренжіткісі келмеді», *көңілі ашылды* «сергіді, серпілді», *көңіл аударды* «назар аударды» сияқты моделдері адам денесінде дүниені танудың, қабылдаудың көзге көрінбейтін реалды емес, заттық тұрпаты жоқ сезім органы болатынынан хабар береді. Бұл көрінбейтін органда қимыл-қозғалыс бар, яғни «қарайды», «аударды», «салады», «өседі» т.б. Онда нақты қара, көк, сұрғылт сияқты өң-түс жоқ, бірақ ол да көз секілді «қараяды», «ағарады»: *көзі қарайды* - «ашу-ызадан

түк көрмей қалды», / *көңілі қарайды* - «торықты, еңсесі түсті», *көзі ағарды* «зар еңіреді»/ *көңілі ағарды* «өкпе-реніші арылды». Реалды орган ретінде көз – ашылатын, жұмылатын, ұйқыға кететін болса, реалды емес сезім органы – ашық, үнемі ояу, ырғи сергек: *көзі ашық көңілі ояу* – «сауатты, бір нәрсенің байыбына бара алатын адам». Өмірде көзі соқыр кәріп жандар айналасын осы ең жоғарғы дәрежеде дамыған материалды емес сезім органы – көңіл арқылы қабылдайтыны, сезетіні, танитыны хақ. Реалды орган – *көз* адамның психикалық күйінің белгілі бір сәтін бейнелесе (*көзі жарқ ете қалды, көзі парлады, көзіне қан құйылды*), реалды емес сезім органы – *көңіл* адам сезімінің сәттерін тоғыстыратын, біріктіретін қасиетке ие. Мәселен, бір жақын адамнан хабар алмаған кезде немесе бір істің нәтижесін күткен жағдайта адамда болатын әлсіз қорқыныш, аздаған қауіп, тағатсыздық, жылт еткен үміт сияқты қымқиғаш сезімдер арпалысын *көңілдің алаң болуы* білдіре алатын болса, *көңілдің босауы* адамның босаңсу, қобалжу, қамығу, толқу сияқты сезімдер тоғысын бейнелейді, мұндай сезім күйі сыртқа көзге жастың келуі арқылы лықсып шығады, яғни адамның «көзіне жас алуы» «босаңсыған көңілдің» сыртқы симптоматикасы. Демек реалды материалдық сезім органы – *көз* арқылы реалды емес квазиорган – көңілде шоғырланатын адамның қуаныш-бақыты, шаттығы, реніші, күйініші, сүйініші, мейірім-мерейі, қиял-арманы, тілегі, ықылас-пейілі т.б. танылады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінде көзге көрінбейтін, реалды емес сезім органы – *көңіл* адамның реалды сезім мүшесі *көз* жете алмайтын кеңістікті көре алу қабілетімен ұштастырылады: *көңіл құсы шарықтар шартарапқа, көңіл жетер, ағайын, көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе* т.б. Демек *көңіл* – адамның көру ағзалары жүйесіне енетін сезім каналдарының бірі.

Қазақ тіліндегі дүниені көз арқылы көрудің, қабылдаудың, танудың моделдерінде бейнеленген реалды емес сезім мүшелері, таным каналдары туралы түсініктер қазіргі заманғы адамның физиологиясы, адамның дене құрылысы, адамның сезімдік танымы мен логикалық ойлау жүйесі туралы ғылыми біліммен дәлме-дәл қабыспайтынымен, көп жағдайда сәйкес түсіп жататыны байқалады. Дүниені көру арқылы қабылдау туралы қазіргі ғылыми түсінік көру сезімі пайда болатын мидың белгілі бір орталықтары мен сенсорлық сигнал (жарық тербелістері) арасындағы күрделі қатынастар туралы ғылыми білімге негізделетін болса, адамның өзін-өзі, өзін қоршаған ақиқат болмыс үзінділерін көру арқылы танудың, қабылдаудың тілдік моделдерінің түп негізінде – қарабайыр санада қалыптасқан адамның көзі туралы өте көне түсініктер, тіптен тіл иесінің мифтік санасымен байланысып жататын реликт ұғымдар жатыр деуге болады.

Дүниенің қарапайым бейнесіндегі адам «физиологиясы». Адамның сыртқы келбетіне байланысты образдар «галлерейасын» жасауда тіл бірліктерінің ішінен соматикалық фразеологизмдер айырықша белсенділік танытады. Олардың денотативтік және коннотативтік мағыналары адам келбетін кескіндеудің тілдік моделін сомдайтын болса, образдық-фондық негіздері ұлттық эстетикалық

таным-талғамның, дүниетанымдық көзқарастардың, адамды қоршаған табиғи және әлеуметтік-қоғамдық, мәдени ортаның әр алуан қырына берген бағаның тұтастығын құрайды. Адамның бет-әлбет, дене бітімінің, жас ерекшелігіне байланысты сыртқы түр-тұрпаттағы өзгерістердің денотативтік мінездемесі мен жалпы физиологияның бейнелі сипаттамасын жасауда жан-жануарлар, құс, өсімдік атаулары мен тұрмыстық зат атауларының айрықша белсенділік танытуын табиғатпен біте қайнасып, үндестікте тірлік кешкен қазақтың көшпелі өмір салтымен, тұрмыстық мәдениетінің өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады. Мәселен, көшпелі өмір салтына негізделген қазақы эстетикалық талғам бойынша адам көзінің қой мен ботаның көзіне, мойыл мен қаракатқа ұқсас болуы, яғни қызғылт-сұры немесе тұнық қара түс пен дөңгелек пішін көз сұлулығының өлшемі етілетін болса, жұмыр пішін дене сұлулығының (*жұмыр білек, тоқ балтыр*), бәйге атының, жыланның қимылы адамның қимыл сұлулығын (*жаратылған аттай, әбжыландай толғану*) айқындаудың көрсеткішіне алынады. Демек қазақ халқының менталитетінде адамның бет-келбетінің, тұлға-тұрпатының сын-сипатын сипаттауда мәдениеттің соматикалық коды түр-түстік, фитонимдік, зооморфтық, заттық кодтармен тоғыстырылып, соматизмдердің семантикалық өрісінің ассоциациялық мүмкіндігі артады.

Қазақ тілінің соматикалық фразеологиясы этномәдениет өкілінің әлемді өзі арқылы, өзінің ішкі болмысы мен сыртқы келбеті арқылы қабылдауын, тануын, пайымдауын суреттейді, қоршаған ақиқат болмысты адамның «қарабайыр анатомиясы» мен «қарбайыр физиологиясы» туралы ұғым-түсініктер арқылы моделдеуін көрсетеді. Сонымен тілдік дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде соматикалық модельдер арқылы сомдалатын адамның қарабайыр «анатомиясы» мен «физиологиясын» – «ішкі жан дүниенің» *ақыл, ес, елес, көңіл, жігер, жан* т.б. реалды емес «мүшелерінен», сан алуан психикалық реакциялар мен көңіл-күйдің туындауын, пайда болуын және көрініс беруін қамтамасыз ететін адамның тәндік жүйесінен, сондай-ақ адам денесіндегі *бас, көз, мұрын, ерін, тіл, тіс, жақ, мойын, кеңірдек, алқым, қол, жүрек, бауыр, қан, ми, сіңір, тамыр, сүйек, аяқ, тізе* т.б. реалды органдардың біртұтастығынан тұратын күрделі жүйе деп түсінуге болады. Мұндай адам бойындағы реалды және реалды емес квазиоргандардың қатысуымен жасалған стереотиптік тілдік модельдер мен образдар адамның ішкі және сыртқы әлемінің тілдік бейнесін сомдайды. Оларды ой «сүзгісінен» қайтадан өткізіп, дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінің соматикалық коды ретінде қарастыру көнерген ұғым-түсініктердің образды-ассоциативтік және прагмастистикалық күшін бағамдауға мүмкіндік береді. Дүниенің тілдік бейнесінде бекіген адамның қарабайыр «анатомиясы» мен «физиологиясы» туралы көне түсініктер шеңберіне адамның интеллектуалдық әрекетінің заттық емес нәтижелері, адамның эмоциясы мен сезімінің лексика-семантикалық топтар мен өрістегі көрінісі, адамның психикалық, эмоциялық, интеллектуалдық, уәждемелі-қажеттілік жүйесі, адамның ішкі сезім жағдайының сыртқы симптоматикасы

тұтастай қамтылатындықтан, оларды әлем туралы білім қоры ретінде пайдаланылатын концептуалдық жүйені мән-мағына, мазмұнмен байытатын тілдік интерпретациялық қайнар көз деп санауға болады.

Адам дене мүшелері атауларының тұрмыстық мәдениеттің соматикалық коды қызметінде жұмсалыуы. Адам тілі белгілі бір тілдік этномәдени қауымдастықтың тілі ретінде сол этностың ұлттық тарихы мен мәдениетінің айнасы, сан ғасыр жинақтаған өмірлік тәжірибесін сақтаушы және келер ұрпаққа табыстаушы қызметін атқарады. Сондықтан да тілдік бірліктер ұлт өмірінен ақпарат беретін мазмұнды дүние бейнесінде бекітетін тілдік модельдер саналады. Дүниенің тілдік бейнесінде адамның дене мүшелері атауларының метафоралық қолданыстағы деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, *бас, көз, құлақ, тіл, жүрек, аяқ, қол, бауыр, тіс, өкпе, тізе, қолтық* сияқты дене мүшелері атаулары дүниенің тілдік бейнесінің фразеологиялық фрагментінде өте жиі қолданыстағы соматизмдер, ал *шынтақ, қолтық, шынашақ, білезік* т.б адам тұла бойындағы «детальдар» сияқты көрінетін дене мүшелері атаулары сирек қолданыстағы соматизмдер екендігі аңғарылады. Осыған сәйкес адамның барлық дене мүшелері концептуалды ұғым-түсініктердің тіректік позициясында көрініс бере бермейтіні, адам дене мүшелерінің арасынан *бас, маңдай, ауыз, желке, сүйек, қол, аяқ* сияқты тіл иесінің «қарабайыр санасында» аса маңызды деп табылғандары ғана «*Тіл-Адам-Қоғам-Мәдениет*» төрттігі аралық қатыстылықта дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің соматикалық кодына алынып, адам өміріне байланысты символдық мән арқалайтыны байқалады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің соматикалық кодының дүниенің мәдени бейнесінің әлеуметтік кодымен тоғысын «Адам-Мемлекет» концептуалдық жүйесіне қатысты алғанда адам организміндегі қан-тамырлар жүйесі және денеге белгілі бір пішін берумен бірге адамның қимыл-тірек аппаратын құрайтын қаңқа – *сүйек* қазақ қоғамның ру-тайпалық негізінің және ру-тайпалар арасындағы жер дауы, жесір дауынан туындап келген жаугершілік қақтығыстардың суретті сипаттамасын жасауда айрықша белсенділік танытады. Мәселен, дүниенің қарабайыр бейнесінде *сүйек* соматизмі жеке адамның туа біткен қасиетін, жасынан қалыптасқан әдет-дағдысын оның тектік негізімен (*сүйегі асыл, сүйекке сіңген, сүйегі жасық, сүйегі жаман, сүйекке біткен мінез т.б.*) түсіндіретін болса, дүниенің мәдени бейнесінде *сүйек* тұтас бір әулеттің рухани құндылығының өзегін құрап, әулеттің абырой-атағының өлшемі етіледі, әулет, ру-тайпа аралық қарым-қатынастың тым көнелігін бейнелейді: *сүйекке таңба болды, сүйек жаңғыртты, сүйекке түсті, сүйегі менікі, еті сенікі, сүйек тістескен, сүйек шатыс* т.б. Ал дүниенің қарабайыр бейнесіндегі адам анатомиясы туралы түсінікке қатысты алғанда «қан жүретін құбыр» бейнесінде көрініс беріп, адамның күш-қуатын таңбалайтын *тамыр* соматизмі (*тамырына қан жүгірді*- «әрленді, қуат бітті», *тамыры суалды* - «арықтады, жадап жүдеді» т.б.) дүниенің мәдени бейнесінде қазақ қоғамындағы «тұқым, үрім-бұтақ, ұрпақ жалғастығы» мәселесіне қатысты, сондай-ақ қандай-да бір нәрсенің таралу

деңгейін көрсететін әлеуметтік кодқа айналады: *тамырына балта шарты, тамырын кесті, тамырымен құрып кетті, тамырын тереңге жайды* т.б.

Адамның дене мүшелері тілдің антропоцентристік ұстанымын нақты жүзеге асыратын эгоцентрлік бағыттағы категорияға жатады. Лексиканың соматикалық қабаты адамның дене мүшелерінің бастапқы атауларымен қатар, адамның ішкі жан дүниесінің қалтарыс- қатпарларын бейнелеп танытатын, суреттеп атайтын, сол арқылы адам психикасының сан алуан қалып-күйін, адами қасиеттерді көрнекі түрде елестетуге мүмкіндік беретін екінші мағыналардың құрылу процесін де көрсетеді.

2. ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

2.1 ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ӨЗІНЕ ТӘН СИПАТТЫ БЕЛГІЛЕРІ.

Жапон тілінде де басқа тілдердегідей фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері бар. Жапондықтардың айтуы бойынша фразеологизмдер сөйлемде басқа бір сөздің эквиваленті ретінде қолданылатын сөздер болып табылады. [17, 503] Осындай тілдік бірліктер өзгеріске түспейтін тіркестер, фраземалар, фразеологиялық мағыналар, фразеологиялық айналымдар, идиоматикалық тіркестер деп те аталады. [17, 504]

Жапон тіліндегі мұндай бірліктер «идиомалар», «канъёку», «канъёгоку», «сейку» [18, 581], «сейго», «кимари монку», «жюку го», «жюкушита го», «кодзи-но монку» [19, 493] деп айтылады.

Осы аталған терминдердің қайсысын болса да тұрақты сөз тіркестері ретінде қолдануға болады. Жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізгі ерекшеліктеріне келер болсақ, оларды анықтау үшін оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасын, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілерін анықтау керек.

Тұрақты сөз тіркестер сөзбе-сөз аударуға келмейтін толық мағыналы, семантикалық жағынан тұтас, толығымен номинациялы, мотивтелінбейтін, ажыратылмайтын бірліктер ретінде анықталынады.

Негізінен тұрақты сөз тіркестерінің семантикалық тұтастығы жапон тілінде де өз мағынасын сақтайды. Бірақ ол негізгі пән болып немесе арнайы оқу болып саналмайды. Мұндай жағдайда тұрақты сөз тіркестері өз құрам бөліктерінің мағына тұтастығымен, күштілігімен ғана ерекшеленеді.

Жапон тілінде 油を売る (сөзбе-сөз – май сату) – жұмыс істемейтін сандалбай, жалқау деген тұрақты сөз тіркесі бар. Мұнда тіркес ішіндегі құрам бөліктері өздерінің тура мағынасын жойған. Бірақ お腹が空く «қарны ашу, ашыркану» деген тіркестен бұл фразеологизмнің мағынасын құрам бөліктеріндегі сөздердің өзі-ақ айқындап түсінікті етіп тұр.

Тұрақты сөз тіркестерінің негізгі белгісінің тағы бір түрі – құрам бөліктерінің орын тәртібі. Тұрақты сөз тіркестерінің орын тәртібін қатал тәртіппен қадағалаған жөн Оларды мағынасына қарай ғана ауыстыра аламыз. Бірақ қатал тәртіппен құралған сөз тіркестерімен қатар, орын ауыстырса да мағынасы өзгермейтін, айтушының еркімен жүретін тіркестер де жапон тілінде кездеседі. Мысалы: 仲良く тіркесін алсақ, ол 良い仲 болып орны ауысып айтылса да мағынасы өзгермейді. 田中の娘とこの子猿との 仲が良くなったのは、それからのことでございます。 *Танаканың қызы мен маймыл*

баласының арасындағы достық содан кейін басталды. 二人は良い仲だ。

Екеуінің арасы жақсы. Екі мысалда да екі жақты қарым-қатынастың арақатынастың жақсы екенін білдіріп тұр.

Тұрақты сөз тіркестерінің ішіндегі еркін емес тіркестер не тұрақты, не идиоматикалық болады. Тіркестердің тұрақтылығы бір элементтің пайда болуымен бірге екіншісі қосылып, бір негізгі ретті құраған жағдайда айқындалады.

Ал белгілі бір ретпен басқа сөздермен тіркесіп, аудармалық эквиваленті бола алатын сөзі бар болған жағдайда тіркес идиоматикалық тіркес бола алады. Бірақ мұндай идиоматикалық және тұрақтылық жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің егжей-тегжейін жасыра алмайды.

Жапон тіліндегі 油を売る деген тіркесті идиоматикалық деу мүмкін емес, онык қазақ тіліндегі мағынасы «май сату» болса, мұнда ешқандай да фразеологиялық мағына бермейді және ол сөзбе сөз аударғанда өз мағынасын жояды. Бұл дегеніміз тұрақты сөз тіркесінің тұрақтылық дәрежесін кез-келген бір құрам бөлікке қатысын тура анықтауға тағы болмайды деген сөз.

Фразеологиялық дегеннің өзін елестеткен кезде ол аномалиялар сияқты барлық жағдайда да ережеден ауытқи алады. Бірақ бұл тәртіп жапон тұрақты тіркестерінің барлығына да тән бола алмайды.

Фразеологиялық бірліктің негізгі белгісі, тұрақтылық түсінігі, семантикалық жылжу арқылы пайда болған. Жапон тіліндегі сөйлемдерде бұл белгінің жарамсыз кездері де болады. Мысалы: ピカピカ光る, 場所を浮かべる деген сияқты тіркестерде семантикалық жылжу ережесі жүрмейді. Бұл тұрақты сөз тіркестерінің тағы бір негізгі ерекшелігін көрсетеді. Осы сияқты тіркес қозғалысы жапон тіліндегі тіркестердің аз ғана бөлігіне қатысты болғандықтан, бұл жапон тіліндегі тіркестердің негізгі белгісі ретінде қарастырылмайды.

Тұрақтылық түсінігі тіркестің құрам бөліктері арасындағы детерминацияға қатысты сияқты.

Тұрақтылық туралы мұндай анықтауды В. Л. Архангельский көрсеткен [20, 7]. Мұнда «тұрақты сөз тіркестерінің өзгермейтіндері детерминделуші мүшелер» деп атап көрсетті. Өзгеріссіз мүшелер тұрақты сөз тіркесінің мүшесі. Бұл қандай жағдайда да лексикалық, семантикалық, морфологиялық жағынан маңызы зор нәрсе.

Осындай негізгі белгілері арқылы жапон тілінің тұрақты сөз тіркестері ерекшеленеді. Осы белгілеріне қарап қазіргі жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін құрамындағы бөліктерінің мағынасы арқылы толық бір мағына бере алатын ортақ немес біржақты детерминацияланатын, компоненттері берік байланыстағы кем дегенде екі сөзден тұрып, белгілі бір мағына беретін сөз тіркесі деп атаймыз.

Қазіргі жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің компоненттерінің детерминациялау түрі туралы сөз қозғалса, бұл тіркестердің негізгі компоненттерінің детерминділігіне байланысты детерминділік үш түрге

бөлінеді – лексикалық, семантикалық, морфосемантикалық дәрежелер. Бұлардың классификациясын сатылық жүйемен құруға болады.

Біз компоненттердің синтогматикалық детерминациясынан ауытқимыз, яғни компоненттердің арасындағы формальді қатынасына байланысты немесе керісінше олардың детермиленбеуі, мысалы: **気にかかる** деген тұрақты тіркесі алынса, бұл тіркестің тұрағы жоқ. **気に** компоненті **かかる** компонентіне тәуелсіз. Немесе **寄ると触る** деген тіркестің екі компоненті де бір-біріне тәуелсіз.

Лексикалық дәреженің бірлігі үшін лексема қолданылады. Бұл аудармасы жоқ, лексикалық мағынасы мүлдем өзгерген, тек мағыналық түсіндірмесі ғана енгізілген сөздер.

Компоненттердің лексикалық детерминациясы берілген лексеманың тіркесте басқа бір лексемамен бірге қолданылуын талап етеді де, осы лексема сөйлемде өзінің қосылуымен-ақ сөйлемді детерминдей алады.

Мұндай детерминация кезінде тұрақтылық дәрежесінде сәйкес келетін тұрақты сөз тіркестері басқа бір белгілерін қажет етпейді, бірақ кейбір тұрақты сөз тіркестері өз тұрақтылығымен тұрақтылықтың ең жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Семантикалық бірліктің дәрежесі семема болады. Яғни, сөздік формасы және арнайы лексикалық мағына бере алатын бірліктер. Мұндай жағдайда әр компоненті есептелінбей, семантикалық дәрежедегі детерминацияны білдіретін детерминдеуші мүше семема, белгілі бір лексикалық мағынасы бар басқа бір семемамен лайық тіркесіп, арнайы бір мағына беретін тұрақты сөз тіркесін құрайды.

Осындай компоненттердің маңызды белгілерінің бірі сөздің лексикалық мағынасы, сөздік формасы ретінде бұған тұрақтылықтың ең төменгі дәрежесі сәйкес келеді. Морфосемантикалық бірлік дәрежесіне морфосемема жауап береді, яғни сөздік формасы, аударма түрі бар арнайы грамматикалық формада қолданылып, белгілі бір мағына бере алатын сөздер. Мұндай сөздер арнайы бір грамматикалық формада қолданылып тұрғандықтан, жеке бір компоненттің қолданылуын міндетті түрде талап етеді.

Ал И. А. Мельчук жалпы тіл біліміндегі тұрақты сөз тіркестерін олардағы тұрақтылық немес идиомалық белгілердің болу, болмауына байланысты төрт класқа бөледі:

- 1) идиомалық тұрақты;
- 2) идиомалық тұрақсыз;
- 3) идиомалық емес тұрақты;
- 4) идиомалық емес тұрақсыз. [21, 10]

Түрлі тілдегі ерекшеліктерге байланысты бұл кластардың толық кездеспеуі де мүмкін. Жапон тіліндегі фразеологизмдер идиомалық белгілерінің болуымен және тұрақтылық белгілерінің болмауымен сипатталады. Мысалы: **首を切る** –

босату, шығарып жіберу (сөзбе-сөз «басын кесу»); **ひどい目に会う** – қиын жағдайға тап болу (қорқынышты көздерге кездесу).

Жоғарыдағы мысалдардан байқалғандай жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің өзіне тән белгілерінің бірі олар түрлі құрылымдағы бірліктерден тұрады. Олардың ішінде, әсіресе, ерекше байқалатыны «бастауыш – баяндауыш» үлгісі бойынша құрылған фразеологиялық бірліктердің болуы, бірақ олар сөйлемнің бір мүшесі ретінде ғана қолданылады. Осы типтегі фразеологиялық бірліктер баяндауышқа сәйкес келгенде етістік арқылы да, сондай-ақ предикативті сын есім арқылы да көрініс табады. Мысалы: **足が出る** – жетіспеу (аяғы пайда болу), **頭が低い** – қарапайым болу (басы төмен болу), **門が立つ** – көпшілікпен кездесу (қақпасы кең), т.б.

Жапон тілінде тұрақты сөз тіркестерінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі әр түрлі тілдік стилдің өз қолданысындағы фразеологизмдерінің болуы және олардың өзіндік сипаттарға ие болуы. Атап айтатын болсақ, ауызекі қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері экспрессивті стилистикалық бояуда көрініс алып, идентификациялауға қиындық туғызады. Сондай-ақ ауызекі тілдегі тұрақты сөз тіркестері негізінде тұрмыс-салттың белгілері, халық дәстүрлері жатқан айқын ұлттық колоритпен ерекшеленеді. Ұлттық колорит басқа стилдегі фразеологизмдерге де тән, бірақ ауызекі тілде сәл басқаша. Мысалы: **қызырып кету** (ұялғаннан) деген мағынадағы синонимдік қатарды салыстырайық - **茹でだけのようになる** (ауызекі қолданыстағы фразеологизм) – «піскен осьминогтай болу»; **紅葉を散らす** (әдеби тілдегі фразеологизм) – «кызғылт күзгі жапырақтарды шашу».

Әдеби қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері тақырыптық семантикалық жоспарының айрықша кеңдігімен ерекшеленіп осы жағдайда ауызекі қолданыстағы фразеологизмдерге жақындай түседі. Шығу тегі бойынша әдеби қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері байырғы жапондық және шетел тіліндегі фразеологиялық бірлік деп бөлінеді. Бірінші топты дәстүрлі мәдениет, дінмен байланысты тіркестер, көркем әдеби айналыстар құрайды. Мысалы: **袖を絞る** – көз жасын төгу, **どうにいる** – жетік меңгеру және т.б. Ал, шет тілдерінен енген фразеологизмдердің негізгі қабатын қытай тілінен енген сөздер құрайды. **五十歩百歩** еш айырмашылық жоқ, **羊頭句肉** – алдамшы түр, т.б. Сондай-ақ, екінші топтың біраз бөлігіне әлемдік мәдениет, әдебиет және тарих негіз болады. Мысалы: **トロイの木馬** – Трояндық ат, **十字架を負う** – крест тағу, т.б.

Ал енді публицистикалық стилдегі тұрақты сөз тіркестері белсенді қалыптасу және қолдану аясымен сипатталады (қазіргі қоғамның ұжымдық бұқаралық қызметінің түрлі салалары: ғылыми-техникалық, халықаралық, мәдени, спорт, т.б.) және бұл стилдегі тұрақты сөз тіркестері белгілі бір

дәрежеде интернационалды болып келеді. Яғни, басқа тілден енген кірме сөздер көп. Мысалы: 地球市民 – әлем азаматы, バトンタッチ – эстафетаны беру, т.б.

Жалпы ғылыми жанрдың тұрақты сөз тіркестері адамның интеллектуалды сараптамалық іс-әрекеті және оның өнімдерімен байланысты тіркестерден құралған, мысалы: 一行を要する – ойлануды талап ету, 論をまたない – дәлелдерді қажет етпеу, т.б.

Жапон тіліндегі әр жанрдың өзіне тән тұрақты сөз тіркестерінің жоғарыда аталғандарынан басқа грамматикалық, стилистикалық, лексикалық басқа да ерекшеліктері бар.

Сонымен жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріне де, жалпы тіл біліміндегі фразеологизмдеріндегі белгілер тән екен және кейбір өзіндік ерекшеліктері де кездеседі.

2.2 ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ.

Енді жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін топтастыруға келейік.

Қазіргі жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің детерминдік дәрежесін лексикалық, семантикалық, морфосемантикалық деп жіктейтін болсақ, оны біршама сатымен топтастыра аламыз. Тұрақты сөз тіркестері сөз және еркін сөз тіркестерінің арасында келетін тілдік бірлік болғандықтан, мұндай жағдайда тұрақты сөз тіркестерінің сатысын сөзге жақын немесе еркін сөз тіркесіне жақын деп бөлеміз.

Осылайша жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін жалпы алты түрге бөлуге болады.

Бірінші түрі – фразеологиялық қосылым немесе сөз бен сөз тіркестерінің қиылысында тұрған тұрақты сөз тіркестері.

Күрделі сөздерге және сөз тіркестеріне жақын болу белгілері арқылы, бұлар сонымен қатар екі сөзден: түбірсіз, күрделі түбір сөздерден тұру арқылы жай сөздерден ерекшеленеді. Бұлар:

1. Тығырыққа тірелген жағдайда да еш өзгеріске түспейді;
2. Бұлардың құрам бөліктерінде синтагматикалық қатынастар кездесіп отырады;
3. Әрбір жалғасқан сөзді жеке алып қарағанда өздігінен күрделі түбір сөздер болады.

Қосылған сөз тіркестерінің жиынтығы осы белгілерге ие болған жағдайда ғана тұрақты сөз тіркестері ретінде қаралады.

1. Барлық сөз тіркестерінің мағынасы толығымен компоненттердің мағынасына байланысты емес, бірақ олардан бөлінетіндері 日本国民 Жапония + халық, жапон халқы, 八歩美人 сегіз жақты+әдемі, жағымпаз, пайдақор дегендер болып табылады.
2. Компоненттердің лексикалық және семантикалық дәрежесі бір-біріне ортақ детеминацияға түседі. Бұлардың басқа сөз тіркестерінен айырмашылығы мұндай сөз тіркестерінің өз іштеріндегі ерекше белгілері болмайды.

Фразеологиялық қосылым лексикалық және семантикалық детеминацияның негізінде пайда болған. Мысалы: *jimmen ju:shin* (адам бейнесіндегі аң) адам емес аң, 半死半燒 (жартылай өмір, жартылай өлім) өлімен тірінің арасында.

Қазіргі жапон тілінде мұндай тұрақты сөз тіркестерінің аудармасы лексикалық мағынасы арқылы бөлінеді де басқа сөз тіркестерінде кездеспейді. Тәжірибеге жүгінсек бұлар негізінен тұрақты сөз тіркесіне лексикалық мағына беретін лексема ретінде ғана қолданылады.

Jimmen лексемасы тілде қолданылғанда өзімен бірге *ju:shin* лексемасының қолданылуын талап етеді немесе керісінше.

Фразеологиялық топталудың екінші түрі – фразеологиялық жіктеу. Фразеологиялық жіктелудің фразеологиялық қосылымынан айырмашылығы сөз

тіркестерінің сыртқы түрі лексикалық дәрежеде біржақты немесе ортақ детеминделеді. Фразеологиялық жіктелудің бірінші дәрежесі: 人気のない – елсіз, ессіз; 身の毛がよだつ – төбе шашы тік тұру.

Осы тұрақты сөз тіркестерінің 人気, よだつ компоненттерінің бірі лексикалық архаизмнің лексемасы болады да, басқа тіркестерде қолданылмайды және мағынасы болмайды.

Фразеологиялық жіктелімнің екінші дәрежесі жапон тілдік жүйесінде лексикалық мағынасы бар, бірақ тұрақты сөз тіркестерінің ішінде маңыздылығын жойған құрам бөліктерден тұратын жіктелім.

Осындай фразеологиялық жіктелімнің құрам бөліктері фразеологиялық жіктелімнің тура бірінші дәрежелі детерминанттары сияқты лексема болады, яғни бұлардың мағынасы фразеологиялық жіктелімнің құрылуына қатыспайды деген сөз. Бірақ фразеологиялық жіктелімнің бірінші дәрежесінен айырмашылығы мұндай тұрақты сөз тіркестерінің барлық құрам бөліктері лексикалық детерминанттар, яғни мұнда ортақ детерминация бақыланады. Мұны мына тіркестік мысалдардан байқауға болады.

а) 油 зат есімі ~を жұрнағының қосылуы мен әр түрлі етістіктермен байланысып тіркес құрайды:

注ぐ	майын тамызу
さす	майын жағу
引く	майын жағу
取る	майын шығару
油を 塗る	май жағу
絞る	май сығу
流す	майын ағысу
かける	майын құю (отқа май құю)
売る	жұмыс істемейтін жалқау

油 сөзі тіркес құрғанда өз мағынасын мүлдем жояды.

б) 売る етістігі әр түрлі зат есімдермен қосылып тура олықтауыш болады.

身を	өзін сату
店を	дүкенді сату
名を 売る	карьера жасау
男を	жаулап алу (әлсіз)

国を Отанын сату

油を жалкаулану

あぶらを зат есімі мен **うる** етістігі әр түрле еркін және еріксіз тіркесте қолданылуы мүмкін. Кей жерлерде **うる** етістігі тура мағынасымен *сату* деген сөзді көрсетсе, кей жерлерде жанама мағынада қолданылып тұр. Ал кейбір тіркестерде тек лексема ретінде ғана қолданылып тұр. Тұрақты тіркестің үшінші түрі фразеологиялық жинақ немесе фразеологиялық бірліктер мен фразеологиялық жіктелімнің арасында тұратын тұрақты сөз тіркесі.

Бұл тіркестің бірінші компоненті сөздікте лексикалық мағынасы бар, бірақ басқа бірнеше етістіктермен қосылғанда ғана мағынасы айқындалатын сөздер бола алады.

Мұндай сөздердің мағынасы түрле етістіктермен қосылғанда айқындалады. Бұл сөзге тіркелген етістік осы сөзге мінездеме беру арқылы мағынасын айқындайды.

Төмендегі мысалдарға қарасак:

	言う	бұркылдау
ぶつぶつ	煮る	қайнау
	煮える	қайнау
よく		жақсы пісу
柔らかかに	煮える	жұмсақ болғанша қайнау
ぶつぶつ		қайнау
よく	煮る	жақсы қайнау
大きく		көп сөйлеу
うっかり	言う	өз ойын айту
そう		солай айту

Әр етістік әр түрлі үстеулермен тіркесе алады. Бірақ *butsu butsu* үстеуі тек үш етістікпен ғана тіркес құрай алады да мағынасы тура сипатталады. Тілдің басқа тіркестерінде бұл үстеу лексикалық дәрежеде қолданылып детерминант болады. Сондай-ақ фразеологиялық жинақмағынасы болу үшін белгілі бір семема үстеу мен семема етістік тіркесіп келуі керек. Сонымен қатар фразеологиялық жинақтан тыс орындалған бірінші компонент тұтасымен лексикалық мағынаға ие болады. Семантикалық дәрежедегі компоненттрелі фразеологиялық жіктелімде екі немес үш компонент болатын болса, тіркестің мағынасы бір компонентке ғана байланысты тәуелді болады.

Барлық тұрақты сөз тіркестері дыбысқа еліктеуіш үстеу + етістік деген жинаққа сүйенетін болса, онда ол фразеологиялық жинақ деген атқа лайық деп есептелінеді.

Тұрақты сөз тіркестерінің төртінші түрі – фразеологиялық бірлік. Фразеологиялық бірліктің фразеологиялық жіктелімінен айырмасы бұл өз мағынасын барлық компоненттерінің қосылуы, бірігуі арқылы ғана аша алады. Фразеологиялық бірлік ортақ немесе біржақты семантикалық детерминацияға түсіп, компоненттері лексикалық дәрежедегі индетерминацияға түседі.

Фразеологиялық бірліктің бірінші дәрежесі 肝を潰す «бауыр+таптап тастау - аң таң болу» деген сияқты тіркестер бола алады.

つぶす етістігі мен зат есімдердің ~を жалғауы арқылы тіркесу формасы мынандай:

- | | | |
|-------------------------------------|----|-------------------------|
| а) 帽子を | | калпағын тарту |
| 団体を | 潰す | ұйымды бөлу, топтастыру |
| 肝を | | аң-таң болу |
| б) зат есімі әртүрлі етістіктермен: | | |
| | 売る | бауырын сату |
| 肝を | 買う | бауыр сатып алу |
| | 潰す | аң-таң болу |

Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің әрбір компоненті әр түрлі тіркестерге түсе алады, яғни лексикалық дәрежеде инетерминді болады. Бірақ тұрақты сөз тіркестері толық мағынасына ие болу үшін арнайы бір етістік арнайы бір зат есіммен ғана тіркесе алады. Мысалы, つぶす етістігі きも зат есімімен тіркескенде ғана «аң-таң болу» деген мағынаға ие бола алады. Мұндай фразеологиялық бірліктер семантикалық дәрежеде ортақ детерминацияға түседі.

Фразеологиялық бірліктің екінші дәрежесі 口車に乗る «торға түсу» деген сияқты тіркестер. 口車 зат есімі тек 乗る немесе 乗せる етістігімен ғана тіркесіп мағына құрай алады. Ал 乗る етістігі кез-келген зат есіммен тіркесе алады.

- | | | |
|------|----|-----------------|
| 汽車に | | поездға отыру |
| 馬車に | 乗る | экипажға отыру |
| 電車に | | трамвайға отыру |
| タクシに | 乗る | таксиге отыру |

馬に

атқа отыру

話に

аңгімеге қосылу, кірісу

くちくるま сөзі кез-келген басқа етістікпен тіркесе алмайды және лексикалық дәрежедегі етерминант болады. Тұрақты сөз тіркесі өз мағынасы ие болу үшін тіркестің екі компоненті де сеантикалық дәрежеде детерминациялануы керек.

Тұрақты сөз тіркесінің бесінші түрі фразеологиялық тіркестің ортасында тұратын тіркес. Бұндай тіркестер **が + する** формасындағы тіркестер болады (**気がする**, **音がする**, **匂いがする** т.б.). Фразеологиялық бірігудің бірінші компоненті (**音が**, **匂いが**) қолданып тұрған екінші компонентті лексикалық жағынан да, семантикалық жағынан да детерминдей алмайды, немесе керісінше компонент бірінші компонентті детерминдеуге әлі жоқ.

気が

速い

小さい

楽だ

仕事を

教師を

する

こと т.б.

Бірақ тұрақты сөз тіркесі өзіне тән мағына алу үшін (**気がする** сияқты, сезіледі, **音がする** естіледі) **する** етістігімен «**が**» формасындағы зат есім тіркесуі керек. Д. Сираисидің айтуынша, жапон тіліндегі адам сезімін, дене мүшелерінің сезімін анықтайтын тіркестер **が** жұрнағы, **が** формасы арқылы өз мағынасын айқындауда күштірек болады екен. [19, 53]

Қазіргі грамматикалық көзқараспен мұндай құрылымдар ережеден ауытқыған аномалия реінде қабылданады: 1) егер бірінші компоненті бастауыш ролінде тұрса тұрса, онда етістік (**する**) өздігінен тура толықтауышқа айналады; 2) егер бірінші компонент тура толықтауыш болып тұратын болса, ол өзіне **~を** жалғауын талап етер еді.

Өз нормасынан, тәртібінен ауытқу **止むを得ない** конструкциясында байқалады. Мұндай грамматикалық аномалия барлық жай тіркесті тұрақты сөз тіркесіне айналдырады. Яғни мұндай тіркестің бірінші компоненті морфосемантикалық дәрежедегі детерминант болады.

Мұндай тұрақты сөз тіркесі фразеологиялық бірлік бола алмайды. Фразеологиялық бірігу қазіргі грамматикалық көзқараспен аномалия болып саналады, компоненттерінің мағынасы арқылы мағынасы арқылы мағынасы ашылатын тіркестер.

Тұрақты сөз тіркестерінің алтыншы түрі - *фразеологиялық байланыс*. Бұлар компоненттері толығымен өзінің лексикалық мағынасын сақтайтын тіркестер. Бір компонентті мысалы: етістік тіркес ішінде жанама мағынада тұрса, онда ол өзімен бірге тура мағынадағы бірнеше компоненттің тұруын талап етеді.

Мысалы: 浮かべる етістігі (көріну сипаттау) адамның сезімін сипаттауға бейім зат есімдерімен бірге қолданылады.

涙	を		көз жасымен
喜び	の	浮かべる	қуану
微笑	を		күлімдеу

飲む, 吸う, 吹かす етістіктері «тарту» деген мағынамен синонимдік заттармен, зат есімдермен бірге қолданылып, өз мағынасын береді. Басқа сөзбен айтқанда бірінші компонент өзіне лайық сөздің орнына қолданыла алады. Ал екінші компонент тіркесе шектеулі дәрежедегі зат есімнің қолданылуын талап етеді, тізбектелген зат есімдердің мағынасын анық, ашық айқындап ашуға күші жетпейді. Яғни бұл семантикалық дәрежедегі детерминант болады.

Жоғарыда көрсетілгендей жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріне тән белгілердің біріне олардың қолданылу аясына қарай да топтастырылуын жатқызуға болады. ауызекі қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері экспрессивті стилистикалық бояуда көрініс алып, идентификациялауға қиындық туғызады. Сондай-ақ ауызекі тілдегі тұрақты сөз тіркестері негізінде тұрмыс-салттың белгілері, халық дәстүрлері жатқан айқын ұлттық колоритпен ерекшеленеді. Ұлттық колорит басқа стилдегі фразеологизмдерге де тән, бірақ ауызекі тілде сәл басқаша. Мысалы: *қызырын кету* (ұялғаннан) деген мағынадағы синонимдік қатарды салыстырайық *ゆでだこのようになる* (ауызекі қолданыстағы фразеологизм) – «піскен осьминогтай болу»; *紅葉を散らす* (әдеби тілдегі фразеологизм) – «кызғылт күзгі жапырақтарды шашу».

Әдеби қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері тақырыптық семантикалық жоспарының айрықша кендігімен ерекшеленіп осы жағдайда ауызекі қолданыстағы фразеологизмдерге жақындай түседі. Шығу тегі бойынша әдеби қолданыстағы тұрақты сөз тіркестерін байырғы жапондық және шетел тіліндегі фразеологиялық бірлік деп бөлінеді. Бірінші топты дәстүрлі мәдениет, дінмен байланысты тіркестер, көркем әдеби айналыстар құрайды. Мысалы: *そでをしぼる* – көз жасын төгу, *どうにいる* – жетік меңгеру және т.б. Ал, шет тілдерінен енген фразеологизмдердің негізгі қабатын қытай тілінен енген сөздер құрайды.

五十歩百歩 - еш айырмашылық жоқ, 羊頭句肉 – алдамшы түр, т.б. Сондай-ақ, екінші топтың біраз бөлігіне әлемдік мәдениет, әдебиет және тарих негіз болады. Мысалы: トロイの木馬 – Трояндық ат, 十字架を負う – крест тағу, т.б.

Ал енді публицистикалық стилдегі тұрақты сөз тіркестері белсенді қалыптасу және қолдану аясымен сипатталады (қазіргі қоғамның ұжымдық бұқаралық қызметінің түрлі салалары: ғылыми-техникалық, халықаралық, мәдени, спорт, т.б.) және бұл стилдегі тұрақты сөз тіркестері белгілі бір дәрежеде интернационалды болып келеді. Яғни, басқа тілден енген кірме сөздер көп. Мысалы: こうさいんをおくる – рұқсат ету, バトンタッチ – эстафетаны беру, т.б.

Жалпы ғылыми жанрдың тұрақты сөз тіркестері адамның интеллектуалды сараптамалық іс-әрекеті және оның өнімдерімен байланысты тіркестерден құралған, мысалы: 一行を要する – ойлануды талап ету, 論をまたない – дәлелдерді қажет етпеу, т.б.

2.3 ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ АДАМ ДЕНЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА ЖӘНЕ САРАПТАМА (АЯҚ, ҚОЛ).

Жапон тіліндегі тұрақты тіркестер ішінде мағынасы бірден түсінуге болатын дене мүшелеріне байланысты қолданылатын түрлері өте көп кездеседі. Солардың ішінде аяқ және қолға байланыста тұрақты тіркестер де аз емес. Дене мүшелеріне байланысты қолданылатын тұрақты тіркестердің әр қайсысының өз ерекшеліктері бар деп айтылады.

Бірақ аяқ қолға байланысты тұрақты тіркестер ішінде 「足を抜く」 және 「手を切る」 сияқты мағыналары ұқсас сөздер көп кездеседі. Сондай ақ 「足を抜く」 және 「手を抜く」 сияқты бірдей қолданылған сөзде кездеседі.

Аяқ және қолмен қолданылған тұрақты тіркестерде қандай ерекшеліктер бар екендігін, және осы сияқты ұқсас тіркестерде мағынасы мен құрылысы арасында қандай қатынас бар екенін зерттеп көреміз.

Осы зерттеу жумысында аяқ пен қолға байланысты 「足跡-из」 「足並み-*адым」 「手元 колда бар」 сияқты тұрақты тіркестерді қоспай ақ қол, аяқ+етістік деген жүйе бойынша жасалған тіркестерге ғана тоқталып, аяққа және қолға байланысты жасалынған тіркестерді салыстыры отырып, екі жақты ерекшеліктері мен ортақ тұстары және байланыстары туралы зерттейміз.

Бірінші тұрақты тіркестерді сөйлемдегі сөздердің формасы бойынша зерттеп жүйелеп, сөздердің мағынасын бір бірден қарастырып, классификациялық қорытынды алғаннан кейін сөйлем түрі мен мағыналық байланысын зерттеп қорсетеміз. Сосын, екі жақтың мағынасы аясында жүйелеп салыстырамыз. Соңынан формасы бірдей аяқ пен қолға байланысты тұрақты тіркестерді салыстырамыз.

1. Формасына байланысты салыстыру.

Аяққа байланысты тұрақты тіркестер.

Формасы бойынша жүйелесек үлке 5 топқа бөліп қарастыруға болады.

- 1) 足+が+形容詞 аяқ+ «га» жұрнағы+сын есім
- 2) 足+が+自動詞 аяқ+ «га» жұрнағы+ болымсыз етістік
- 3) 足+に+動詞 аяқ+ «ни» жұрнағы+етістік
- 4) 足+を+他動詞 аяқ+ «га» жұрнағы+болымды етістік
- 5) 足+助詞+名詞+助詞+動詞 аяқ+ жұрнақ+зат есім+ жұрнақ+етістік

1) 足+が+形容詞 аяқ+ «га» жұрнағы+сын есім

Бұл топқа жататын сөздер сирек кездеседі; 足が重い (аяғы ауыр), 足が早い (аяғы шапшан), 足が悪い (аяғы жаман), т.б

- 2) 足+が+自動詞 аяқ+ «га» жұрнағы+ болымсыз етістік

Бұл топ бойынша қозғалып тұратын сөздер төмендегідей;

足がある(аяғы бар), 足が上がる(аяғы көтерілу), 足が付く(аяғы жабысу), 足が出る(аяғы шығу), 足がすくむ(аяғы шалыну), 足が向く(аяқ алысы), 足が遠のく(аяғы бар), 足が詰まる

3) 足+に+動詞 аяқ+ «ни» жұрнағы+етістік

Бұл топ бойынша козге түсетін сөз біреу ғана кездесті;

足に任せる

4) 足+を+他動詞 аяқ+ «га» жұрнағы+болымды етістік

Бұл топ бойынша козге түсетін сөздер төмендегідей;

足を洗う	足を取られる
足を入れる	足を抜く
足を奪われる	足を延ばす
足を食べられる	足を運ぶ
足を拗う	足を引っ張る
足を出す	足を踏み入れる
足を使う	足に向けて寝られない
足を付ける	足を休める
足を突っ込む	

5) 足+助詞+名詞+助詞+動詞 аяқ+ жұрнақ+зат есім+ жұрнақ+етістік

Бұл топ бойынша козге түсетін сөздер төмендегідей;

足が地に着く
足が地に着かない
足が棒になる
足を棒にする
足の踏み場もない

Қолға қолданылатын байланысты тұрақты тіркестер.

Формасы бойынша жүйелесек үлке 5топқа бөліп қарастыруға болады.

1) 手+が+形容詞 қол+ «га» жұрнағы+сын есім

2) 手+が+自動詞 қол+ «га» жұрнағы+болымсыз етістік

3) 手+に+動詞 қол+ «ни» жұрнағы+болымсыз етістік

4) 手+も+動詞 қол+ «мо» жұрнағы+ етістік

5) 手+を+他動詞 қол+ «о» жұрнағы+болымды етістік

6) 手+助詞+名詞+助詞+動詞 қол+ жұрнақ+зат есім+ жұрнақ+етістік

7) その他 тағы басқа

1) 手+が+形容詞 қол+ «га» жұрнағы+сын есім

Бұл топ бойынша козге түсетін сөз үшеу ғана кездесті;

手が早い
手が長い
手が悪い

2) 手+が+自動詞 қол+ «га» жұрнағы+болымсыз етістік

Бұл топ бойынша козге түсетін сөздер төмендегідей;

手が要る
手が上がる
手が空く
手がある
手が掛かる
手が利く
手が切れる
手が込む
手が付く
手が付かない
手が付けられない
手が出る

手が出ない
手が出せない
手が届く
手がない
手が入る
手が離せない
手が離れる
手が塞がる
手が回る
手が回らない
手が見える
手が焼ける

3) 手+に+動詞 қол+ «ни» жұрнағы+етістік

Бұл топ бойынша қозғалыс сөздер төмендегідей;

手に余る	手に立つ
手に合わない	手に付かない
手に入れる	手に取るよう
手に負えない	手に成る
手に落ちる	手に乗る
手に掛ける	手に入る
手にする	手に渡る

4) 手+も+動詞 қол+ «мо» жұрнағы+ етістік

Бұл топ бойынша қозғалыс сөз біреу ғана кездесті;

手も無く

5) 手+を+他動詞 қол+ «о» жұрнағы+болымды етістік

Бұл топ бойынша қозғалыс сөздер төмендегідей;

手を上げる	手を組む	手を取る
手を合わす	手を加える	手を握る
手を合わせる	手を拱く	手を抜く
手を入れる	手を差し伸べる	手を濡らさず
手を打つ	手を下げる	手を延ばす
手を返す	手を締める	手を離れる
手を掛ける	手を擦る	手を払う
手を貸す	手を染める	手を引く
手を借りる	手を出す	手を広げる
手を切る	手を使う	手を迷わす
手を食う	手を突く	手を回す
手を砕く	手を尽くす	手を結ぶ
手を下す	手を付ける	手を焼く

手を緩める

手を休める

手を汚す

手を煩わす

6) 手+助詞+名詞+助詞+動詞 қол+ жұрнақ+зат есім+ жұрнақ+етістік

Бұл топ бойынша қозғалыс түсетін сөздер төмендегідей;

手が後ろに回る

手も足もない

手も力もない

手に汗を握る

手に手を取る

7) その他

Бұл топ бойынша қозғалыс түсетін сөз біреу ғана кездесті;

手が空けば口が開く

Қол мен аяқ қолданылатын тұрақты тіркестер формасы бойынша жүйелесек бірінші үлкен сын есімдік тұрақты тіркестер, етістікті тіркестер, тағы басқалар деп үш топқа бөліп қарастыруға болады. Сын есімді тұрақты тіркестер формасы өзгеріске түсе алады. Етістікті тұрақты тіркестер құрамаында екі және үш сөйлем бар тіркестер деген топқа бөлінеді

Қол мен аяққа байланысты айтылатын тұрақты тіркестер 「足(аяқ)・手(қол)+が(жұрнақ-га)+動詞(етістік)」、「足(аяқ)・手(қол)+に(жұрнақ-ни)+動詞(етістік)」、「足(аяқ)・手(қол)+を(жұрнақ-о)+動詞(етістік)」、「足(аяқ)・手(қол)+も(жұрнақ-мо)+動詞」 деп 4 топқа бөлінеді. 3 сөйлемді топ дегеніміз

「足(аяқ)・手(қол)+助詞(жұрнақ)+名詞(зат есім)+助詞(жұрнақ)+動詞(етістік)」 деген формадағы тіркестер.

Мағыналық жағынан салыстыру

「足 аяқ」 тұрақты тіркестері.

1) Адамның жай күйіне жағдайға байланысты қолданылатын тіркестер

Бұл топтағы тіркестер белгілі бір уақыттағы жағдайды негізге алып жасалады. Негізінен ішкі және сыртқы жағдайға байланысты жасалатын тіркестер деп екі топқа бөлінеді.

Ішкі жағдайға байланысты жасалатын тіркестерге көңіл күй, сезім сияқты көзге көрінбейтін адамның ішкі сезімдерін бейнелейтін сөздер. Сонымен қатар белгілі бір затқа қатысты немесе қатыссыз қолданылатын топтар да кездеседі. Ол зат дегеніміз белгілі бір затқа қатысты немесе қатыссыз қолданылатын топтар да кездеседі. Ол зат дегеніміз белгілі бір мақсатты бағытты білдіретін етістік болуы тиіс. Осындай заттар 「が-га」、「を-о」、「に-ни」、「から-кара」 сияқты жұрнақтар арқылы көрсетіледі.

Мысалы; 「あの男は気が多過ぎて、何をやっても足が地に着かない。」

「私が今日あるのは早川さんのおかげなのだから、あの人に足を向けて寝られない。」

Жоғарғы мысалдарда 「足が地に着かない-аяғы жерге тимеу.」 формасы бойынша 「地--жер」 сөзі арқылы адамның жылдамдығы анықталып тұр. Сондай ақ 「足を向けて寝られないаяқ бағытымен уйықтай алмау」 деген тіркесті алсақ, кімнің аяғы және неге уйықтай алмайды даген сұрақ туындап белгілі бір аталған зат болмағандықтан бұл сөйлем толық аяқталмаған сөйленге ұқсап тұр.

Осыған байланысты затқа қатыссыз мына мысалды қарастырсақ 「生魚は足が早いから気を付けなさい」, 「見舞いに行かなければならないと思うのだが、^{なまざかな}癌^{がん}で助からないことが分かっているので、足が重くなる。」

「生魚は足が早い балықтың аяғы жылдым」と 「足が重くなる аяғы ауырлап кету」 деген тіркестерде бағытталған зат болмаса да мағынасы толық. Затқа қатыссыз тіркестер біреу ғана кездеседі 足が重い (Аяғы ауыр) Затқа қатысты тіркестер үшеу ғана кездеседі.

足が地に着く (аяғы жерге тию)

足が地に着かない (аяғы жерге тимеу)

足を向けて寝られない (аяғын қаратып уйықтай алмау)

2) Сыртқы жағдайға байланысты қолданылатын тіркестер.

Сыртқы жағдайға байланысты жасалатын тіркестерге адамның көзге көрінетін эмоциясы көңіл күйі сезімдерін көрсететін тіркестер жатады. Сонымен қатар белгілі бір затқа қатысты немесе қатыссыз қолданылытын топтар да кездеседі Затқа қатыссыз жасалатын тіркестер төртеу кездесті

足がある (аяғы бар)

足が早い (аяғы шапшаң)

足が悪い (аяғы ауыр)

足の踏み場もない (аяқ басар жер жоқ)

Затқа қатысты жасалатын тіркестер кездеспеді.

2) Өзгерісті білдіретін тіркестерде белгілі бір затқа қатысты немесе қатыссыз қолданылытын тіркестер деп екіге бөлінеді

Мысалы; 「一度やくざの世界に足を入れると、容易には抜けられなくなるそうだ。」

「東京に行ったついでに、神戸まで足を延ばした。」

「何度も足を運んで、やっと面会が許された。」

Осы мысалдарды саралап көрсек 「足を入れる (аяғын салу)」 「足を延ばした (аяғын тарту)」 сияқты тіркестерде аяғын қайда неге салғанын немесе аяғын неге және қайда тартады деген сұрақ туындауы мүмкін.

Іс қимылды білдіретін етістікті негізге алып жасалынбаса тұрақты тіркестердің мағынасы шолақ әрі түсініксіз болып қалады.

「何度も足を運んで (Аяғын бірнеше рет ауыстырды)」 деген тіркесте затқа қатысы бар бірақ мұнда етістік арқылы іс қимыл анықталып тұрғандықтан тіркестің мағынасы толық.

Затқа қатыссыз өзгерісті білдіретін тіркестер.

Сыртқы ортадағы заттарды негізге алмай-ақ кез келген өзгерісті көрсететін тіркестерге ішкі және сыртқы сезімдерді білдіретін тіркестердің екеуі де жатады және ырықты және ырықсыздық мағынасын білдіретін тіркестер деп екіге бөлінеді.

Ырықты мағыналық дегеніміз сөйлеуші өзінің еркімен қалауымен сол кездегі жағдайға байланысты іс әрекет жасауы болса, ырықсыз мағыналық дегеніміз сөйлеуші өз еркінсіз сол уақыттағы жағдайға байланысты іс әрекет жасау көрсетеді.

Затқа қатыссыз өзгеріс : ырықты мағыналық тіркестер; 「足(аяқ)+が³(журнал-ға)+自動詞(ырықты етістік)」 деген форма арқылы жасалады. Кей кездері 「足(аяқ)+を(журнал-о)+他動詞 ырықсыз етістік」 формасы да кездесуі мүмкін.

3. ЖАПОН ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.

3.1 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жапон тілі мен қазақ тілінің фразеологизмдерін салыстырмас бұрын, бірінші тарауда қазақ тілінің фразеологизмдері туралы, қазақ тілі фразеологизмдерінің ерекшелігі мен бөлімдері, түрлері туралы жазылды. Ал зерттеу жұмысының екінші тарауы жапон тілінің фразеологизмдері туралы, жапон тілі фразеологизмдерінің түрлері мен өзіне тән ерекшеліктерін камтыған. Осылайша екі елдің тұрақты сөз тіркестері туралы туралы мағлұматтарға қаныққаннан кейін, екі елдің фразеологизмдерін салыстыруды жөн көрдік. Фразеологизмдерді салыстырмас бұрын екі тілдің шығу тегіне біраз тоқталайық. Әр түрлі тілдердің өзара туыстастығы, туыстас тілдердің топтары дүние жүзіндегі тілдерді тарихи және салыстырмалы зерттеудің нәтижесінде, салыстырмалы-тарихи методтарды пайдаланудың нәтижесінде пайда болды. Келе-келе көптеген тілдер тармақталып, жеке тілдер өрбіген ата тілдер «проязык» пайда болды.

Лингвистика қазіргі тілдерді гениологиялық тұрғыдан ірі алпыс шақты семьяға, ірі топтарға және жеке тілдерге бөледі. Олардың бастылары: Үнді-Еуропа тілдер семьясы, Кавказ тілдер семьясы, Орал тілдер семьясы, Алтай тілдер семьясы, Түркі тілдер семьясы, Австралия тілдері, Эскимос тілдері, т.б.

Сонымен түркі тілдер өз ішінде бірнеше топқа бөлінеді. Ол топтардың әрқайсысына енетін тілдердің әр түрлі топтарға қатысы тілдерге қарағанда, өзара ортақ белгілерімен ұқсас жақтары көбірек болады. Мысалы: қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобы деп аталатын тобына енеді.

Яғни қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ-ноғай тобына жататын болса, жапон тілінің шығу тегіне үнілер болсақ, новосибир лингвистері жапон тілінің шығуынан алтайлық гипотезасын тапты. СИМОР-дың (Сібір аймақтану және халықаралық қатынастар институты) шет тілдер кафедрасының профессоры Юрий Алексеевич Томбовецтің бастауымен оқытушылар мен студенттердің шағын тобы бірінші рет жапон тілінің шығуының фонетикалық жағынан «алтай теориясын» анықтады.

Жапон тілі изоляцияға ұшыраған тілдердің қатарына жататындықтан, лингвистер оны қандай генетикалық семьяға жатқызу керектігі жайында бір шешімге келе алмады.

Жапон тіл білімін зерттеуші И.В.Головниннің еңбектеріне сүйене, жапон тілінің сөз жасам жүйесі мен грамматикалық жағына қарап, жапон тілін түрік тілдер қатарына жатқызған.

Шынымен де жапон тілі мен қазақ тілінің сөйлем құрылысы мен ретті санымен қатар грамматикасы өте ұқсас. Өзге ұлттармен салыстырғанда қазақ жастарына жапон тілін оқып үйрену соншалықты қиындық туғызбайды. Сондай-ақ жапон тілі мен қазақ тілінің фразеологизмдерін салыстыру екі тілдің

сөйлем құрылысы ұқсас болғандықтан, грамматикасы ұқсас болғандықтан онша қиындық туғызбайды деу әбден орынды.

Ал енді жапон тілі мен қазақ тілінің фразеологизмдеріне келейік. Екі елдің тұрақты сөз тіркестерінің айырмашылықтарына қарағанда ұқсастықтары өте көп. Екі елдің де тұрақты сөз тіркестерінің анықтамасы мынадай: сөзбе сөз аударуға келмейтін, толық мағыналы, семантикалық жағынан тұтас, толығымен номинациялы, мативтелінбейтін, ажыратылмайтын бірліктер ретінде анықталатын сөз тіркестері тұрақты сөз тіркестері деп аталады.

Сондай-ақ, екі елдің фразеологизмі де белгілі бір көңіл-күйді сипаттаушы, басқа бір сөздің эквиваленті ретінде қолданылатын сөздер болып табылады.

Жапон тілінде тұрақты сөз тіркесін анықтау үшін қазақ тіліндегі оның негізгі тілдік бірлік пен еркін тіркестен айырмасын, сонымен қатар оның тұрақтылығын көрсететін белгілерін анықтау керек.

Жапон тілінде де, қазақ тілінде де тұрақты сөз тіркестерінің орын тәртібі қатаң тәртіппен сақтаған жөн деп айтып кеттік. Екі тілде де фразеологизмдердің орын тәртібін мағынасына қарай ғана ауыстыра аламыз, десек те, бұл қағида қазақ тіліне тән. Себебі жапон тілінде қатаң тәртіппен құралған тіркестермен қатар орнын ауыстырса да мағынасы өзгермейтін, айтушының еркімен жүретін тіркестер де кездеседі. Жоғарыда келтірілген 仲良

い деген тіркес қазақ тіліндегі «аралары жақсы», «орталары жақсы» деген тіркеске келеді. Жапон тілінде бұл тіркесті 良い仲 деп өзгертуге болады және оның мағынасы өзгермейді. Ал қазақ тіліндегі бұл тіркесті «жақсы аралары», «жақсы ара» деп айту қолайсыз, ал «жақсы орта» деп өзгертілсе мағынасы мүлде өзгеріп кетеді.

Жапон тілінің фразеологиялық бейнеленуі барлық жағдайда ережеден ауытқи алады.

Жапон тіліндегі фразеологизмдер фразеологиялық қосылым, фразеологиялық жіктелім, фразеологиялық топтасу, фразеологиялық бірігу, тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық байланыс деп алты түрге бөліп қарастырылды. Орыс жапонтанушысы И.В.Головнин жапон тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің әр компонентінің қандай жолмен байланысқа түсетіндігін анықтап, жоғарыда аталған алты түрде алып көрсетті. [9, 78]

Қазақ тілінің фразеологизмдерін қазақ фразеологиясын зерттеуші ғалымдары (Кеңесбаев, Г.Смағұлова) негізінен үш топқа бөліп жіктеген:

Фразеологиялық тұтастық – мағына тұтастығы;

Фразеологиялық тіркес – тіркес тиянақтылығы;

Фразеологиялық бірлік.

И.В.Головнин мен қазақ ғалымдарының фразеологизмдерді топтастыруындағы анықтамалары өте ұқсас. Тек И.В.Головнин тіркестердегі әрбір компоненттің байланысу тәсілін шұқшия зерттеу арқылы жапон фразеологизмін алты топқа бөлген. Ал қазақ ғалымдары фразеологизмді тұтасымен үлкен-үлкен үш топқа бөліп қарастырған.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдік тұтастық жапон тіліндегі фразеологизмдік қосылымды ортақ қамтиды. Мағына тұтастығы дегеніміз өзі тұтасып, байланысып кеткен тіркестер туралы айтылып тұрса, жапон тіліндегі фразеологизмдік жіктелім дегеніміз компоненттерді жіктеп жеке алғанда мағынаға ие бола алмайтын, яғни компоненттерінің барлығы қосылғанда ғана өз мағынасын айқындайтын тіркестер. Сонымен қазақ тіліндегі мағына тұтастығы дегеніміздің өзі осы.

Ал жапон тіліндегі фразеологизмдік байланыс пен фразеологизмдік бірігуді қазақ тіл ғалымдары – фразеологизмдік тіркесте, тіркестің тиянақтылығында ашып көрсеткен. Мұнда тұрақты сөз тіркестері компоненттерінің байланысу түрлері, байланысу тәсілдері айтылады. Сондай-ақ қалған екі түрін, фразеологизмдік бірлік пен фразеологизмдік бірігуді алатын болсақ, бұлардың да қазақ тіліндегі фразеологиялық бірлікке анықтамасы сәйкес келеді екен.

Фразеологизмді топтастырғанда жапон тілі мен қазақ тілінде компоненттердің орын тәртібіне аса көп көңіл бөлінген. Қайсы компонент арқылы мағынасы ашылып тұр, қай компоненті басымырақ байланысқа түсіп тіркестің мағынасын ашып тұр, байланыс түрі қандай деген сияқты сұрақтар екі ел тілінде де басты мәселе болған.

Жапон тілі мен қазақ тілінің фразеологизмінің тағы бір ұқсастығы - тіркестің тиянақтылығы, орын тәртібіндегі ерекшеліктер. Бұл дегеніміз жапон фразеологизмін қазақ тіліне аударуда сол сөздің қазақша баламасын біліп, компоненттерін орналастыру тәртібі де қиындыққа түспейді деген сөз.

Мақал-мәтелдермен қатар еліктеуіш сөздердің фразеологизм болып кетуі де көптеп кездеседі. Кейде еліктеуіш сөздер фразеологиялық тіркес құрамына бір компонент ретінде ғана еніп, сол тіркестің мағынасын толықтырып тұрса, кейде бір тіркестің мағынасы осы еліктеуіш сөзге байланысты болып тіркестің құрамына осы еліктеуіш сөз енгенде ғана мағынасы айқындалады.

Бұл қағида қазақ тіліне де, жапон тіліне де тән:

ギリギリ歯をならす – тісін қышырату (бір нәрсеге ашуланғанда);

ガツガツ食べる – асап-асап жеу, комағайлану;

ガヤガヤ騒ぐ – у-шу болып шулау, у-шу болу;

ギ-ギ-言う – ызың-ызың етіп айту, көп сөйлеп мазаны алу;

ゴタゴタ集める – қалай болса солай жинау;

ゴチャゴチャになる – сапырылысып кету;

グルグル回る – шыр көбелек айналу, тағы басқа осындай тұрақты сөз тіркестерінде тіркестердің мағынасы осы омонимдер арқылы айқын ашылып тұр. Мұндағы **ギリギリ**, **ゴタゴタ**, **グルグル** сөздері етістіктермен қосылып осы іс-қимылдардың қандай дәрежеде жүріп жатқанын ашып тұр.

Қазақ тілінде де еліктеуіш сөздер етістіктің мағынасын ашу ролін атқарып фразеологизмге әсерлеуші компонент ретінде енеді.

Фразеологизмнің құрамындағы ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерген еңбек жоқ. А.В.Кунин «Ағылшын-орыс фразеологиялық сөздігінің» «фразеологизмді орналастыру» бөлімінде «бастаушы сөз – константалар» туралы айтылады. Ғалымның айтып отырған бастаушы, жетекші сөздері айтылғалы отырған ұйытқы сөздерге жуықтайды.

А.В.Кунин сөздікте фразеологизмді тұрақты тіркеске қазық жетекші болып тұрған сөздердің алфавиттік ретімен береді. Мысалы, ұйытқы сөз «big» болатын болса, әуелі «big» сөзі бөлініп алып, әрі қарай «Big Ben», «big card», «big business», т.б. деп орналастырған. А.В.Куниннің айтуынша, фразеологиялық сөздіктерде жетекші сөздерді бөліп алу тұрақты тіркестің мағынасын түсінуді, сөздікті қолдануды жеңілдетеді. [22, 178]

3.2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ АДАМ ДЕНЕСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫН ТАЛДАУ.

Жапон тілі фразеологизмінің ұйытқы сөздеріне келер болсақ, жапон тілінде адамның дене мүшелеріне байланысты фразеологизмнің өте көп екені анықталады. Міне, бұл да қазақ тілі мен жапон тілінің фразеологизмінің ұқсастығына тағы бір жағын көрсетеді. Жапон тілінде де, қазақ тілінде де «көз», «қол», «аяқ», «ауыз», «мұрын» сөздерімен айтылатын тұрақты сөз тіркестері өте көп. Сонымен қатар, екі халықтың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүріне, мәдениетіне байланысты фразеологизмдер өте көп.

Жапон және қазақ тілдерінің фразеологиялық қорында табиғат құбылыстары мен қоршаған дүние заттарына, жан-жануарлар, аспан денелеріне табынудан туған, яғни культтік мифологиялық дүниетанымның әсерінен пайда болған фразеологизмдер көптеп саналады. Аспан денелеріне, көк тәңіріне, жан-жануарларға, ата-баба аруағына сиыну – жапон халқында да, қазақ халқында да патриархалдық рулық құрылыстың қалыптасқан заманында шыққан. Дегенмен, әр халықтың өмір сүрген ортасының климаттық ерекшеліктеріне, соған байланысты жан-жануарлар, мал мүлік, материалдық мәдениеттегі өзгешеліктерге байланысты табыну салт-жаралғылары да әр түрлі болып отырған.

Фразеология ұлттық құбылыс. Тіл-тілдің фразеологиялық қор арқылы біз тұтас бір мәдениеттің куәсі бола аламыз. Өйткені, тіл мен мәдениет өзара қарым-қатынаста өмір сүреді, яғни тілдің субъектісі мен адресаты – мәдениеттің де субъектісі болып табылады. Демек «мәдениеттегі мешеулік» тілдегі мешеулікпен тікелей байланысты.

Кез-келген тілдегі фразеологиялық қорды сан жағынан, әрі мазмұны жағынан байытып тұратын фактор – сол тілде сөйлеуші халықтың рухани және материалдық мәдениеті.

Адамның өз айналасын, ақиқат болмысты тануы көру ағзасы – *көздің* атқаратын қызметінің арқасында жүзеге асады десек, адамның дене құрылысындағы маңызды мүше – көз арқылы кеңістіктегі заттар мен құбыстардың белгі-нышандары, кескін-кейпі, мөлшер-көлемі, мән-маңызы т.б. қасиеттері ажыратылады, анықталады. Көздің анатомиялық орган ретінде нақты қызметі адамның айналасын көзбен шолып, қабылдауынан туындайды, яғни адам көздің көмегімен өзін қоршаған әлемді танып, пайымдайды, бағамдайды. Көз арқылы адам сыртқы дүниеге әсер етіп қана қоймай, көрген құбылыстарының кеңістіктегі орналасу тәртібін, көлемін, әр түрлі қасиеттерін бағамдайды (*көз жетер жер, көз шалым жер, көз мөлшерімен алғанда, көзді ашып-жұмғанда, көз жүгіртті, көзге қорап, көздің жауын алады* т.б.), яғни қазақ тілі көздің тек көру қызметін ғана емес, көздің «өлшеудің құрал-сайманы» бола алатын қызметін де *көз таразы, көңіл қазы* деп нақты атап көрсетеді. Демек дүниенің қарабайыр

бейнесінде көздің өлшемдік қызметіне негізделіп «адамның ең нәзік сезімдерін түзетін квазиорган» – көңілдің «анатомиялық» интерпретациясы жасалады. Мәселен, дүниенің қарабайыр бейнесінің *көңілге түсті* «көз алдына елестеді», *көңіл аудармады* «назар аудармады, мән бермеді», *көңілмен қарамады* «ықылас-пейіл танытпады», *көңіліне қарады* «ренжіткісі келмеді», *көңілі ашылды* «сергіді, серпілді», *көңіл аударды* «назар аударды» сияқты моделдері адам денесінде дүниені танудың, қабылдаудың көзге көрінбейтін реалды емес, заттық тұрпаты жоқ сезім органы болатынынан хабар береді. Бұл көрінбейтін органда кимыл-қозғалыс бар, яғни «қарайды», «аударарды», «саларды», «өседі» т.б. Онда нақты қара, көк, сұрғылт сияқты өң-түс жоқ, бірақ ол да көз секілді «қараяды», «ағарады»: *көзі қарайды* – «ашу-ызадан түк көрмей қалды», / *көңілі қарайды* – «торықты, еңсесі түсті», *көзі ағарды* «зар еңіреді» / *көңілі ағарды* «өкпе-реніші арылды». Реалды орган ретінде көз – ашылатын, жұмылатын, ұйқыға кететін болса, реалды емес сезім органы – ашық, үнемі ояу, ырғи сергек: *көзі ашық көңілі ояу* – «сауатты, бір нәрсенің байыбына бара алатын адам». Өмірде көзі соқыр кәріп жандар айналасын осы ең жоғарғы дәрежеде дамыған материалды емес сезім органы – көңіл арқылы қабылдайтыны, сезетіні, танитыны хақ. Реалды орган – *көз* адамның психикалық күйінің белгілі бір сәтін бейнелесе (*көзі жарқ ете қалды, көзі парлады, көзіне қан құйылды*), реалды емес сезім органы – *көңіл* адам сезімінің сәттерін тоғыстыратын, біріктіретін қасиетке ие. Мәселен, бір жақын адамнан хабар алмаған кезде немесе бір істің нәтижесін күткен жағдаятта адамда болатын әлсіз қорқыныш, аздаған қауіп, тағатсыздық, жылт еткен үміт сияқты қым-қиғаш сезімдер арпалысын *көңілдің алаң болуы* білдіре алатын болса, *көңілдің босауы* адамның босансу, қобалжу, қамығу, толқу сияқты сезімдер тоғысын бейнелейді, мұндай сезім күйі сыртқа көзге жастың келуі арқылы лықсып шығады, яғни адамның «көзіне жас алуы» «босансыған көңілдің» сыртқы симптоматикасы. Демек реалды материалдық сезім органы – *көз* арқылы реалды емес квазиорган – көңілде шоғырланатын адамның қуаныш-бақыты, шаттығы, реніші, күйініші, сүйініші, мейірім-мерейі, қиял-арманы, тілегі, ықылас-пейілі т.б. танылады.

Ал жапон елінде тіпті қай елде болмасын көз арқылы кеңістіктегі заттар мен құбыстардың белгі-нышандары, кескін-кейпі, мөлшер-көлемі, мән-маңызы т.б. қасиеттері ажыратылады, анықталады. Көздің анатомиялық орган ретінде нақты қызметі адамның айналасын көзбен шолып, қабылдаудың туындайды, яғни адам көздің көмегімен өзін қоршаған әлемді танып, пайымдайды, бағамдайды. Көз арқылы адам сыртқы дүниеге әсер етіп қана қоймай, көрген құбылыстарының кеңістіктегі орналасу тәртібін, көлемін, әр түрлі қасиеттерін бағамдайды. *目がグラグラする* (көзі айналу) – көзінің алды

тұмандану, қарауыту. (басы айналған кезде айтылады); **目が利く** (көзбен іске кірісу) – көзі өткір; **目が暗いうち** (көзі қара кезінде) – көзі тірісінде; **恋人に目がない** (көзі жоқ) – сүйіктісіне келгенде көзі жоқ; **目が高い** (көзі жоғары) – талғамы жақсы, көзі ашық; **目が血走る** (көзіне қан құйылу) – көзіне қан толу; **長い目で見ると** (ұзақ көзбен қарау) – көзін тігу, көзін салу; **目から見れば** (көз арқылы қарасаң) – біреудің көзқарасымен (көзқарасы бойынша); **目に会う** (көзімен кездесу) – көзіне түсу; **目に見えない** (көзге көрінбейді) – көзге түспеу; **目にもものいわず** (көзімен сөйлеу) – мағыналы көзқарас тастау; **目に涙をためて** (көзіне жас толтырып) – жанарына жас тұну; **目にたつ** (көзде тұру) – көзге түсу; **目に止まる** (көзге тоқтау) – көз тоқтату; **目のみである** (көздің уы) – көздің жауын алады; **目の正月** (көзге жаңа жыл) – қызығып қарау, рахаттану, көзі тойғанша қарау; **目を奪う** (көзін ұрлау) – көз тұндырар; **目にかたきにする** (көзге қас болу) – көзге күйік болу; **目と鼻の間だ** (көз бен мұрын арасы) – қас пен көздің арасы; Адамның іс әрекетін сипаттауда адамның дене мүшелерін жанама мағанада қолданып жасалған тұракті сөз тіркестері қазақ тілінде де жапон тілінде де көптеп кездеседі. Мысыл ретінде адамның өр көкіректігін білдіретін жапон тіліндегі “**鼻を高くする**” (мағынасы - менсінбеу, тура аудармасы: мұрнын биік ету) тіркесі мен адамның менсінбегендігін білдіретін қазақ тіліндегі “**мұрнын шүйіру**” немесе “**танауын көтеру**” т.б алуға болады.

Неге жапон және қазақ тіліне ортақ мұрын сөзінің іс әрекетін көрсету арқылы адамның іс ірекеті сипатталады деген сұрақ туындайды. Осы ғылыми жұмыста жапон және қазақ тілдеріндегі мұрын сөзі қолданылған тұрақты сөз тіркестерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға тырысамыз. Анығырақ тоқталсақ екі тілдегі мұрын сөзінің анықтамасын лингвомәдениет саласы бойынша қарастырып, анықтап, одан кейін тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы мұрын сөзінің сол сөйлемді құрауға қаншалықты ықпал ететінін анықтап зерттеу.

Зерттеу тәсілі ретінде когнитивті лингвистика тәсілдері метафора және метонимия негізінде анализ жүргіземіз.

Когнитивті лингвистикада жанама мағынасындағы негізгі ойды түсіну қиын болғандықтан сөйлемді тура мағынасындағы түсінігін негізге ала отырып түсінетін когнитивті лингвистика формасын метафора деп атаймыз. Осы формаға байланысты біздің ортақ түсінік жүйеміздің ішіндегі

негізгі бір түсініктен бөлек негізгі мағынасымен байланысып тұратын жанама түсінік пайда болады деп айтылған.

Ортақ түсінік жүйесінің ішінде пайда болған түсінік пен оның жанама мағынасындағы түсінігі арасындағы байланысты Lakoff және Johnson (1980) метафора деп атаған.

Lakoff және Johnson(1980) ұқсастықты негізге ала отырып, жанама мағынадағы негізгі ойдан бөлек метафора тәжірибелі ұқсастық (experiential similarity)] және тәжірибелі айырмашылық (experiential cooccurrence)] деп аталатын екі түрлі қатынасқа негізделген нәрсені көрсетеді.

Сондай – ақ, Lakoff (1987,1993) Lakoff және Johnsonның(1980) метафора теориясы дамып, метафораны ортақ түсінік жүйеміздің «бейнесі, сызбасы (mapping)] етіп, «менгеру көзі (source domain)] арқылы «мақсатты менгеруді (target domain)] суреттеп анықтайды. .

Метафора –екі нәрсені қубылысты салыстыру және жанастырып жақындастыру негізінде жасалған кең мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

Метонимия – троптың бір түрі (грекше ауыстыру, қайтадан атау) өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету.

3.3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ӨЗАРА САЛЫСТЫРУ.

Айта кететін нәрсе – екі тіл фразеологизмінің мақал-мәтелдерге қатысы. Мақал-мәтелдердің фразеологизмге жақын жері тілде даяр тұрған қалпын өзгертпей қолданылу және тұжырымды оймен қатар бейнелі шират жатады. Фразеологизмді бір тілден басқа тілге аударғанда олардың әрбір компонентіне көңіл бөліп, мағынасына үніле отырып аударсақ, ол мақал-мәтелдер тура немесе сөзбе-сөз аударуға оңай көндіре аламыз деген қазақ тілінің анықтамасы жапон тіліне де тән.

Жапон тілінде фразеологизм немесе мақал деп анық айта алмайтын тіркестер де кездеседі: *会うは別れの初め* – кездесу қоштасудың басы; *過ちおらためざるこれを過ちと言う* – қателікті түзеген – қателік; *言わぬは言うに勝る* – айтпау айтудан жақсы; көрдім деген сөп сөз, көрмедім деген жоқ сөз; *痘痕も欲望* – сұлу сұлу емес, сүйген сұлу; *買うはもうに勝る* – сатып алу біреуден алғаннан жақсы; *多かれ少なかれ* – азды-көпті (аз ба, көп пе).

Бұл тіркестер жапон тілінде ертеден келе жатқан ескі тіркестер болғандықтан, бұрыннан қолданысқа түсу барысында фразеологизм ретінде де, мақал-мәтел ретінде де қолданылып жүрген тіркестер. Осылайша мұндай тіркестерді фразеологиялық сөздіктен де, мақал-мәтел сөздігінен де кездестіруге болады.

Ал қазақ тілінде мұндай қиындық туғызатын фразеологизмдер жоқ деп айтуға болады.

Қазақ тілінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің арақатынасы өте күрделі. Кең мағынада мақал-мәтелдер және оларға жақын қанатты сөздер фразеологизмдерге жатқызылап жүр. Бірақ олардың фразеологизмдерге жатқызылуы әлі толық шешілген мәселе емес. Бұлардың фразеологизмдерге қатысын түсіну үшін, алдымен мақал-мәтелдердің тілдік сипатын, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін, бір-бірінен айырмасын түсіну қажет. Мақал мен мәтел бір-біріне ұқсас болғанымен, құрылымы, білдіретін мағынасы жағынан бірдей емес.

Мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан гибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз. Мақал формасы жағынан аяқталған сөйлем іспеттес. Мақалдардың көпшілігі екі компонентті, яғни құрмалас сөйлем типдес болып келеді (*түстік өмірің болса, кештік мал жина; ер бір рет өледі, ез мың рет өледі*; т.б.). мағынасы жағынан екі компонентті мақалдың алдыңғы бөлімінде бір нәрсенің жайы не әрекеттің жағдайы, шарты пайымдалса, кейінгі бөлімінде соған қатысты қорытынды, түйінді пікір тұжырымдалады (*бір кісі таққа отырсы, екі кісі атқа отырады; ер арыса аруақ, ат арыса тулақ*; т.б.). Бірақ мақалда айтылатын

ойдың өзара шарттылығы міндетті болмай, логикалық жағынан бір-біріне ұқсас өмірдегі құбылыстар оның екі бөлімінде де пайымдау түрінде берілуі мүмкін. Мысалы: *су басынан бұзылады, балық басынан шіриді; адам құлақтан азады, көңілден семіреді*; т.б.

Мақал дәл мағынасында да, ауыспалы мағынасында да айтылады. Мысалы: *туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас; еңбек ширатады, өмір үйретеді* дегендер дәл мағынасында, ал *ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер; адам аласы ішінде, мал аласы сыртында; иттің иесі болса, бөрінің таңірі бар* дегендер ауыс мағынада жұмсалып тұр. Дегенмен, қазақ тіліндегі мақалдардың көпшілігін ауыс мағынада қолданылу тән сияқты.

Мақалдардың арасында да синонимдік кездеседі. Мысалы: *кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол - өзге елге ұл болғанша, өз еліңде құл бол; жекен жерінде көгереді, ер елінде көгерер; әркімнің өз жері – Мысыр шаһары* т.б. мақалдар бір-бірімен синонимдік қатынаста тұр.

Ал мәтелге келсек, жоғарыда мақалға берілген анықтаманы оған да беруге болады. Мәтел де халық даналығынан туған, мағынасы уағыз, өсиетке негізделген, құрылымы көркем, ырғақты, әрі ықшам сөз үлгісі. Мәтелдің мақалдан айырмасы – мәтелде айтылатын ой-пікір мақалдағыдай емес, негізінен жанама түрде астарлау, мензеу түрінде берілетіндігінде. Мысалы: *кісідегінің кілті аспанда, естіген құлақта жазық жоқ, сұлуынан жылуы, жаман күйеу қайынсақ, күлегештің тұзы жеңіл, таз әулекі, соқыр әңгүдік* деген мәтелдерде мақалдағыдай байымдау, оны қорытындылау жоқ, тек бір жағдайды жанамалап, мензеп, тұспалдап білдіру ғана бар. Демек, мақал мен мәтелдің айырмасы – олардың мағынасына байланысты, білдіретін ой-пікірдің (мағынасының) білдірілу тәсілінде. Ой-пікір, ұғым мақалда неғұрлым анық, ашық айтылса, мәтелде тұспалдап, жанамалап, мензеп айтылады. Мәтел құрылымы жағынан көбінесе жай сөйлем іспеттес, бір құрылымнан тұрады. Мысалы: *саудада достық жоқ, қорыққанға қос көрінеді; заманына қарай амалы; бөрік кигеннің намысы бір; ер кезегі үшке дейін; соқыр ат қотыр атқа үйір; тентек шоқпар жинайды*; т.б.

Қанатты сөздер – тарихи көрнекті қоғам қайраткерлерінің, ойшылдар мен көркем сөз шеберлерінің, ғалымдардың шығармаларында немес фольклорлық, публицистикалық туындыларда кездесетін қолданылуы тұрақты, бейнелі, терең мағыналы нақыл сөздер, афоризмдер. Мақал-мәтел сияқты қанатты сөздер де айтайын деген ойды мәнерлеп жеткізу үшін, стилистикалық тәсіл ретінде жұмсалады. Мысалы: Абайдағы *білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез; әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң арқалан; тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын; әкенің баласы болма, адамның баласы бол*; т.б.; Ыбырайдағы *кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықылыспен тоқылық; аурудан аяған күштірек; байлық қанағатта*; т.б.; М. Әуезовтегі *бөрінің артынан бөлтірік ақылдылығынан ермейді; ар жазасы ең ауыз жаза* т.б. қанатты сөздердер айтуға жеңіл ықшамдылығымен, көркемділігімен, терең мағыналылығымен мақал-мәтелдер сияқты халық арасына кең тарап кеткен.

Тарихи тұрғыдан қарағанда қанатты сөздер мақал-мәтелдердің қорын байытатын негізгі көз болып табылады. Осы күнгі мақал-мәтелдер бір кездерде ақылгөй, дана адамдардың аузынан шығып, замандар бойы халық қолданысында әбден екшеліп, қырналып, жетіліп, біздің заманымызға жеткен қанатты сөздер сияқты, бірақ олар бастапқы қалпын, авторларын сақтамаған. Қанатты сөздер грамматикалық құрылысы жағынан мақал-мәтелдер тектес әр түрлі формада кездеседі.

Фразеологизмге мақал-мәтелдердің қатыстылығын және олардың бір-бірінен айырмашылығын фразеологизмдерге тән белгілер тұрғысынан қарап анықтауға болады. Осы тұрғыдан қарағанда, фразеологизмдерге тән құрылым тұрақтылығы, даяр қалпында жұмсалып тиянақтылығы, бейнелілігі, мәнерлілігі сияқты белгілер мақал-мәтелдерді фразеологизмдерге жатқызуға себеп болған.

Фразеологизмнен мақал-мәтелдің негізгі айырмасы олардың мағыналық ерекшеліктеріне, яғни семантикалық жағына байланысты. Мақал-мәтелді фразеологизмдерге жатқызуға күмән тудыратын да осы жайт. Мағына тұтастығы – фразеологизмдердің негізгі белгілерінің бірі. Фразеологиялық мағына фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарына тәуелді емес, яғни лексикалық мағынада қолданылып, қайта жаңғыртылуынан (десемантикалануынан) пайда болған, екінші қатардағы жинақты мағына. Сол себепті, фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде танылады.

Жалпы екі тілдегі тұрақты сөз тіркестеріндегі басты айырмашылық қазақ тілі фразеологизмдерге өте бай және компоненттік құрылымы жағынан қарапайымнан бастап күрделіге дейін бірнеше компонентті болып келеді және сөз таптарының барлығының дерлік қатысуы арқылы жасалады. Ал басты ерекшелік негізінен тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық құрылымына байланысты деуге болады. Себебі фразеологизмдер екі тілде де ұзақ уақыт бойындағы тарихи дамудың нәтижесі, рухани, материалдық мәдениеттің көрсеткіші десек, бірі Азияның шығысында, бірі орталығында жатқан, тұрмыс-салты, діні, ділі жағынан да өзге ұлттардың ерекшеліктерінің тұрақты сөз тіркестерінде де көрініс алуына таңдануға болмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ұлтының әлем жайлы қордаланған білімін, яғни дүние суретін, дүние-әлем туралы қазақы ұғым-түсініктерді лингвистикалық, семиотикалық, философиялық, мифологиялық, поэтикалық, мәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеу – Қазақстандық гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі тың да, өзекті мәселе. Бұл мәселеде, әсіресе ұлттық тілдің қалыпқа түсіп, әбден сүрленген кіші жүйесін құрайтын тұрақты оралымдардың (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты теңеулер) қазақи дүние бейнесін қалыптастыруға қатысын айқындаудың маңызы зор. Себебі олар – тіл иесінің дүние-әлем туралы жинақтаған білім қорының архаикалық қабаты, көне формалары көрініс табатын дүниенің қарабайыр бейнесін сомдаушы тілдік модельдер.

«Адам санасының тәндік базисі мен тіл» арақатынасын «тіл және мәдениет» контекстінде зерделеу лингвистикалық зерттеудің когнитивтік және мәдениеттанымдық амал-тәсілдердің тоғысын талап етеді. Себебі көптеген ұғымдық және тілдік категориялар түптеп келгенде адамның дене бітімі мен дене мүшелерінің атқаратын қызметтерінің ерекшеліктеріне қарай пайда болатыны, мұнда адамның дене бітімі туралы ұғым-түсініктер адамның тәндік табиғаты мен оның тілі, сондай-ақ шындық болмысты тануы, дүниені көруі, қабылдауы, түсінуі арасындағы дәнекер қызметінде жұмсалатыны байқалады. Мұнда басшылыққа алынатын прагматикалық эгоцентризм адамның танымдық іс-әрекетін адамның когнитивтік өрісіне оңтайлы, жайлы етіп құрастырады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдер бір жағынан, дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментін түзуші тілдік модельдер болатын болса, екінші жағынан, олар – адамның өз организмнің құрылыс-құрылымы, жұмыс істеу жүйесі, дене мүшелерінің атқаратын белгілі бір қызметі арқылы өзі өмір сүретін ортасын бейнелеп тануына байланысты жинақтаған аялық білімді саралауға апаратын тілдік код болып саналады. Басқаша айтқанда, адамның жүріс-тұрысы, қимыл-қылығы, іс-әрекеті, бет-әлпеті, сөйлеу әрекеті т.б. арқылы көрініс беретін адамның ішкі әлемі «симптоматикасының» тілдік бейнесін, адамның «қарабайыр анатомиясы мен физиологиясы» және «қарабайыр физиономиясы» туралы тілде бекіген білім қорын зерделеуде соматикалық фразеологизмдер «адам және оның ортасы» аралық байланыстың соматикалық коды қызметін атқарады.

Соматикалық фразеологизмдерді концептуалдық тілдік құрылымдар деп те санауға болады. Өйткені адамның өзін өзі өмір сүретін әлемнің бөлшегі ретінде тануынан туындайтын концептуализация белгілі бір әлеуметтік-мәдени және тілдік қауымдастық үшін «занды» болып есептелетін «дүние - әлем және адам» туралы стереотипті ассоциативтік-бейнелі түсініктер негізінде жүзеге асатындықтан, адамның денелей алған тәжірибесінің адам қоғамының әлеуметтік жай-жапсарына қатысты ұғым-түсініктерді жинақтап, «концептуалдық-метафоралық» деңгейге көтерілуі соматиздерді мәдениеттің коды ретінде тануға жетелейді.

Қазақ тілінің соматикалық фразеологиясы этностың өмір сүретін құндылықтар әлемінің құрамдас бөлігі – адамның өзін-өзі тануына, өзі арқылы айналасын, ортасын, ақиқат шындықты тануға мүмкіндік береді. Тілдің бұл қабаты этномәдениет өкілінің әлемді өзі арқылы, өзінің ішкі болмысы мен сыртқы келбеті арқылы қабылдауын, тануын, пайымдауын суреттейді, қоршаған ақиқат болмысты адамның «қарабайыр анатомиясы» мен «қарабайыр физиологиясы» туралы ұғым-түсініктер арқылы моделдеуін көрсетеді.

Сонымен қорыта келгенде, қазақ және жапон тілдеріндегі фразеологизмдер жалпы тіл білімінің ортақ ерекшеліктеріне бағынады.

Жалпы фразеологиялық тіркестер мазмұны бай, көлемі шағын, көркем халық шығармасы, тілдің бөлекше сипаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері. Белгілі бір халықтың қоғам тіршілігіне, табиғат құбылысына, күнделікті өмір шындығына берген бағасы, өмір сүру барысында байқап-білген құбылыстарға берген атауы. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі айрықша көрінер жері фразеологизмдер болып табылады.

Тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық белгілері арқылы қазақ тіліндегі фразеологизмдер тілдің өзге категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім бейнесімен дербес өмір сүреді деген қорытындыға келуге болады. Дегенмен, тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық сияқты белгілер дәл өз мағынасында тілдің басқа элементтерінен де табылатынын байқауға болады. Алайда, бұл аталған үш белгіні түгел қамтитын қасиет кез-келген сөзден, сөйлемнен табыла бермейтінін ескеру керек. Ондай белгілердің екеуі болып, бірі болмаса немесе біреуі ғана болып, екеуі болмаса ешбір грамматикалық тұлға грамматикалық бірлік дәрежесіне көтеріле алмайды. Фразеологиялық бірліктегі аталған үш белгі оның ажырамас, бөлінбес, іштей өзектесіп жататын қасиеті. Сондықтан, қазақ тіліндегі фразеологизмдер тілдің басқа категорияларынан ерекшеленіп, өзіндік бітім бейнесімен дербес тұрады.

Фразеологизмдерге тән үш түрлі ортақ белгі болғанымен, бұлар бір-бірінен әрдайым ашық ажыратыла бермейді. Бұл белгілер, әсіресе мағына тұтастығы, біреуінен ап-айқын көрінсе, екіншісінен көмескі, үшіншілерінде өте солғындау болып кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді түр түрге бөліп топтастыру тіл біліміндегі ең күрделі де қиын мәселелердің бірі болып саналады. Зерттеушілердің бір тобы тұрақты тіркестің біртұтас мағынасы мен солардың құрамындағы ара қатынасына қарай жіктеп бөлсе, екіншілері құрылым құрылысы жағынан, үшіншілері атқаратын қызметі мен стильдік мәні жағынан топтастырды. Орыс тіл білімінде академик В. Виноградовтың классификациясын негізге алып бөледі. Қазақ тіл білімі де осы классификацияны бірден-бір арқау етеді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер де фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек болып негізгі үш топқа жіктеледі.

Фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің сөз табына қатысы деген мәселе өте күрделі. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерді тұтас жинақтап, қайсысы қай сөз табына жатады деп есептеу мүмкін емес.

Фразеологизмдерді лексика-семантикалық мағыналық-тақырыптық жағынан саралау, жіктеу, морфологиялық жағына қарағанда «икемге» келеді. Ал тұрақты тіркес тұлғаларын белгілі бір сөз табы деп айту қиын, алайда негізгі сөз табына орайлас келіп, сөйлемдегі бір мүшенің қызметін атқарады. Қайсысының қай сөз табына қатыстылығы тек шартты түрде семантикалық құрылымына қарай, ішкі мағына тұтастығына және сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарап қана төмендегідей межелеуге болады.

1. Етістікті мағыналы фразеологизмдер;
2. Есім мағыналы фразеологизмдер;
3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер;
4. Одағай тұлғалы фразеологизмдер;
5. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер;
6. Сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеологизмдер.

Фразеологизмдердің құрамы оны құрайтын компоненттер санына байланысты. Қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде де фразеологизмдер құрамында ең кем дегенде екі лексикалық бірліктен жасалып, көбейе беретіндігін табиғи құбылыс деп қарасақ, қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы компоненттер саны да бұл заңдылықты дәлелдейді. Екі-үш компонентті фразеологизмдерден бастап, жеті-сегіз компоненттерге дейін барады.

Жапон тілінде де басқа тілдердегідей фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері бар. Жапондықтардың айтуы бойынша фразеологизмдер сөйлемде басқа бір сөздің эквиваленті ретінде қолданылатын сөздер болып табылады. [Осындай тілдік бірліктер өзгеріске түспейтін тіркестер, фраземалар, фразеологиялық мағыналар, фразеологиялық айналымдар, идиоматикалық тіркестер деп те аталады

Жапон тілінде тұрақты сөз тіркестерінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі әр түрлі тілдік стилдің өз қолданысындағы фразеологизмдерінің болуы және олардың өзіндік сипаттарға ие болуы. Атап айтатын болсақ, ауызекі қолданыстағы тұрақты сөз тіркестері экспрессивті стилистикалық бояуда көрініс алып, идентификациялауға қиындық туғызады. Сондай-ақ ауызекі тілдегі тұрақты сөз тіркестері негізінде тұрмыс-салттың белгілері, халық дәстүрлері жатқан айқын ұлттық колоритпен ерекшеленеді. Ұлттық колорит басқа стилдегі фразеологизмдерге де тән, бірақ ауызекі тілде сәл басқаша.

Жалпы фразеологизмдерге тән ерекшеліктері, құрылымы жағынан екі тілдің де тұрақты сөз тіркестері де ортақ ережелерге бағынады екен. Дегенмен де, екі тілдің фразеологиялық бірліктерін салыстыру ерекше қызықты мәселе деуге болады. Екі тілдің ең ұқсас тұстары компоненттерінің орналасу тәртібінде, жапон фразеологиясын қазақшаға аудару өте оңай, мысалы, «көкөрого хирой» болса тура осы тұрған калпында «жүрегі кен» деп аударуға болады. Екі тілдің фразеологизмдеріне ортақ тән белгі екі тілде де мақал-мәтелдердің фразеологизмдер ретінде қолданылатындығы. 3.1 тарауда көрсетілгендей көптеген фразеологизмдер бір-бірінің баламасы болып табылады.

Жалпы екі тілдегі тұрақты сөз тіркестеріндегі басты айырмашылық қазақ тілі фразеологизмдерге өте бай және компоненттік құрылымы жағынан қарапайымнан бастап күрделіге дейін бірнеше компонентті болып келеді және сөз таптарының барлығының дерлік қатысуы арқылы жасалады. Ал басты ерекшелік негізінен тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық құрылымына байланысты деуге болады. Себебі фразеологизмдер екі тілде де ұзақ уақыт бойындағы тарихи дамудың нәтижесі, рухани, материалдық мәдениеттің көрсеткіші десек, бірі Азияның шығысында, бірі орталығында жатқан, тұрмыс-салты, діні, ділі жағынан да өзге ұлттардың ерекшеліктерінің тұрақты сөз тіркестерінде де көрініс алуына таңдануға болмайды.

Жалпы екі тілдегі тұрақты сөз тіркестеріндегі басты айырмашылық қазақ тілі фразеологизмдерге өте бай және компоненттік құрылымы жағынан қарапайымнан бастап күрделіге дейін бірнеше компонентті болып келеді және сөз таптарының барлығының дерлік қатысуы арқылы жасалады. Ал басты ерекшелік негізінен тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық құрылымына байланысты деуге болады. Себебі фразеологизмдер екі тілде де ұзақ уақыт бойындағы тарихи дамудың нәтижесі, рухани, материалдық мәдениеттің көрсеткіші десек, бірі Азияның шығысында, бірі орталығында жатқан, тұрмыс-салты, діні, ділі жағынан да өзге ұлттардың ерекшеліктерінің тұрақты сөз тіркестерінде де көрініс алуына таңдануға болмайды.

Жалпы жапон және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра отырып жасалған қорытынды олардың өзара айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтарының басымырақ екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Карасик В.И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности: сб. научн. трудов. – Волгоград: Перемена, 2001. – С. 3-16.
2. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері – Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б. – Б. 11
3. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001. – С. 208
4. Оразалиева Н.Ә. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: фил. ғыл. докт. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2007. – 46 б.
5. Сағидолла Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003.
6. Дайырбекова М. Адам анатомиясы. – Алматы: «Медицина баспасы», 2002. – 288 б.
7. Виноградов В. В. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. // Избранные труды, т. 3. Лексикология и лексикография. – Москва, 1977;
8. Виноградов В. В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке // Сб. «Шахматов», изд. АН СССР. Москва, 1996. – 211 б.
9. Шанский Н. М. Лексимология современного русского языка. – Москва: Высшая школа, 1972. – 84 б.
10. Копыленко М. М., Балакаев М. Русско-казахский фразеологический словарь. – 1989 – 25 б.
11. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1998. – 192-193 б.
12. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 38 б.
13. Головин И. В. Вопросы японской филологии. Москва: изд. Московского Университета, 1973. – 136 б.
14. 日本通史. 慣用句・諺の謎にこだわる本.
15. 森田良行著. 日本人の発想・日本語の表現. - 東京: 中央公論社, 1998
16. Вардудь И. Ф. Вопросы японского языка. – Москва: Наука, 1971. – 7 б.
17. Тумаркин П. С. Лексика. Фразеология. Жест в японской разговорной речи. – Москва: Восток-Запад, 2004. – 5 б.
18. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 103, 110-111 б.
19. Қайдаров А.Т. Жайсақова Р.Е. Принципы классификации фразеологизмов // Известия АН КазССР. Серия филологическая. – 1979. - №3. – 2-3 б.
20. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 39 б.
21. Сираиси Дайдзи. Нихонго-но хассо: гогэн, идиому. – Токио, 1961. – 493 б.

22. Архангельский В.Л. Устойчивые фразы в современном русском языке. – Ростов-на-Дону, 1964. – 7 б.
23. Мельчук И. А. О терминах «устойчивость» и «идиоматичность» // «Вопросы языкознания». Москва, 1960. - №4
24. Бабкин А. М. Русская фразеология, ее развитие и источники. – Ленинград: Наука, 1972. – 264 б.
25. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.
26. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 239 б.
27. Вардудль И. Ф. Вопросы японского языка. – Москва: Наука, 1979. – 104 б.
28. Вардудль И. Ф. Грамматика современного японского языка. – Москва: Наука, 1968.
29. Виноградов В. В. Основные понятия русской фразеологии. – Ленинград, Высшая Школа, 1964. – 201 б.
30. Головнин И. В. Вопросы японской филологии. Москва: изд. Московского Университета, 1973.
31. Головнин И. В. Грамматика современного японского языка. – Москва: изд. Московского Университета, 1986. – 316 б.
32. Дәулетова Ф. Н. Лингвомәдениеттану кытай және қазақ тілдеріндерінің салғастырмалы фразеологиясы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2000.
33. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
34. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
35. Сираиси Дайдзи. Нихонго-но хассо: гогэн, идиому. – Токио, 1961.
36. Телия В. Н. Что такое фразеология. – Москва: Наука, 1966.
37. Тумаркин П. С. Лексика. Фразеология. Жест в японской разговорной речи. – Москва: Восток-Запад, 2004. – 248 б.
38. Шанский Н. М. Лексимология современного русского языка. – Москва: Высшая школа, 1972.
39. Шанский Н. М. Фразеология современного русского языка. – Москва: Высшая школа, 1985.
40. Шахматов А. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. – Москва, 1974.
41. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 383 б.
42. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1996.
43. Быкова С. А. Японско – русский фразеологический словарь. – Москва: Муравей-Гайд, 2000. – 272 б.
44. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999. – 532 б.
45. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. (ҚТФС). – Алматы: Ғылым, 1977.
46. Кокугогагу дзитен. – Токио, 1961.

47. Копыленко М. М., Балақаев М. Русско-казахский фразеологический словарь. – 1989.
48. Кунин А. В. Англо – русский фразеологический словарь. – Ленинград: изд. Ленинградского университета, 1978. – 208 б
49. Кэнкюся. Японско – русский словарь. – Токио: изд. Кэнкюся, 2000. – 1183 б.
50. Қожахметова Х., Жайсақова Р. Е., Қожахметова Ш. О. Қазақша – орысша фразеологиялық сөздік. Қазақско – русский фразеологический словарь. – Алма-ата, 1988.
51. Лаврентьев В. П. Японско – русский и русско – японский словарь. Москва: Русский язык, 1999. – 864 б.
52. Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва, 1990.
53. Ожегов С. И. Словарь русского языка. – Москва, 1988. – 750 б.
54. Фельдман-Конрад Н. И. Большой японско-русский словарь. – Москва, 1997. – 1394 б. (2 томдык)
55. Алпатов В.М. История и культура Японии. – Москва, Институт востоковедения РАН – Издательство: «Крафт+», 2002. – 211 с.

Қосымша

Тұрақты тіркестер	оқылуы	Тура аудармасы	мағынасы	Қазақ тіліндегі ұқсас тіркес
あし				
足が出る	Ashi ga deru	Аяғы шығу	Бір нарсе жетіспегенде	Сіңірі шығу
足が地につ いていない	Ashi ga chi ni tsuite inai	аяғы жерге тимуе	қуаныштан аяғын сезбеу, ұшып жүргендей сезілу	Аяғы аяғына тимей
足がつく	Ashi ga tsuku	Аяғы жабысу	Бір орнынан козғалмау	аяғын шегелеп қойғандай
足の向くほ うへ行く	Ashi no muku hou e iku	аяғы тартқан жаққа жүру	Жүргісі келген жаққа бару	басы ауған жаққа жүру
足が重い	Ashi ga omoi	ауыр аяқ	Барлығы келмеген жерге аяғын арен сүйреп бару	аяғы ауыр
足を空に	Ashi o sorani	аяғы аспанға	Қуану	екі аяғы аспаннан келу
足を踏み粉 木にして歩 く	Ashi o surikogi ni shite aruku	Аяғын санап басу	Мүқият болу	аяғын аңдап басу
足音をつけ る	Ashioto o tsukeru	Аяқ даусына сай жүру	ізін аңду	із кесу
足がつく	Ashi ga tsuku	Аяғы жабысу	Бір орнынан козғалмау	аяғын шегелеп қойғандай
足音から鳥 が立つよう に	Ashioto kara tori ga tatsu youni	аяғының астында торғай тұрғандай	аяғына аяғы тимуе, тез жүргенде	бір аяғы анда, бір аяғы мұнда
足が付く	Ashi ga tsuku	Аяғы жабысу	Бір орнынан козғалмау	Аяғын шегелеп қойғандай
足を引っ張 る	Ashi o hipparu	Аяғын тарту	Алға тарту. жетелеу	
顔				
顔が青い	Kao ga aoi	беті көк	Ұрысқак адам	Көк бет, сойса қаны шықпас
顔が向けら	Kao ga mukerarenai	беті бұрылмау	Ұялу	қарауға беті жөк

れない				
顔が広い	Kao ga hiroi	беті кең	танысы көп	Ашық жүзді
顔に泥を塗る	Kaoni doru o nuru	бетіне кір жағу	біреуді ұятқа қалдыру	бетіне салық салу
顔の色がかわえる	Kaono iro ga kaeru	бетінің түсі өзгеру	Көңіл күйі өзгеру	бет бейнесі өзгеріп кету
顔を汚す	Kao ga yogosu	бетін бұлғап тастау	ұятқа қалдыру	бетіне кара күйе жағу
顔を曇らせる	Kao o kumoraseru	бетін бұлт жабу	Көңіл күйі болмау	Қабағынан қар жауу
顔を落ち着ける	Kao o otisukeru	бетін тыныштандыру	түріндегі өзгерісті байқатпау	бет-бейнесін сақтау
顔を撃める	Kao o hiromeru	бетін тыржиту	жақтырмай қалу;	Аузын шұртиту
暖かい顔	Atataikai kao	жүзі жылы	Мейірімді	Жылы жүзді
顔色を読む	Kaairo o yomu	бетінен оқу	Айтпаса да белгілі	бетінде жазылып тұру
顔から寒い風がふく	Kaokara samui kaze ga fuku	бетінен суық жел соғу	жүзі суық	салқын жүзді
顔をそむける	Kao o somukeru	бетін бұру	Тындалмау	теріс айналып кету
顔向けできない	Kao mukedekinai	көзге көрінуге ұялу	Ұялу	карауға беті жоқ
頭				
頭が上がらない	Atama ga agaranai	басы көтерілмейді	Ұялу	басы салбырау
頭が下がる	Atama ga sagaru	Басын түсіру	Өзін төмендету	басын ию
頭がある	Atama ga aru	басы бар	Ақылды	миы бар
頭が悪い	Atama ga warui	басы жаман	Ақымақ	басы істемейді

頭を悩ます	Atama o nayamasu	басын кинау	Ығырын шығару	басын катыру
頭が働く	Atama ga hataraku	басы жұмыс істеу	Ақылды	миы істейді
頭がフラフラする	Atama ga furafurasuru	Басы айналу	Бір токтамға келе алмау	басы шыр көбелек айналу
顎				
顎が落ちるほど甘い	Ago ga otiruhodo amai	иегі құлайтындай дәмді	Дәмді	сілскейді шұбыртады
顎であしらう	Agode ashirau	иегімен қарым-қатынасқа түсу	менсінбеу	мұрнының астымен қарау
耳				
耳がたたまる	Mimi ga tatamaru	Құлақты тұндыру	Көп әңгіме есту	құлағы тұнып қалу
耳のタコができる	Mimino tako ga dekiru	құлағы жара болып кету	естіп-естіп құлағы ауыру	Құлағының құрыш етін жеу
耳に入る	Mimini hairu	құлағына кіру	Ұйыта тындату	Құлағының құрышын қандыру
耳を傾ける	Mimi o katamukeru	құлағын еңкейту	Құлақ салу	құлағын тігу
耳を立て向ける	Mimi o tatemukeru	Құлақты бұру	Назар салып тындау	құлақ қойып тындау
耳をなりがす	Mimi o narigasu	Құлақты шулату	Сол адам жайлы айтқанда	құлағын шулату
耳へ入る	Mimi e hairu	Құлағына кіру	Есту	құлағына жету
耳鳴り	Miminari	Құлағы шулау	Сол адам жайлы айтқанда	құлағы шуылдау
目				
目がグラグラする	Me ga guragurasuru	көзі айналу	басы айналған кезде айтылады	көзінің алды тұмандану
目が利く	Me ga kiku	көзбен іске	Жоспарлай	

目が暗いうち	Me ga kurai uti	кірісу көзі кара кезінде	бастау Өлмес бұрын	көзі тірісінде
恋人に目がない	Koibitoni me ga nai	сүйіктісіне келгенде көзі жок	Ессіз махаббат	
目が高い	Me ga takai	көзі жоғары	талғамы жақсы	көзі ашық
目が血走る	Me ga chibashiru	көзіне қан құйылу	Ашулану	көзіне қан толу
長い目で見 る	Nagai mede miru	ұзақ көзбен қарау	көзін салу	көзін тігу
目に会う	Me ni au	көзімен кездесу	Кездесу	көзіне түсу
目に見えない	Me ni mienai	көзге көрінбейді	көзге түспеу;	
目から見れば	Mekara mireba	көз арқылы қарасаң	көзқарасы бойынша	біреудің көзқарасымен
目にもものい わず	Me ni monoivasu	көзімен сөйлеу	мағыналы көзқарас тастау	
目に涙をため て	Me ni namida o tamete	көзіне жас толтырып	Жылау	жанарына жас тұну;
目にたつ	Me ni tatsu	көзде тұру	Көріну	көзге түсу
目に止まる	Me ni tomaru	көзге тоқтау	Назар салу	көз тоқтату
目のたくである	Me no dakudearu	көздің уы	Қызықтыру	көздің жауын алады;
目の正月	Me no shyougatsu	көзге жаңа жыл	қызығып қарау, рахааттану	көзі тойғанша қарау;
目を奪う	Me o ubau	көзін ұрлау	Қызықтыру	Көздің жауын алу
目にかたき	Me ni katakini suru	көзге қас болу	Көз алдынан шықпау	көзге күйік болу

にする				
目と鼻の間だ	Me to hanano aida	көз бен мұрын арасы	Жақын	кас пен көздің арасы
口				
開いた口が塞がらない	Hiraita kuchi ga fusagaranai	ашық аузы жабылмау	Таң қалу	аузы аңкию
口が悪い	Kuchi ga varui	аузы жаман	тілі ашы	Сөзбен шағып алу
口が重い	Kuchi ha omoi	аузы ауыр	Тұйық адам	Сөзін сатып алу
口がかるい	Kuchi ga karui	аузы жеңіл	Әңгіме айтатындар	Аузына сөз тұрмау
口が干上がる	Kuchi ga hiagaru	аузы (тілі) кеуіп қалу;	Шөлдеу	Тілі таңдайына жабысу
口で言えない	Kuchide ienai	ауызбен айта алмайсын	Айтып жеткізу мүмкін емес	айтуға тіл жетпейді
口にでかける	Kuchini dekakeru	аузынан шығып кету;	Сыр сактай алмау	Ашық ауыз
口を閉じる	Kuchi o tojiru	аузын жабу	Сыр білдірмеу	жұмған аузын ашпау
肩				
肩がかるくなる	Kata ga karuku naru	иығы жеңілдеп қалу	Ауыртпалықтан арылу	иығынан ауыр жүк түскендей
肩で息をす	Katade iki o suru	екі иығымен дем алу	Өзер демалу	Екі иығынан су кету
肩の荷がおける	Kata no nig a okeru	Иықтан жүк түсті	Жеңілдеу, ауыртпалықтан құтылу	иығынан ауыр жүк түсу
肩を並べる	Kata o naraberu	иық тіркестіріп тұру	Амандасқанда төс қағыстырды мағынасында	Төс қағыстыру

肩身が広い	Katami ga hiroi	Көкірегі кең	Мактан тұту	кең иықты
肩で風をきって歩く	Katade kaze o kitte aruku	иығынан жел соқтыра жүру	Шапшаңдықты айтады	құйындай ұшу
首				
首をかか	Kubi o kakaru	Басын ілу	Байқап көру	басын тігу
首を長くして待つ	Kubi o nagaku shite matsu	мойнын созып күту	Көп уақыт тосу	екі көзі төрт болып күту
髪				
髪の毛がさがだつ	Kami no ke ga sagadatsu	Шашы тұру	Үрку, шошу	төбе шашы тік тұру
手				
手にいったもの	Te ni ittamono	колда бар	Иемдену	колда бар зат
手に入れる	Te ni ireru	колына салу	Бір нәрсеге жету	колы жету
手がかかる	Te ga kakaru	кол кажет	Көмек кажет болғанда айтылады	жұмыс қолы керек
手が上がる	Te ga agaru	кол көтеру	шеберлік өнерге бейім	кол жүру
手に取るように	Te ni toruyouni	колға алғандай	Көру, байқау	колға ұстағандай
手をいれる	Te o ireru	кол тығу	Үрлау	кол салу, сұғанақтану
手を切る	Te o kiru	колын кесу	Үмітін үзу, бас тарту	кол үзу
心				
心がうがく	Kokoro ga ugaku	жүрегі кимылдау	Аяу, есіркеу	жүрегі қозғалу;
心も空に	Kokoro mo sorani	жүрегі аспанда	қуаныштан шалқып жүру	Қуаныштан көкке секіру
心が広い	Kokoro ga hiroi	жүрегі кең	Жаксылыққа жаны құмар адамдарға	Аузын ашса жүрегі көрінетін адам

			айтылады	
気は心で	Ki wa kokorode	жаны жүрегінде	шын көңілімен	жан жүрегімен
心にとめる	Kokoro ni tomeru	жүрегінде қалдыру	Жадында сақтау	жүрегінде сақтау
心の優しい	Kokoro no yasashii	жүрегі жылы	мейірімді	Жүрегі жылы
心の奪う	Kokoro no ubau	жүрегін ұрлау	Еліктіру	Жүрегін жаулау